3. Ү, ө дыбыстарының сипаттамасын еске түсіріңіз, төмендегі буындарды дұрыс айтыңыз.

Вспомнив характеристику звуков ү, ө, правильно произнесите следующие слоги.

бү, бө, гү, гө, дү, дө, жү, жө, мү, мө.

4. Оқыңыз, салыстырыңыз.

Читайте, сравните.

үз — ұз, өз — оз, үм — ұм, өм — ом, үн — ұн, өн — он.


5. Ү, ө дыбыстарының сипаттамасын еске түсіріп, төмендегі буындарды дұрыс айтыңыз.

Вспомнив характеристику звуков ү, ө, правильно произнесите следующие слоги.

үп, өп, үр, өр, үс, өс.

6. Жазыңыз.

Напишите.



7. Дұрыс оқыңыз.

Читайте правильно.

өс — ос, үт — ұт, өт — от, үш — ұш, өш — ош.


өнер [өнөр] — искусство

үйрену [үйрену] — научиться

8. Сөйлемдерді қаратпа сөзбен бірге оқыңыз.

Прочитайте предложения, употребляя обращения.

Ақыл,
Бакыт,
Жакып,
Қанат,
Асқар,
Мағаз,



сен өнер
үйрен.

Жаңа сөздерді дауыстап оқыңыз, есте сақтаңыз.

үлкен [үлкөн] — большой, взрослый
көп — много
өнерлі [өнерлү] — искусный (мастер)
үлгілі [үлгүлү] — примерный
өту — проходить

Сөз тіркестерін оқып, есте сақтаңыз.

үлкен адам — взрослый человек
көп адам — много людей
үлгілі адам — примерный человек
Ахметке сөз бер — Дай слово Ахмету

9. Сөйлемдерді оқып, аударыңыз.

Ол үйге келеді. Үйге көп адам келеді. Үйге үлкен адамдар келеді. Ол ән салады. Ол — үлгілі адам. Роза ән салады. Сен, сөз бер.

10. Сөйлемдерді оқып, оларды сөйлем түрлеріне ажыратыңыз.

Мұрат келеді. Үлкен адамдар көп келеді. Үлкен адам сөз айтады, тыңда. Ақан ән салады. Ақан — үлгілі адам. Ол өлеңді жақсы айтады. Ақанға сөз бер.

11. Тексті оқыңыз, аударыңыз.

Ақмарал — әнші. Ол ән салады. Ақмарал — үлгілі әнші. Ол концерт береді. Ақмарал концертте ән салады. Концерт жақсы өтеді.


Дыбыс үндестігі

Қазақ тілінде түбір мен қосымша, сөз бен сөз аралығындағы дыбыстар бір-біріне әсер етеді.

1. Прогрессивтік ассимиляция

1. Сөздің соңғы дыбысы дауысты, ұяң немесе үнді болса, оған қосылатын қосымша үнді немесе ұяң дыбыстан басталады:

Ақыл,
Бакыт,
Жакып,
Қанат,
Асқар,
Мағаз,



ты учись
искусству.

Прочитайте вслух новые слова. Запомните их.

өлең [өлөн] — песня
сөз — слова
ән — песня (мелодия)
жүру — идти
жүреді — идет
үй — дом

Прочитайте словосочетания и запомните их.

өлең айтады — споет песню
ән салады — песню споет
үйге келді — пришел домой
үйге кетті — пошел домой

Прочитайте и переведите предложения.

Прочитайте предложения, определите типы предложений.

Прочитайте и переведите текст.

Ассимиляция

В казахском языке четко проявляется явление ассимиляции: звуки между корнем и аффиксом, а также между словами влияют друг на друга.

Прогрессивная ассимиляция

1. Если слова оканчиваются на гласный, звонкий, сонорный звуки, то аффикс начинается с сонорного или звонкого звука:

2. Сөздің соңғы дыбысы қатаң дауыссыз болса, қосымша да қатаң дауыссыздан басталады:

2. Если слово оканчивается на глухой согласный, то аффикс начинается с глухого согласного:

ұш-қыш-тар, құс-тар, қонақ-тар, есік-тер.

Жаңа сөздер:

Оқытушыны тыңдап, қайталаңыз. Дауыстап оқып, мағынасы мен жазылуын есте сақтаңыз.

өндіріс [өндүрүс] — промышленность
ғылым — наука
мәдениет — культура
өсу — расти
өзен [өзөн] — река
көл — озеро

1. Мына сөз тіркестерін аударыңыз.

өндіріс
ғылым
мәдениет

өсті

өзен
көл
тау

2. Мына сөздерге қосымша қандай заңдылық бойынша қосылғанын түсіндіріңіз.

Өндірістер, ғылымдар, қалалар, өзендер, көлдер, кластар, таулар, кинолар, билер, өнімдер.

3. Төмендегі сөздерге көптік жалғауын жалғаңыз.

Қыз, ұл, құс, қол, қонақ, ақын, қант, қазақ, ұшқыш, ұста, жұмыс, ғалым, жұмысшы, қала, әке, шеше, әже, ата, әнші, әзіл, есік, дәрігер, аға, іні, мұғалім, аң, аңшы, қасқыр, қоян, оқушы.

Новые слова:

Слушайте, повторяйте вслед за преподавателем. Прочитайте вслух, запомните значение, а также правописание новых слов.

тау — гора
өсті [өстү] — выросло
би — танец
өнім [өнүм] — продукция
болады — будет

Переведите следующие словосочетания.

кино
концерт
би

көп

болады

Объясните, подчиняясь каким законам языка присоединяются аффиксы к следующим словам.

К следующим словам присоедините аффиксы множественного числа.

II. Регрессивтік ассимиляция

Регрессивная ассимиляция

Сөз к, қ, п дыбыстарына аяқталып, оған дауыстыдан басталатын қосымша жалғанса, к, қ, дыбыстары г, ғ дыбыстарына, п дыбысы б немесе у дыбысына өзгереді:

к/г: көк + і — көгі (матаның)
қ/ғ: қонақ + ы — қонағы
п/б: жап + а — жаба
п/у: жап + ып — жауып

Если слово оканчивается на звуки к, қ, п и к нему прибавляется аффикс, начинающийся с гласного звука, то звуки к, қ чередуются со звуками г, ғ, звук п чередуется со звуком б или у:
синий — синева материала
гость — его гость
закрой — закрывая
закрой — закрыв

Бұл заңдылық жазуда да сақталады.

Эта закономерность сохраняется на письме.

1. Мына сөздердің түбіріндегі қатан дыбыстың өзгеру заңдылығын түсіндіріңіз.

Объясните, подчиняясь каким законам языка изменяются последние звуки данных слов?

Көк — көгі, көп — көбі, қонақ — қонағы, қазақ — қазағы, қаймақ — қаймағы, есік — есігі, жоғары шық — жоғары шығыңыз.

2. Сөйлемдерді оқып, аударыңыз, түбірдің соңғы дыбысы қай сөзде және неге өзгергенін түсіндіріңіз.

Прочитайте и переведите предложения, найдите и объясните, в каких словах и почему изменены последние звуки.

Қонағы — Бақыт. Көгі — көл. Көбі — өзен. Ағы — қаймақ. Есігі мықты.

биші — танцор, балерина
билеу — танцевать

билейді — танцует

3. Сөйлемдегі сөздер мен қосымшалар арасындағы заңдылықты атаңыз.

Укажите на закономерности, по которым присоединены аффиксы в данных словах.

Әншілер ән салады. Бишілер билейді. Қонағы көп. Оқушылар жақсы билейді. Үлгілі қыздар көп. Көбі ән салады.

Оқимыз

Почитаем

1. Тексті оқып, аударыңыз, текске тақырып қойыңыз.

Прочитайте и переведите текст. Озаглавьте его.

Жұмысшы ауылда істейді. Ол — үлгілі жұмысшы. Үлгілі жұмысшы ауылда көп жұмыс істейді.

2. Тексті оқып, аударыңыз және оған тақырып қойып, мазмұнын айтыңыз.

Прочитайте и переведите текст. Озаглавьте его и перескажите содержание.

әдемі — красивый // красиво

ән салады — поет

Мағжан — артист. Ол ән айтады, би билейді. Мағжан жақсы ән салады. Ол әдемі билейді. Мағжан өнерлі. Ол — өнер адамы.

3. Тексті оқып, аударыңыз және оның мазмұнын текст соңындағы сұрақтарға сүйеніп айтыңыз.

Прочитайте и переведите текст. Используя его содержание ответьте на вопросы, данные в конце текста.

биік — высокий

жер — земля, местность

ҚӨКШЕТАУ

Қөкшетау — әдемі жер. Қөкшетауда көл көп. Көлдер үлкен, әдемі. Қөкшетауда таулар көп. Олар биік, әдемі. Қөкшетауда өнерлі адамдар да көп.

Сұрақтар:

1. Көкшетау қандай жер?
2. Көкшетаудың көлдері қандай?
4. Тексті оқып, аударыңыз және текске тақырып қойып, мазмұнын айтыңыз.

3. Көкшетаудың таулары қандай?
4. Көкшетауда өнерлі адамдар көп пе?

Прочитайте и переведите текст. Озаглавьте его и изложите основное содержание.

1. Інім -- оқушы. Інім жақсы оқиды. Ол — үлгілі оқушы. Інім — өнерлі оқушы. Ол ән салады, би билейді. 2. Шәмшия — жақсы қыз. Ол — оқушы. Шәмшия жақсы оқиды. Шәмшия — үлгілі оқушы.

Сөйлесеміз

1. Диалогтерді оқып, реплика бойынша қайталаңыз.

1. — Ол кім?
— Мұғалім.
— Ол қандай мұғалім?
— Ол — үлгілі мұғалім.
3. — Бұл не?
— Көл.
— Қай көл?
— Балқаш көлі.
— Балқаш көлі үлкен бе?
— Үлкен.
— Балқаш көлі әдемі ме?
— Балқаш көлі әдемі.
5. — Бұл кім?
— Әлия.
— Әлия қайда жұмыс істейді?
— Әлия институтта істейді.

қашан? — когда?

2. Төменде диалогтің жауабы берілген, сұрақ қойып, толықтырыңыз.

1. — ... ?
— Келеді.
— ... ?
— Ертең келеді.
— ... ?
— Ақан да келеді.
— ... ?
— Ақан да ертең келеді.

Поговорим

Прочитайте диалоги, а затем повторите их по репликам.

2. — Бұл кім?
— Аңшы.
— Қай аңшы?
— Ахмет.
4. — Бұл не?
— Тау.
— Қай тау?
— Алатау.
— Алатау биік пе?
— Алатау биік.
— Алатау әдемі ме?
— Алатау әдемі.
6. — Ол қайда?
— Үйде.
— Ол қашан келеді?
— Ол ертең келеді.

ақ жаңбыр — слепой дождь

Ниже даны ответы на вопросы. Дополните диалоги вопросами.

2. — ... ?
— Қымыз.
— ... ?
— Жақсы қымыз.
3. — ... ?
— Жаңбыр.
— ... ?
— Ақ жаңбыр.

1. Жаңа сөздерді дәптерге жазып, мағынасы мен жазылуын есте сақтаңыз.

өнер — искусство
өнерлі — искусный, мастер
үйрену — обучаться, научиться
өндіріс — производство
өзен — река
көл — озеро
өлең — песня, стих
сөз — слова
би — танец
билеу — танцевать
ән — песня

2. Жаңа сөздерді тіркесте жазыңыз.

Өнер үйрен, өндіріс өсті, ғылым өсті, мәдениет өсті, өнерлі адам, үлкен өзен, әдемі көл, үлгілі адам, жақсы өлең, әділ сөз, әдемі би, жақсы ән, өнім өсті, әдемі жер, би билеу, концерт өтті, өзен көп, көл көп, тау көп.

3. Тексті бірнеше рет оқыңыз, тірек сөздерді тақтаға жазып қойып, текске қысқаша мазмұндама жазыңыз.

Перепишите в тетрадь, запомните значение и правописание новых слов.

ғылым — наука
мәдениет — культура
үлгілі — примерный
өсу — расти
өту — проходить
тау — гора
болу — быть
өнім — продукция
көк — синий
әдемі — красивый
көп — много

Напишите новые слова в словосочетаниях.

Прочитайте текст несколько раз. Напишите на доске опорные слова и изложите его краткое содержание письменно.

ӨНЕРЛІ АДАМДАР

Бақыт, Ақат, Мағзұм, Асқар — өнерлі адамдар. Бақыт — әнші. Бақыт ән айтады. Ол әнді жақсы айтады. Ақат — биші. Ол жақсы, әдемі билейді. Мағзұм — акын. Ол — үлгілі адам. Асқар — ұста. Бақыт, Ақат, Мағзұм, Асқар — үлгілі адамдар.

Жаттаймыз

Мақал-мәтелдер:

1. Қолда бардың — қадірі жоқ.
2. Еңбегіне қарай — өнбегі.
3. Бақыттың алды — келісім.
4. Жаман туыстан — жақсы жолдас артық.

ЛЕНИН

Бұл дүниенің пайғамбары —
 Ленин,
 Төмен таптың ой, айтары —
 Ленин.
 Шам-шырағы ақиқаттың
 жанған,
 Айқын жолы адамзаттың
 шаңқан.

Учим наизусть

Пословицы и поговорки:

1. Что имеем — не ценим.
2. По труду и плоды.
3. Счастья начало — согласие.
4. Добрый друг лучше плохой родни.

ЛЕНИН

Ленин — свобода, если ты
 батрак
 Ленин — бой: за равенство бой
 священен.
 Ленин — знамя великих атак.
 Твердая политика и
 мудрость — Ленин.

Зор майданның ұраны да —
Ленин,
Келешектің құраны да —
Ленин
Төмен таптың қолбасшысы —
Ленин,
Жаңа тұрмыс жолбасшысы —
Ленин
(Сәкен Сейфуллин)

Ленин — солнца лучи на
железе оков,
Он — заря после ночи
изгнания.
Он — смертелен для наших
врагов,
Красная кровь красного
знамени.
(Перевод В. Виноградова)

КОММЕНТАРИЙ

Сәкен Сейфуллин (1894—1938) — классик и основоположник казахской советской литературы, революционер, государственный и общественный деятель, член Коммунистической партии с 1918 г.



ФОНЕТИКА

Дауыссыз *h* дыбысы

Согласный звук *h*

h дыбысының сипаттамасы Характеристика звука h	Жуан не жіңішке сөзде В твердых или мягких словах	Дыбыстың сөздегі орны Место звука в слове	Дыбыстың артикуляциясы Артикуляция звука
Қатаң, ызың	Жуан сөзде де, жіңішке сөзде де	Сөз ортасында, сөз соңында	Ауа көмейден кедергісіз шығады. h — көмейлік дыбыс.
Твердый с предыханием	В твердых и в мягких словах	В середине и в конце слова	Воздух проходит через гортань без помех. h — гортанный звук.

1. Тыңдаңыз, қайталаңыз.

Слушайте, повторяйте.

h, h, h, h, h


2. Тыңдаңыз, қайталаңыз.

Слушайте, повторяйте.

yh, eh, oh ...

3. Жазыңыз.

Напишите.



4. **h** дыбысының сипаттамасын еске түсіріп, дұрыс айтыңыз.

Вспомнив характеристику звука **h**, произнесите правильно следующие сочетания звуков.

aha, oho, ehe ...

Одағай

Междометие

Куаныш (радость): *алақай*.
 Өкініш (сожаление): *әттең, қап, әттеген-ай, туһ*.
 Құптау (одобрение): *бәрекелді, пәлі*.
 Таңдану (удивление): *оһо, пәлі, ойпырмай*.
 Қорқу (испуг): *ойбай, оһ, аһ, ойпырмай*.
 Шаршау (усталость): *уһ*.
 Қаратпа (обращение): *уа, әй*.
 Жекіру (требование, прекращения): *жә, тәйт, тек*.
 Шақыру (призыв животных): *моһ-моһ, шөре-шөре*.

1. Мына сөйлемдердің түрлерін ажыратыңыз, одағайларды табыңыз.

Определите, какие это предложения по эмоциональной окраске. Найдите междометие.

шаршау — уставать, устать

1. Кім бұл? Аһ, кім бұл?!
 Шаршадым. Уһ, шаршадым!
 Жақсы. Оһо, жақсы!

2. Бұл көп. Ой, бұл көп!
 Отыр. Жә, отыр!
 Апа. Уа, апа!

2. Сөйлемдерді айтылу мақсатына қарай ажыратыңыз. Сөйлемнің айтылу ырғағына көңіл бөліңіз. **Һ** дыбысын дұрыс айтыңыз.

Определите вид следующих предложений по цели высказывания и эмоциональной окраске. Следите за интонацией. Произнесите правильно звук **һ**.

— Гауһар, келе ме?
 — Келеді.
 — Қаһарман ше?

— Қаһарман да келеді.
 — Оһо, жақсы болды!

3. Мына сөйлемдерді жазып, одағайлардың астын сызыңыз.

Перепишите предложения, подчеркивая междометия.

Ойбай, бұл не?! Әй, отыр! Уа, қай ұлсың? Алақай, кино болады! Қап, Бағлан-ай! Әттең, сен екенсің! Бәрекелді, Ақан! Түу, кандай адам?! Жә, болды!

ГРАММАТИКА

Етістіктің болымсыздық
жұрнағы

Аффиксы отрицания глагола

Сөздің соңғы дыбысы Последний звук слова	Болымсыздық косымша Аффикс отрицания	Мысалдар Примеры
Дауысты, сонор <i>р, л</i> дыбыстарынан соң После гласных, сонор- ных звуков <i>р, л</i>	-ма, -ме	ұстама — не держи тұрма — не стой жүрме — не ходи келме — не приходи

Ұяң, сонор <i>м, н</i> дыбыс- тарынан соң После звонких и сонор- ных звуков <i>м, н</i>	-ба, -бе	жазба — не пиши қуанба — не радуйся
Қатаң дыбыстан соң После глухих соглас- ных	-па, -пе	жатпа — не ложись (лежи) ұшпа — не летай өтпе — не переходи ішпе — не пей

1. Мына етістіктерге болымсыздық жұрнақтың қосылу заңдылығын айтыңыз.

Скажите, по каким видам ассимиляции присоединены аффиксы отрицания в следующих глаголах.

Құйма, алма, келме, әкелме, ұшпа, айтпа, тұрма, берме, қайтпа, жүрме, отырма, шықпа, сағынба, қуанба, ашпа, әперме, ішпе, жатпа.

тану — узнать

2. Етістіктерге болымсыздық жұрнақтың тиісті дыбыстық вариантын қосып оқыңыз.

Прочитайте следующие глаголы, употребляя подходящие аффиксы отрицания.

таны		әкел		ұш	
ұста	-ма	әпер	-бе	қайт	-ма
отыр		істе		жат	
тұр	-ме	биле	-ме	айт	-па
сұра		кел		шық	

3. Сөйлем соңындағы көп нүктенің орнына етістіктің болымсыздық жұрнағын қойып, сөйлемдерді жазыңыз.

Перепишите предложения, вставляя в глаголы вместо многоточия аффиксы отрицания.

Сен кел...	Сен отыр...	Сен айт...	Сен қайт...
Сен биле...	Сен өт...	Сен іш...	Сен істе...
Сен жат...	Сен құй...	Сен бер...	Сен қуан...

4. Төмендегі етістіктермен лепті сөйлем жасаңыз.

Составьте восклицательные предложения со следующими глаголами.

Келме, айтпа, отырма, тұрма, ұстама, барма, әкелме.

5. Мына сөздерді дауыстап бірнеше рет оқыңыз, соңынан жатқа жазыңыз.

Прочитайте вслух, повторите, запишите по памяти следующие слова.

күз — осень
күзде [күздө] — осенью
пісу — поспеть, свариться
пісті — поспел, сварился, готов

жеу — есть
жейді — будет есть
жеміс — фрукты
алма — яблоко


алмұрт — груша
қарақат — черная смородина

шие — вишня

ЗАПОМНИТЕ!

В казахском языке сказуемое всегда находится в конце предложения.

6. Мына сөйлемдерді оқыңыз, баяндауыш сөйлемнің қай жерінде тұрғанына көңіл бөліңіз.



Алма, алмұрт күзде піседі.
Қарақат, шие жазда піседі.

Асан алма жейді.
Асан күзде алмұрт жейді.
Гүлсім шие жейді.
Гүлсім жазда қарақат жейді.

Яблоки, груши поспеют осенью.
Черная смородина, вишня поспеют летом.

Асан ест яблоки.
Асан осенью ест грушу.
Гулсим ест вишни.
Гулсим ест летом черную смородину.

7. Көп нүктенің орнына етістіктің болымсыздық жұрнағын қойып оқыңыз.

Прочитайте словосочетания, вставляя вместо многоточия аффиксы отрицания.

Жеміс
Алма
Алмұрт
Қарақат
Шиe

піс...ді. Асан

алмұрт
жеміс
алма
қарақат
шиe

же...ді.

Жаңа сөздер:

Новые слова:

Тыңдаңыз, қайталаңыз, дауыстап оқып, мағынасы мен жазылуын есте сақтаңыз.

Слушайте и повторяйте. Прочитайте вслух, запомните значение и правописание новых слов.



көкөніс [көкөнүс] — овощи
сәбіз — морковь
пияз — лук
қияр — огурец
қарбыз — арбуз

қауын — дыня
сарымсақ — чеснок
егу — садить, сеять
екті — посадил, сеял
биыл — нынешний год

8. Жаңа сөздердің сөйлемде қолданылуына көңіл бөліңіз.

Обратите внимание на употребление новых слов в предложении.

Сәбіз
Қияр
Пияз
Қауын
Қарбыз
Сарымсақ

екті.

Морковь
Огурцы
Лук
Дыню
Арбуз
Чеснок

посадил.

9. Көп нүктенің орнына етістіктің болымсыздық жұрнағын қойып, әр сөйлемді жеке жазыңыз және аударыңыз.

Напишите предложения, вставляя вместо многоточия аффиксы отрицания и переведите их.

Ол $\begin{matrix} \text{пияз} \\ \text{сәбіз} \\ \text{қияр} \end{matrix} \rightarrow \text{ек...ді.}$ Ол $\begin{matrix} \text{қауын} \\ \text{қарбыз} \\ \text{сарымсақ} \end{matrix} \rightarrow \text{ек...ді.}$

10. Әр сөйлемді жеке оқып, аударыңыз.

Прочитайте каждое предложение и переведите.

Көкөніс
Сәбіз
Қияр

пісті.

Пияз
Қауын
Қарбыз

пісті.

11. Тексті оқып, аударыңыз.

Прочитайте и переведите текст.

КҮЗ

Күз келді. Көкөністер, жемістер пісті. Қауын, қарбыз, сәбіз, қияр, пияз, сарымсақ көп. Күз жақсы.

12. Мына сөйлемдерді оқып, аударыңыз. Қарамен жазылған дыбыстың қандай заңдылық бойынша өзгергенін айтыңыз.

Прочитайте вслух предложения и переведите. Скажите, по каким видам ассимиляции изменены выделенные звуки в словах.

Көгі көп. Көбі келеді. Көбі келмейді. Қонағы көп. Қонағы келеді. Қонағы келмейді.

13. Мына сөйлемдерді қазақ тіліне аударып жазыңыз.

Следующие предложения переведите на казахский язык и напишите в тетради.

Он посадил морковь. Он посадил огурцы. Он посадил дыню. Он посадил арбуз. Осенью поспели овощи. Осенью поспели огурцы. Осенью поспели дыни, арбузы. Осенью поспела морковь.

ЗАПОМНИТЕ!

В казахском языке звуки **б, в, г, д** в конце слова произносятся как **п, ф, к, т**.

14. Мына сөздерді оқып, айтылуын есте сақтаңыз.

Запомните орфоэпию следующих слов.

Педагог [педагок], филолог [филолок], технолог [технолок], клуб [клул], авиаклуб [авиаклуп], завод [завот], гардероб [гардероп], велосипед [велосипет], вклад [вклат], актив [актиф], архипелаг [архипелак], архив [архиф].

ЗАПОМНИТЕ!

К словам, оканчивающимся на звуки **б, в, г, д** присоединяются аффиксы, начинающиеся с глухого согласного: *педагог-тер, актив-тер, завод-тар, клуб-тар*.

15. Мына сөздерге қосымшаның қалай қосылғанын байқаңыз, қайталап оқып, есте сақтаңыз.

Прочитайте, обратите внимание на то, как присоединены к этим словам аффиксы. Запомните их.

Археологтер, архипелагтер, архивтер, велосипедтер, гербтер, герцогтер, гидрологтер, гибридтер, катодтар, педагогтер, филологтер, геологтер, заводтар, активтер.

Оқимыз

Почитаем

Жаңа сөздер:

Новые слова:

Жаңа сөздердің мағынасы мен жазылуын есте сақтаңыз.

Запомните значение и правописание новых слов.

тәтті — сладкий
дәмді — вкусный
тамаша — прекрасный // прекрасно
уақыт — время

мол — изобилие
шығу — вырасти, подняться, выйти, взойти
шықты — вырос, вышел

ОРФОЭПИЯ

Мына сөздердің орфоэпиясын (айтылуын) есте сақтаңыз:
көкөніс — [көгөнүс], өнім — [өнүм],

Запомните орфоэпию (произношение) следующих слов:
өсті — [өстү], өсіреді — [өсүредү].

1. Текстті оқып, аударыңыз және мазмұнын айтыңыз.

Прочитайте, переведите и изложите основную информацию текста.

Күз — тамаша уақыт. Биыл күз жақсы. Жеміс, көкөніс мол. Алма пісті. Шие көп болды. Ой, алмұрт қандай көп! Биыл көкөніс те жақсы шықты. Қауын, қарбыз мол өнім берді. Қауын мен қарбыз қандай дәмді!

2. Текстті оқып, аударыңыз және оған тақырып қойыңыз.

Прочитайте, переведите и озаглавьте текст.

Атам көкөніс өсіреді. Ол қауынды жақсы өсіреді. Қауындар үлкен, тәтті болады. Атам қарбызды да жақсы өсіреді. Биыл қарбыздар үлкен болып өсті. Қарбыздар тәтті болды. Атам қияр мен сәбіз де өсірді. Биыл қияр мен сәбіз мол өнім берді. Қияр мен сәбіз дәмді болды.

3. Текстті оқып, аударыңыз және оған тақырып қойыңыз. Текст соңындағы сұрақтарға жауап қайтарыңыз.

Прочитайте, переведите, озаглавьте текст. Ответьте на вопросы, которые даны в конце текста.

Алма — жақсы жеміс. Алма үлкен, дәмді. Алма Алматыда өседі. Алматыда жеміс мол. Биыл алма жақсы шықты. Алматыда биыл алма көп.

Сұрақтар:

1. Алма қандай жеміс?
2. Алма қандай?
3. Алма қайда өседі?
4. Биыл алма қалай шықты?
5. Адамдар алманы ұната ма?

Сөйлесеміз

1. Диалогтерді тыңдап алып, оқытушыдан кейін қайталаңыз.

1. — Қарашаш, не алдың?
— Алма.
— Алма тәтті ме?
— Тәтті.
— Алмұрт алдың ба?
— Алдым.
— Алмұрт қандай?
— Алмұрт дәмді.
3. — Бұл не?
— Бұл — шие.
— Шие тәтті ме?
— Шие тәтті.
— Тазагүл, сәбіз алдың ба?
— Алдым.

Поговорим

Прослушайте диалоги, а затем повторите их вслед за преподавателем.

2. — Райхан, шие алдың ба?
— Алдым.
— Қарақат ше?
— Қарақат та алдым.
— Қауын қандай?
— Қауын дәмді.
— Қарбыз ше?
— Қарбыз үлкен, тәтті.
4. — Бұл не?
— Бұл — қарақат.
— Қарақат дәмді ме?
— Қарақат дәмді.
— Қарбыз алдың ба?
— Қарбыз алдым.

- Сәбіз жақсы ма?
- Жақсы.
- Тазагүл, қауын алдың ба?
- Қауын алмадым.

- Қарбыз тәтті ме?
- Қарбыз тәтті.
- Пияз алдың ба?
- Пияз алдым.

2. Төменде жауаптар берілді. Диалогтарды сұрақпен толықтырыңыз.

1. — ... ?
— Алма.
— ... ?
— Алма тәтті, дәмді.
— ... ?
— Алма көп.
3. — ... ?
— Алдым.
— ... ?
— Қауын тәтті.
— ... ?
— Қарбыз алмадым.

Нижe даны ответы на вопросы. Дополните диалоги вопросами.

2. — ... ?
— Бұл — алмұрт.
— ... ?
— Алмұрт тәтті.
— ... ?
— Алмұрт Алматыда өседі.
4. — ... ?
— Қияр алдым.
— ... ?
— Қияр жақсы, дәмді.
— ... ?
— Сәбіз алмадым.

3. Диалогтарды жауаппен толықтырыңыз.

Диалоги дополните ответами.

өлең [өлөң]

1. — Жамал, биыл ауылда көкөніс қалай?
— ...
— Қауын, қарбыз да жақсы шықты ма?
— ...
— Жеміс қалай шықты?
— ...
— Алма, алмұрт ше?
— ...

2. — Дина, сен өлең айтасын ба?
— ...
— Жақсы айтасың ба?
— ...
— Билейсің бе?
— ...
— Қалай билейсің?
— ...

Жазамыз

Напишем

1. 5-сабақта өтілген сөзді мынадай ретпен қайталаңыз:

а) Төмендегі сөздерді тақтаға жазып, сонан соң жазуды жауып қойып, оны дәптерге жатқа жазыңыз.

Повторите слова пятого урока.

Следующие слова напишите на доске, прочитайте их, прикройте доску и напишите в тетради по памяти.

Күз, шаршау, пісу, жеу, шығу, егу, дәмді, тәтті өнім.

ә) Мына сөздерді үш рет оқып, жатқа жазыңыз, соңынан кітап бойынша тексеріңіз.

Данные слова прочитайте трижды, напишите по памяти, а затем проверьте по книге.

Биыл, алма, алмұрт, қарақат, шие, жеміс, тамаша, уақыт.

б) Мына сөздерді бірнеше рет оқып, жатқа жазыңыз.

Следующие слова прочитайте по несколько раз и пишите по памяти.

Көкөніс, сәбіз, пияз, қияр, қауын, қарбыз, сарымсақ, мол.

Өзін-өзі бақылау

Самоконтроль

1. Ә, ө, ү, і дыбыстары қандай сөзде қолданылады?

В каких словах (твердых или мягких) употребляются звуки ә, ө, ү, і.

2. Ә, ө, ү дыбыстары сөздің қай жерінде қолданылады?

В каких позициях слова употребляются звуки ә, ө, ү?

3. Қ, ғ дыбыстарының сипаттамасын айтыңыз.

Вспомните характеристику звуков қ, ғ.

4. Төмендегі сөздерге қосымшалар қандай заңдылық бойынша жалғанған?

Подчиняясь каким законам языка присоединены аффиксы к следующим словам?

Оқушылар, әншілер, жемістер, өнімдер, келме, айтпа, оқыма, алма, берме, көгі, көбі, қаймағы, қонағы.

5. Мына сөздерге қандай қосымша жалғанған?

Укажите аффиксы в составе следующих слов.

Дәрігерлер, аңдар, аңшылар, әншілер, өкпе, өспе, шықпа, айтпа, оқыма, отырма, келме, берме, іспе, әкелме.

Жаттаймыз

Учим наизусть

Мақал-мәтелдер.

1. Көп сөз — көмір.
Аз сөз — алтын.

2. Күшіңе сенбе,
Өнеріңе сен.

3. Шебердің қолы ортақ.

Пословицы и поговорки.

Многословие — зола¹.
Краткость — золото.

Не на силу надейся,
а на мастерство.

Руки мастера всему народу служат.

Ән үйренеміз

Разучиваем песню

Сөзі мен әні Абайдікі.

Айттым сәлем, қалам қас,
Саған құрбан мал мен бас.
Сағынғаннан сені ойлап,
Келер көзге ыстық жас.
Сенен артық жан тумас,
Туса, туар — артылмас.
Бір өзіннен басқаға
Ынтықтығым айтылмас.

Слова и музыка Абая.

Шлю, тонкобровая, привет.
Похожей не было и нет.
Когда тоскую по тебе, —
Мне слезы затмевают свет.
Ты лучше всех. За сотни лет
Подобной не был мир согрет
Одной тебе, моя любовь,
Твой образ — он давно воспет.
(Перев. П. Шубин).

¹ Көмір в переводе на русский язык уголь, но в данном тексте по значению больше подходит слово зола.

ФОНЕТИКА

Екпін

Ударение

Қазақ тілінде екпін сөздің соңғы буынына түседі:

В казахском языке ударение падает на последний слог слова:

ұш, ұшқыш, ұшқыштар; ән, әншілер; би, биші, бишілер.

1. Мына сөздерді жазып, оларға екпін белгісін қойыңыз.

Перепишите и поставьте ударение в каждом слове. Произнесите правильно слова.

I. Ұшқыш, қазақ, қант, ақын, жақсы, жұмыс, отыр, жатыр, ақ, қонақ, құс, ғалым, тыңда, жұмыс, жаңбыр, қасқыр, ғылым, өнім, үлкен.

II. Жақсылар, жұмысшы, ұшқыштар, Қарағанды, қазақтар, ақындар, қонақтар, ғалымдар, жұмысшылар, қасқырлар, өндіріс, өндірістер, мәдениет, тамаша, көкөніс, көкөністер, сарымсақ, қарақат.

2. Мына сөздерді тыңдаңыз, орфоэпиясын есте сақтаңыз.

Прослушайте и запомните орфоэпию следующих слов.

Жұмысшы [жұмұшшұ], Досжан [Дошшан], көкөніс [көгөнүс], көп адам [көб адам], көп өнім [көб өнүм], өндіріс [өндүрус].

ГРАММАТИКА

Етістіктің бұйрық райының жіктелуі

Спряжение глагола повелительного наклонения

Жақ Лицо	Жекеше Единственное число		Көпше Множественное число	
	Сөздің соңғы дыбысы Последний звук слова		Сөздің соңғы дыбысы Последний звук слова	
	Дауыстыдан соң После гласных	Дауыссыздан соң После согласных	Дауыстыдан соң После гласных	Дауыссыздан соң После согласных
1-жақ 1-ое лицо	- йын (сұра + + йын) спрошу - йін (же + + йін) покушаю	- айын (бар + + айын) пойду - ейін (кел + + ейін) приду	- йық (сұра + + йық) спросим - йік (же + + йік) по- кушаем	- айық (бар + + айық) пойдем - ейік (кел + + ейік) придем

ЗАПОМНИТЕ!

Повелительное наклонение образует восклицательное предложение. 1-ое лицо повелительного наклонения глагола не участвует в образовании восклицательных предложений.

бару — ийти

мен — я

3. Әр сөйлемді жеке оқып, онда 1-жақ бұйрық райға жіктік жалғаудың қалай жалғанғанын байқаңыз.

Прочитайте предложения, обратите внимание на образование 1-го лица повелительного наклонения глагола.




4. Төмендегі етістіктерге 1-жақ жіктік жалғауын жалғап, сөйлемді аяқтаңыз.

Закончите предложения, подставляя вместо многоточия к отрицательным глаголам аффикс 1-го лица повелительного наклонения.


өспе [әспә]

өтпе [өтпә]



5. Көп нүктенің орнына бұйрық райдың 1-жақ жіктік жалғауын қосып жазыңыз.

Напишите предложения, подставьте вместо многоточия аффикс 1-лица повелительного наклонения.



біз — мы

6. Мына сөйлемдердегі етістіктерге болымсыздық жұрнағын қосыңыз.

В данных предложениях к глаголам прибавьте аффикс отрицания.

Үлгі: | Мен келмейін.

Мен келейін. Біз келейік. Мен сұрайын. Біз сұрайық. Мен отырайын. Біз отырайық. Мен ұстайын. Біз ұстайық. Мен ұшайын. Біз ұшайық. Мен қайтайын. Біз қайтайық. Мен қуанайын. Біз қуанайық. Мен әкелейін. Біз әкелейік. Мен айтайын. Біз айтайық. Мен әперейін. Біз әперейік.

7. Мына сөйлемдерді оқып, бұйрық райдың 1-жақ көпше түрі қалай берілгенін байқаңыз.

Прочитайте вслух данные предложения, обратите внимание на то, как оформлено 1-лицо множественного числа глагола повелительного наклонения.

Біз келейік. Біз оқиық. Біз алайық. Біз берейік. Біз жейік. Біз егейік. Біз үйренейік. Біз билейік. Біз әкелейік. Біз әперейік.

8. Көп нүктенің орнына берілген қосымшалардың тиістісін жазыңыз.

Закончите предложения, подставляя нужный вариант аффикса лица.

Мен
 -йық.
 -йын.

Біз
 -айық.
 -айын.

9. Берілген есімдіктердің тиістісін пайдаланып, сөйлемдерді жеке-жеке жазыңыз.

В каждом предложении употребляйте нужное местоимение.

Біз
 Мен
 -ейін.

Мен
 Біз
 -йік.

10. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қосып оқыңыз.

Прочитайте вслух предложения, подставляя вместо многоточия нужный аффикс.

Мен ...

Біз ...

11. Мына сөздерге көптік жалғауын қосып жазыңыз.

К следующим словам прибавьте аффикс множественного числа.

Педагог, археолог, клуб, актив, авиаклуб, велосипед, завод, архив, геолог.

Етістіктің бұйрық райының жіктелуі

Спряжение глагола повелительного наклонения

Жақ Лицо	Жекеше Единственное число	Көпше Множественное число
	Сөздің соңғы дыбысы Последний звук слова	Сөздің соңғы дыбысы Последний звук слова

	Дауыстыдан соң После гласных	Дауыссыздан соң После согласных	Дауыстыдан соң После гласных	Дауыссыздан соң После согласных
2-жақ — 2-ое лицо анайы түрі невежливая форма	сұра — Ø же — Ø	қайт — Ø кел — Ø	-ңдар, -ңдер: сұра + ңдар, же + ңдер	-ыңдар, -іңдер: қайт + + ыңдар, кел + + іңдер
сыпайы түрі вежливая форма	-ңыз, -ңіз: сұра + ңыз, же + ңіз	-ыңыз, -іңіз: қайт + ыңыз, кел + іңіз	-ңыздар, -ңіздер: сұра + ңыз- дар, же + ңіздер	-ыңыздар, -іңіздер: қайт + + ыңыз- дар, кел + + іңдер

Запомните!

Невежливая форма
местоимения 2-го
лица.
Вежливая форма
местоимения 2-го
лица.

{ сен сендер	(ед. ч.)	ты
	(мн. ч.)	
{ сіз сіздер	(ед. ч.)	вы
	(мн. ч.)	

В казахском языке, в отличие от русского, второе лицо имеет вежливую и невежливую формы как в единственном, так и во множественном числе. Соответственно имеются и личные местоимения, и личные окончания глаголов. Поэтому при помощи местоимения *Вы* на русский язык переводятся местоимения казахского языка *сіз, сіздер, сендер*.

1. Мына етістіктерден 2-жақ бұйрық
рай формасының жекеше анайы түрі
мен сыпайы түрінің айырмасын бай-
қаңыз және оларды есте сақтаңыз.

Обратите внимание на разницу
оформления вежливой и невежливой
формы 2-лица единственного числа
повелительного наклонения. Запомни-
те их.

1. Сен кет!
Сіз кетіңіз!
2. Сен бар!
Сіз барыңыз!
3. Сен биле!
Сіз билеңіз!

1. Ты уходи!
Вы уходите!
2. Ты иди!
Вы идите!
3. Ты танцуй!
Вы танцуйте!

4. Сен сұра!

Сіз сұраңыз!

2. Мына сөйлемдердегі етістіктердің құрамындағы болымсыздық мағына беретін қосымшаның астын сызыңыз, екінші жақтың анайы немесе сыпайы түрі екенін айтыңыз.

Сіз кетпеңіз. Сен қайтпа. Сіз бармаңыз. Сен сұрама. Сіз биле-
меңіз. Сен ішпе. Сіз әкелмеңіз. Сен қуанба. Сіз сұрамаңыз. Сен
әперме. Сен айтпа. Сіз өтпеңіз. Сен жеме. Сен оқыма. Сіз істеме-
ңіз. Сен тыңдама. Сіз ұстамаңыз.

3. Төменде етістіктерге бұйрық рай-
дың 2-жақ көпше түрінің жіктік жал-
ғауы жалғанған. Оларды оқып, есте
сақтаңыз.

1. Сендер кетіндер!
2. Сендер барындар!
3. Сендер билеңдер!
4. Сендер сұрандар!
5. Сіздер кетіңіздер!
6. Сіздер барыңыздар!
7. Сіздер билеңіздер!
8. Сіздер сұраңыздар!

4. Төмендегі етістіктерді 3-жаттығу-
дағы етістіктермен салыстырып, қан-
дай өзгеріс болғанын айтыңыз.

1. Сендер кетпендер!
2. Сендер бармандар!
3. Сендер билемендер!
4. Сендер сұрамаңдар!

кітап — книга

бар — есть

5. Сөз іші мен сөз арасындағы дыбыс-
тардың бір-біріне әсер етуінен сөз-
дердің орфоэпиясында болатын өзге-
рісті есте сақтаңыз.

Кітап бар [кітаб бар].
Кітап жоқ [кітаб жоқ].
Ақ жаңбыр [ағ жаңбыр].
Ол — ұшқыш [ұшқұш].
Бұл — өлең [өлөн].
Сен үйрен [үйрөн].

4. Ты проси (спроси, спраши-
вай)!
Вы просите (спросите, спра-
шивайте)!

Подчеркните в глаголах аффикс от-
рицания и укажите, в какой форме
2-лица (вежливости и невежливости)
даны глаголы.

Обратите внимание на глаголы пове-
лительного наклонения, оформленные
аффиксами 2-лица множественного
числа. Запомните эти формы.

1. Вы уходите!
2. Вы идите!
3. Вы танцуйте!
4. Вы просите (спросите, спра-
шивайте)!
5. Вы уходите!
6. Вы идите!
7. Вы танцуйте!
8. Вы просите (спросите, спра-
шивайте)!

Скажите, чем отличаются предлагае-
мые ниже глаголы, по сравнению с
глаголами 3-его упражнения.

5. Сіздер кетпеңіздер!
6. Сіздер бармаңыздар!
7. Сіздер билеменіздер!
8. Сіздер сұрамаңыздар!

жоқ — нет

По закону уподобления в словах ме-
няются произношения некоторых зву-
ков, в связи с этим запомните произ-
ношение следующих слов и словосо-
четаний в потоке речи.

Книги есть.
Книги нет.
Слепой дождь.
Он летчик.
Это песня.
Ты научись.

3-жақтың жекеше, көпше жалғауы Аффиксы 3-его лица ед. и мн. числа			
Жуан сөзде В твердых словах	-сын	Ол Олар } барсын.	Пусть он пойдет. Пусть они пойдут.
Жіңішке сөзде В мягких словах	-сін	Ол Олар } жесін.	Пусть он ест. Пусть они едят.

1. Етістіктің бұйрық райының 3-жағы қалай жіктелгенін байқап, есте сақтаңыз.

Посмотрите и запомните, как оформлены глаголы в третьем лице повелительного наклонения.

Ол қайтсын. Олар қайтсын. Ол сұрасын. Олар сұрасын. Ол тыңдасын. Олар тыңдасын. Ол билесін. Олар билесін. Ол ішсін. Олар ішсін. Ол әперсін. Олар әперсін. Ол әкелсін. Олар әкелсін. Ол оқысын. Олар оқысын. Ол өтсін. Олар өтсін. Ол қуансын. Олар қуансын. Ол айтсын. Олар айтсын.

2. 1-жаттығудағы етістіктерді болымсыз формаға келтіріп, сөйлемдерді жазыңыз.

Напишите предложения предыдущего (первого) упражнения, употребляя глаголы в отрицательной форме.

3. Сөйлемдерді оқып, етістіктің қай жақта, қай райда тұрғанын айтыңыз.

Прочитайте предложения, определите наклонение и лицо глаголов.

Мен барайын. Сен бар. Сіз барыңыз. Ол барсын. Біз келейік. Сендер келіндер. Сіздер келіңіздер. Олар келсін. Мен сұрайын. Біз оқиық. Сен іш. Сіз тыңдаңыз. Ол өтсін. Олар кетсін. Сендер әперіндер. Сіздер билеңіздер.

4. Көп нүктенің орнына тиісті жалғауды қосып оқыңыз.

Прочитайте вслух, вставляя вместо многоточия соответствующий аффикс лица.

Мен $\begin{cases} \text{оқы.} \dots \\ \text{сұра.} \dots \\ \text{ұста.} \dots \end{cases}$

Біз $\begin{cases} \text{қайт.} \dots \\ \text{айт.} \dots \\ \text{қуан.} \dots \end{cases}$

Сендер $\begin{cases} \text{кел.} \dots \\ \text{бер.} \dots \\ \text{іш.} \dots \end{cases}$

Сіздер $\begin{cases} \text{же.} \dots \\ \text{биле.} \dots \\ \text{істе.} \dots \end{cases}$

Ол $\begin{cases} \text{бар.} \dots \\ \text{ал.} \dots \\ \text{оқы.} \dots \end{cases}$

Олар $\begin{cases} \text{кет.} \dots \\ \text{же.} \dots \\ \text{кел.} \dots \end{cases}$

Жаңа сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасы мен дұрыс жазылуын есте сақтаңыз.

демалу — отдыхать
жиналу — собираться
демалыс күні — выходной день

1. Тексті оқып, аударыңыз, оған тақырып қойыңыз.

Біз демалыс күні тауға шығайық. Сен ертең кел. Оқушылар келсін. Сендер ертең ерте жиналындар. Сіз де ерте келіңіз. Біз ертең тауға шығайық, демалайық.

Жаңа сөздердің мағынасы мен дұрыс жазылуын есте сақтаңыз.

жинау — собрать
аз — мало
тез — быстро

2. Тексті оқып, аударыңыз және негізгі мазмұнын айтыңыз.

Запомните значение и правописание новых слов и словосочетаний.

ерте — рано
тау — гора
тауға шығу — идти в гору, подняться в горы

Прочитайте, переведите текст и озаглавьте его.

Запомните значение и правописание новых слов.

керек — нужно, надо
көмектесу [көмөктөсу] — помогать
колхозға — колхозу, в колхоз

Прочитайте, переведите текст. Передайте его основное информативное содержание текста.

КӨМЕКТЕСУ КЕРЕК

Колхоз көкөніс жинап жатыр. Жұмыс көп, адам аз. Көкөністі тез жинап алу керек. Биыл көкөніс жақсы шықты. Қауын, қарбыз мол өнім берді. Қияр, сәбіз, пияз жақсы өсті. Көкөністі жинайық. Колхозға көмектесуге барайық.

Сөйлесеміз

Амандасуда қолданылатын мына сөйлемдерді есте сақтаңыз.

Қайырлы таң!
Қайырлы күн!
Кеш жарық!
Үй іші тегіс аман ба?
Денсаулығыңыз қалай?
Не жаңалық бар?
Жаңалық көп, жұмысты қайта құрып жатырмыз.
Аман-есенсіз бе?

жақсы көру — любить

1. Диалогтарды рольге бөліп, кезектесіп оқып шығыңыз.

1. Д о с ж а н. Қайырлы күн!
Б а қ ы т. Қайырлы күн!

Поговорим

Запомните значение и правописание следующих приветствий и выражений, употребляющихся вслед за приветствием.

Доброе утро!
Добрый день!
Добрый вечер!
Как поживает ваша семья?
Как ваше здоровье?
Что нового?
Новостей много, занимаемся перестройкой.
Здравствуйте!

Прочитайте диалоги по ролям.

2. С ә у л е. Сәлем, Айжан!
А й ж а н. Сәлем, Сәуле!

Досжан. Хал қалай?
 Бақыт. Хал жақсы.
 Досжан. Үй іші тегіс
 аман ба?
 Бақыт. Рақмет, аман
 (жақсы).
 Досжан. Денсаулығың
 қалай?
 Бақыт. Жақсы.
 Досжан. Не жаңалық
 бар?
 Бақыт. Жаңалық көп, жұ-
 мысты қайта құ-
 рып жатырмыз.

Сәулес. Хал қалай?
 Айжан. Жақсы.
 Сәулес. Айжан, сен кітап
 оқисың ба?
 Айжан. Оқимын.
 Сәулес. Кітап оқуды жақ-
 сы көресің бе?
 Айжан. Жақсы көремін.
 Сәулес. Көп оқисың ба?
 Айжан. Көп оқимын. Сен
 ше?
 Сәулес. Мен де көп оқи-
 мын.

3. — Алло, Зәуре бар ма?
 — Бар, қазір.
 — А, Маржан, аман ба?
 — Аман.
 — Маржан, киноға бара-
 йық.
 — Барайық. Қандай фильм?
 — «Транссибирский экс-
 пресс».
 — Жақсы, бізге кел, бірге
 барайық. Мен билет
 алып қоямын.
 — Рақмет! Сау бол.
 — Сау бол.

4. — Алло, әже, аман-есенсіз
 бе?
 — Аман-есенбіз.
 — Халіңіз қалай?
 — Жақсы.
 — Әже, үйде кім бар?
 — Атаң, Әлия.
 — Атам не істеп отыр?
 — Атаң газет оқып отыр.
 — Әлия ше?
 — Әлия кітап оқып отыр.
 Сен бізге қашан келесің?
 — Мен ертең келемін, сау
 болыңыз!
 — Сау бол!

ете жақсы — отлично

үй-іші аман — в семье все в порядке

2. Төменде амандық сұрасуға арнал-
 ған диалогтің жауаптары берілген,
 оны сұрақтармен толықтырып, қазақ
 тіліне аударыңыз.

Ниже даны ответы на вопросы о жиз-
 ни, здоровье, делах. Дополните диа-
 логи приветствиями и переведите на
 казахский язык.

1. — ... ?
 — Добрый день. Спасибо, хорошо.
 2. — ... ?
 — Доброе утро. Отлично.
 3. — ... ?
 — Здравствуйте. Новостей нет.
 4. — ... ?
 — Привет. Новостей много. Занимаемся перестройкой.
 5. — ... ?
 — Добрый вечер. Здоровье отлично.
 6. — ... ?
 — Спасибо, в семье все в порядке.

ұнау — нравиться

3. Сұрақтары берілген диалогтерді жауап қайтару арқылы толықтырыңыз.

1. — Бұл не?

—

— Қандай журнал?

—

3. — Ғалия, Медеуге барайық.

— Барайық.

— Қашан?

— Ертең.

Ниже даны вопросы. Дополните диалоги ответами.

2. — Бұл кім?

—

— Мақпал не істеп отыр?

—

— Қандай кітап?

—

4. — Жанар, кел отыр.

— Рақмет!

— Жанар, сендер тез жиналыңдар.

— Жақсы, жиналайық.

Жазамыз

1. Жаңа сөздерді дұрыс жазуға жаттығыңыз:

а) Мына сөздерді тактаға жатқа жазыңыз.

Кітап, демалыс күні, үй іші, ұнау.

ә) Мына сөздерді оқытушының оқып беруі бойынша жазыңыз.

Мен, сен, біз, сіз, сендер, сіздер, ол, олар, ұнау.

б) Мына сөздерді бірнеше рет оқып, дәлтерге жатқа жазыңыз.

Бар, жоқ, кету, бару, жиналу, ерте, аз, тез.

в) Мына сөздер мен сөйлемдерді бірнеше рет оқып, соңынан оқытушының оқып беруі бойынша жатқа жазыңыз.

Тау, жинау, керек, көмектесу, Қайырлы күн! Тегіс аман ба? Денсаулығыңыз қалай? Кеш жарық! Қайта құрып жатырмыз. Аман-есенсіз бе?

2. Тексті бірнеше рет оқып, мазмұнын жазыңыз.

Бұл — клуб. Клубта лекция, кино, концерт, би болады. Сен киноға бар. Сіз лекцияға барыңыз. Сендер концертке барыңдар. Сіздер лекцияға барыңыздар. Мен киноға барайын. Ол лекцияға барсын. Біз концертке барайық. Олар биге барсын.

Напишем

Поупражняйтесь в правильном написании новых слов.

Напишите по памяти предлагаемые слова на доске.

Следующие слова запишите в тетрадь под диктовку преподавателя.

Несколько раз прочитайте следующие слова, напишите по памяти.

Прочитайте слова несколько раз вслух и напишите под диктовку преподавателя.

Прочитайте текст несколько раз и напишите изложение.

ФОНЕТИКА

Буын

Слог

1. Буын дауысты дыбыс арқылы жасалады:

Гласные звуки являются слогообразующими:

Ға-ни, Ай-жан, ер-тең, қа-ла.

2. Сөзді буынға бөлгенде екі дауысты дыбыстың ортасындағы дауыссыз соңғы буынға ауысады:

При образовании (выделении) слога согласный, который находится в слове между двумя гласными звуками, переходит к следующему слогу:

жұмыс — жұ-мыс, адам — а-дам, жатыр — жа-тыр, отыр — о-тыр.

Тасымал

Перенос слова

Сөз буын жігінен тасымалданады:

Слова в казахском языке, как и в русском, переносятся по слогам:

қа-ла, мек-теп, Қараған-ды, Қара-ғанды, Қа-рағанды.

1. Мына сөздерде неше буын барын айтыңыз.

Определите, сколько слогов в данных словах.

Ата, әже, әке, ана, адам, әдемі, ақ, қыз, қол, жақсы, ақын, оқы, оң, сол, шеше, әнші, биші, әділ, әзіл, қымыз, қалай, өлең, өнерлі, үлгілі, өнім, үлкен, қарбыз, қауын, пияз, сәбіз, жеміс.

2. Мына сөздерді буынға бөліп жазыңыз.

Напишите, разделяя слова на слоги.

Үлгі: |
Образец: | *уа-қыт, ө-нер, ...*

Уақыт, өнер, биыл, қияр, қауын, тәтті, дәмді, алма, алмұрт, керек, ерте, кітап, үйрен, үлгілі, өзен, әдемі, өндіріс, тамаша.

3. Мына сөздердің тасымалдануына көңіл бөліңіз.

Обратите внимание на перенос следующих слов.

Кө-мектес, көмек-тес, де-малыс, дема-лыс, қа-рақат, қара-қат,

са-рымсақ, сарым-сақ, өн-діріс, өнді-ріс, мә-дениет, мәде-ниет, мә-дени-ет, дә-рігер, дәрі-гер.

4. 3-жаттығуға сүйеніп, төмендегі сөздердің тасымалдану жігін көрсетіңіз.

Пользуясь третьим упражнением в качестве образца, покажите перенос следующих слов.

Қайырлы, жұмысшы, жатыр, жұмыс, тұрады, тамаша, уақыт, алмұрт, көкөніс, бұрынғыша, жаңалық, демалыс, денсаулық, жиналу.

Запомните!

Как в казахском, так и в русском языке при переносе нельзя ни оставлять одну букву, ни переносить ее на следующую строку.

5. Тасымалдауға болатын сөздерді теріп жазып, тасымалдың орнын үлгідегідей көрсетіңіз.

Выпишите слова, которые можно переносить. Покажите по образцу их перенос.

Үлгі: | әде-мі, ...
Образец: |

Әдемі, өнім, егу, өнер, өнерлі, өзен, әке, әже, ата, әділ, әзіл, әпер, есік, аға, іні, оқушы, оқытушы, алады, адам, отыр, ақын, мықты, ертең, дала, әдемі, үлкен, үйрен.

6. Мына сөзді екі бағана етіп жазып, 1-бағанада буын жігін, 2-бағанада тасымалдануын үлгідегідей көрсетіңіз.

Напишите следующие слова по образцу в два столбика: в первом разделе слова на слог; во втором — покажите перенос.

Үлгі: | ә-кем-дер әкем-дер
Образец: | ө-нер-лі өнер-лі

Әкемдер, өнерлі, әдемі, адамдар, Ақандар, ақындар, Асандар, оқушы, аталар, әжелер, әкелер, ағалар, інілер, әперсін, әкелсін, отырсын, оқысын.

ГРАММАТИКА

1. Мекен үстеулері:

Наречия места:

әрі — дальше, әрмен — подальше, бері — ближе, бермен — близко, ілгері — вперед, кейін — после, жоғары — выше, высоко, төмен — ниже, артқа — назад, артта — позади, алда — впереди, алға — вперед, жолшыбай — по пути, жол-жөнекей — попутно, жақын — близко, алыс — дальше, далеко, т. б.

2. Мекен үстеуінің сұрағы | қайда?
Вопросы к наречиям места | где? куда?

Мекен үстеуі + етістік:

артта + келеді

бермен + кел

алда + жүр

1. Мына сөйлемдерді оқып, аударыңыз, үстеуді тауып, оған сұрақ қойыңыз.

төмен [төмен]

Наречие места + глагол:

идет позади

иди поближе

иди впереди

Прочитайте и переведите следующие предложения, найдите в них наречия места, задайте к ним вопрос.

жол-жөнекей [жол-жөнөкөй]

Сен бері отыр. Сен әрі отыр. Сіз бермен отырыңыз! Сіз ілгері отырыңыз! Сендер әрмен отырындар! Сіздер жоғары шығыңыздар! Ол кейін отырсын. Олар төмен отырсын. Мен артта жүрейін. Біз алда жүрейік. Олар жолшыбай бізге келсін. Ол жол-жөнекей үйге барсын.

2. Мына үстеулерді қатыстырып, лепті сөйлемдер құрастырыңыз.

С данными наречиями составьте восклицательные предложения.

Ілгері, алда, жоғары, артта, кейін, алға, төмен.


3. Мына сөз тіркестерін қатыстырып, лепті сөйлемдер құрастырыңыздар.

С данными словосочетаниями составьте восклицательные предложения.


Әрі жүр, әрі тұр, әрмен кет, алға бар, артта жүр, бермен кел бері шық, ілгері барыңыз, артқа кет.

4. Көп нүктенің орнына етістік қойып сөйлемді аяқтаңыз.

Закончите предложения, добавляя глаголы.

Сен  алға
ілгері
кейін
артқа
жоғары

... !

Сендер  әрі
әрмен
кейін
төмен
жоғары

5. Мына сөйлемдердегі көп нүктенің орнына тиісті үстеуді косып жазыңыз.

Напишите предложения, вставляя вместо многоточия подходящее по смыслу предлагаемое наречие.

Біз ... барайық. Мен ... шығайын. Сен ... кет. Сіз ... барыңыз. Сендер ... отырындар. Ол ... келсін. Олар ... жүрсін. Біз ... үйге барайық. Мен ... келейін. Сен ... отыр. Сіз ... шығыңыз. Сендер ... кетіндер. Сіздер ... келіңіздер. Ол ... кетсін. Олар ... тұрсын.

Керекті үстеулер: *әрі, әрмен, бері, бермен, алда, алға, артта, артқа, алыс, жақын, ілгері, кейін, жоғары, жолшыбай.*

6. Мына түбірлес сөздерге көңіл бөліңіз.

Обратите внимание на следующие однокоренные слова.

Ән (песня) < әнші (певец, певица), би (танец) < биші (танцор, танцовщица, балерина), жұмыс (работа) < жұмысшы (рабочий),

ұш (летай) < ұшқыш (летчик), іс (дело) < істе (делай), өнер (искусство) < өнерлі (искусный), оқы (читай) < оқу (учеба) < оқушы (ученик), өн (вырастай) < өнім (урожай, продукт, прибыль).

Оқимыз

Почитаем

хат — письмо
жазу — писать

емес — не, нет
жазады — пишет

1. Тексті оқып, аударыңыз.

Прочитайте и переведите текст.

САРА

Бұл — Сара. Сара студент емес. Сара — оқушы. Сара жазады, оқиды. Сара, сен оқы. Сара жақсы оқиды. Сара, сен жаз. Сара жақсы жазады. Сара, сен кітап оқы. Сара, сен хат жаз.

Шымкентте — в Чимкенте

2. Тексті дауыстап оқып, аударыңыз және оған тақырып қойыңыз.

Прочитайте вслух, переведите и озглавьте текст.

Шымкент — қала. Шымкентте өндіріс орны көп. Өндірісте жұмысшылар жұмыс істейді. Шымкентте институттар бар. Институттарда студенттер оқиды. Шымкентте жеміс, көкөніс мол. Шымкент — үлкен, әдемі қала.

гимнастикаға — на гимнастику

3. Тексті оқып, аударыңыз және оның негізгі мазмұнын айтып беріңіз.

Прочитайте, переведите текст. Передайте основное содержание текста.

Бұл — стадион. Стадион үлкен. Стадионда гимнастика, бокс, теннис, волейбол, баскетбол секциялары бар. Гүлжан, сен гимнастикаға бар. Асқар, Нұрлан, сендер бокске барыңдар. Әсия мен Сәния тенниске барсын. Жамал, Гүлзада, сендер волейболға барыңдар. Айдар баскетболға барсын.

өте [отё] — очень

4. Тексті оқып, аударыңыз және текст соңындағы сұрақтарға жауап қайтарыңыз.

Прочитайте вслух, переведите текст, ответьте на вопросы, данные в конце текста.

ПОЛИТЕХНИКАЛЫҚ ИНСТИТУТ

Бұл — политехникалық институт. Институтта студенттер оқиды. Олар инженер болады. Заводтарға, фабрикаларға, шахталарға инженерлер көп керек. Институт студенттерді жақсы оқытады. Студенттер жақсы оқиды. Жақсы инженерлер техниканы өсіреді. Техника өндіріске өте керек.

Сұрақтар (вопросы):

1. Бұл қандай институт?

5. Институт студенттерді қалай оқытады?

2. Институтта кімдер оқиды?

6. Студенттер қалай оқиды?

3. Студенттер кім болады?

7. Инженерлер неі өсіреді?

4. Инженерлер қайда керек?

8. Техника қайда керек?

Сөйлесеміз

болсын [болсун], қазір — сейчас,

— Жол болсын!

— Әлей болсын!

— Келуіңізбен!

— Танысыңыз.

— Танысқанымға қуаныштымын.

1. Диалогті ролге бөліп оқыңыз. Әр диалог қандай жағдайда пайдаланылатынын айтыңыз.

1. — Кеш жарық!
— Жол болсын!
— Әлей болсын!
— Танысыңыз, бұл — Болат.
— Жарқын. Танысқанымға қуаныштымын!
— Мен де танысқанымға қуаныштымын!
— Халіңіз қалай?
— Жаксы.
— Денсаулығыңыз қалай?
— Денсаулық та жаман емес.

3. — Апа, қайда бардыңыз?
— Райханға.
— Райхан бізге келе ме?
— Уақыты жоқ, келмейді.

5. — Бұл қай қала?
— Бұл — Целиноград.
— Целиноград — қандай қала?
— Целиноград — үлкен, әдемі қала.
— Целиноградта өзен бар ма?
— Бар.
— Ол қандай өзен?
— Есіл¹ өзені.
— Есіл үлкен бе?
— Есіл үлкен өзен.

Поговорим

жаман — плохо // плохой

— Счастливого пути!

— Пусть сбудутся ваши пожелания!

— С приездом!

— Познакомьтесь.

— Очень рад знакомству (Очень приятно было познакомиться).

Прочитайте диалоги по ролям. Укажите, в каких ситуациях они употребляются.

2. — Алло, Ильяс бар ма?
— Бар, қазір.
— Алло, бұл кім?
— Мен, Раушан.
— А, Раушан, сәлем!
— Ильяс, сәлем!
— Раушан, сен «Абай» операсына бардың ба?
— Жоқ.
— Раушан, ертең «Абай» операсы болады, барайық.
— Рақмет, барайық.

4. — Бұл не?
— Бұл — қауын.
— Қауын дәмді ме?
— Қауын өте дәмді.
6. — Бұл қай көл?
— Бұл Жасыбай² көлі
— Жасыбай көлі үлкен бе?

- Үлкен.
— Тағы қандай көл бар?
— Сабынды көл³.

- Ол қайда?
— Баянауылда.
— Сабынды көл әдемі ме?
— Өте әдемі.

¹ Есіл (Ишим) — река, находится, на территории КазССР, Тюменской, Омской областях РСФСР.

² Ж а с ы б а й — озеро, находится в Баянаульском районе Павлодарской области.

³ С а б ы н д ы к ө л — озеро, находится в районном центре Баянаула, Баянаульского района Павлодарской области.

1. Жаңа сөздерді дұрыс жазуға жаттығыңыз:

а) Мына сөйлемдер мен сөздерді дәптерге жазып, есте сақтаңыз.

Кеш жарық! Жол болсын! Әлей болсын! Танысыңыз! Танысқанымға қуаныштымын! Жолшыбай, жол-жөнекей.

ә) Мына сөздерді бірнеше рет оқып, дәптерге жатқа жазыңыз.

Поупражняйтесь в правильном написании новых слов.

Данные предложения напишите в тетради, запомните их правописание.

Следующие слова прочитайте по нескольку раз и напишите в тетради по памяти.

Әрі, әрмен, бермен, ілгері, кейін, жоғары, төмен.

б) Төмендегі сөздерді бірнеше рет оқығаннан кейін дәптерге оқытушының айтуы бойынша жазыңыз.

Предлагаемые слова прочитайте несколько раз и напишите под диктовку преподавателя.

Артқа, артта, алға, алда, алыс, жақын, өте, емес.

2. Сөз диктант жазыңыз.

Напишите словарный диктант.

Мен, сен, сіз, ол, біз, сендер, сіздер, олар, кітап, демалыс күні, үй іші, бар, жоқ, кет, бару, жиналу, ерте, аз, тез, тау, жина, керек, көмектесу, қайта құру, Қайырлы күн! Не жаңалық бар? Кеш жарық! Денсаулығыңыз қалай?

Жаттаймыз

Мақал-мәтелдер:

1. Ілім — бұлақ,
Білім — шырақ.
2. Өтірік деген дұшпан бар,
Отқа сүйреп салады.
3. Өлімнен ұят күшті.

Учим наизусть

Пословицы и поговорки:

Учение — знания родник:
Знание — жизни светоч.
Ложь — коварный враг, который в огонь затащит.
Стыд сильнее смерти.

Ән сламыз

Споём

Туған ел — алтын бесік — Родина — золотая колыбель

Сөзі *Е. Бегалиевтікі.*

Әні *Т. Қажығалиевтікі.*

Жерім көркем,

Көңілді өлкем,

Өскелең, өміршең.

Таудай сәтті,

Балдай тәтті,

Баянды бақытым, туған

елім, сен!

Қ а й ы р м а с ы:

Сенсің мәңгі соғар жүрегім,

Сенсің бойымдағы жігерім,

Алтын бесік — сүйікті туған елім!

Жыры тасқан,

Нұрын шашқан,

Жайнайды кең далам.

Ақ отауым,

Алатауым,

Туыңды жоғары ұстар мен — балаң!

Слова Е. Бегалиева.

Музыка Т. Қажығалиева.

Песня посвящается большой любви к родному краю, родной земле. Родина сравнивается с золотой колыбелью, с сердцем, что бьется в груди. Та же большая любовь к Родине слышна в воспевании бескрайних степей Казахстана, в сравнении Ала-Тау с большой белой юртой.

ГРАММАТИКА

Сөз құрамы

Состав слова

1. Біріккен сөздер:

көкөніс < *көк-өніс*, *күйтабақ* < *күй + табақ*, *шекара* < *шек + ара*,
тасбақа < *тас + бақа*, *бүгін* < *бұл + күн*, *биыл* < *бұл + жыл*, *ақ-
 сақал* < *ақ + сақал*, *ешкім* < *еш + кім*, *әрқашан* < *әр + қашан*,
кейбір < *кей + бір*, *Қартбай* < *Қарт + бай*, *Сарыөзек* < *сары +
 + өзек*, *Екібастұз* < *екі + бас + тұз*.

1. Сложные слова:

2. Қос сөздер:

үй-іші, аман-есен, бес-алты, бүгін-ертең, т. б.

2. Парные слова:

3. Қысқарған сөздер:

3. Сложносокращенные слова:

*Қазақ Советтік Социалистік республикасы — ҚазССР, Қа-
 зақ педагогикалық институты — ҚазПИ.*

1. Мына сөздердің құрамын анықта-
 ңыз.

Определите состав следующих слов.

Үлгі:

Образец: | *Шек-ара, қала-лар, ...*

Шекара, қалалар, ақсақал, студенттер, келсін, үй-іші, бес-ал-
 ты, барыңыз, Сарыөзек, Талдықорған, Ақтөбе, Алатау, оқушылар,
 отырындар, Жидебай, әркім.

Жаңа сөздерді оқыңыз, қайталаңыз,
 есте сақтаңыз.

Прочитайте вслух, повторите и за-
 помните новые слова.

дүкен [дүкөн] — магазин
кешке — вечером
әрқашан — всегда
ешкім — никто

қорғау — защищать
ерте — рано
ертемен — рано утром
жау — враг

2. Сөйлемдерді оқып, аударыңыз.

Прочитайте и переведите предложе-
 ния.

Шекара әрқашан мықты қорғалсын! Жау шекарадан өтпесін!
 Сендер шекараны қорғандар! Бәріміз шекараны қорғайық! Ешкім
 шекарадан өтпесін!

Мезгіл үстеулері

Наречия времени

В этой песне говорится о бескрайних просторах казахских степей, где выращивают богатый урожай, которым всегда восхищаются хлеборобы. Песня является как бы гимном земле казахской, благодарностью ей и славному труду человека.

ГРАММАТИКА

Ілік септік

Родительный падеж

Сөздің соңғы дыбысы Последний звук слова	Жалғауы Аффикс	Мағынасы Семантика	Вопросы Сұрақтары
Дауысты және м, н, ң дыбыстарынан соң	-ның, -нің: бала + ның , өзен + нің	Меншікті заттың иесі Обладатель	Кімнің? Ненің? Кого? Что?
Ұяң және р, й дыбыстан соң	-дың, -дің: қыз + дың , күз + дің		
Қатаң дыбыстардан соң	-тың, -тің: сабақ + тың , мектеп + тің		

Ілік септік қосымшасыз да қолданылады:

Родительный падеж употребляется без аффикса:

колхоз малы // колхоздың малы, қала адамы // қаланың адамы

Тәуелдік жалғауы

Аффикс принадлежности

Жақ Лицо	Сөздің соңғы дыбысы Конечный звук слова	Жалғау Аффикс		Мағынасы Семантика
		жекеше (ед. ч.)	көпше (мн. ч.)	
1-жақ 1-лицо	Дауысты дыбыстан соң После гласных	-м	-мыз	Заттың біреуге меншіктілігі Принадлежность предмета
	Дауыссыз дыбыстан соң После гласных	-ым, -ім	-ымыз, -іміз	
2-жақ 2-лицо	Дауысты дыбыстан соң	-ң	-ларың	
	Дауыссыз дыбыстан соң	-ың, -ің	-тарың	

2-жақ сыпайы (вежли- вая фор- ма 2-лицо)	Дауысты ды- быстан соң Дауыссыз ды- быстан соң	-ңыз	-ларыңыз
		-ыңыз	
3-жақ 3-лицо	Дауысты ды- быстан соң Дауыссыз ды- быстан соң	-сы, -сі -ы, -і	-лары

Зат есімдердің тәуелдік жалғауы бойынша жіктелу кестесі

Таблица изменения по лицам и аффиксам принадлежности

Жекеше	Единственное число
1-ж. менің ауыл+ым, дәптер+ім, терезе+м	
2-ж. сенің ауыл+ың, дәптер+ің, терезе+ң сіздің ауыл+ыңыз, дәптер+іңіз, терезе+ңіз	
3-ж. оның ауыл+ы, дәптер+і, терезе+сі	
Көпше	Множественное число
1-ж. біздің ауыл+ымыз, дәптер+іміз, терезе+міз	
2-ж. сендердің ауыл+дарың, дәптер+лерің, терезе+лерің сіздің ауыл+дарыңыз, дәптер+леріңіз, терезе+леріңіз	
3-ж. олардың ауыл+ы(дары), дәптер+і(лері, терезе+сі(лері)	

Изафеттік сөз тіркесі	Изафетное словосочетание
Ілік септіктегі сөз + тәуелдік жалғаулы сөз:	Слово в родительном падеже + слово с аффиксом принадлежности:
Әсеттің дәптері біздің + үйіміз	тетрадь Асета наш дом

1. Мына сөз тіркестерін оқыңыз.

менің
(кімнің?)

үй
киім
сөз
дәптер
өнер

-ім



менің
(нем?)

мой дом
моя одежда
мое слово
моя тетрадь
мое искусство

2. Мына сөз тіркестерін оқыңыз. Олардың 1-жаттығудағы сөз тіркестерінен қандай айырмашылығы барын айтыңыз.



Прочитайте следующие словосочетания и скажите, чем они отличаются от словосочетаний предыдущего задания.



білім — знание
жолдас — товарищ
бас — голова

ел — страна
оқу — учение

3. Сөз тіркестеріндегі көп нүктенің орнына тиісті тәуелдік жалғауын қойып оқыңыз.

Прочитайте словосочетания, вставляя вместо точек нужный аффикс принадлежности.

Менің қол..., менің мал..., менің күш..., менің жолдас..., менің дос..., менің жұмыс..., менің іс..., менің білім..., менің бас..., менің көз..., менің оқушы..., менің ел..., менің оқу..., менің әке..., менің шеше... .

4. Мына тіркестердегі зат есім қай жаққа меншікті екенін айтыңыз.




Определите какому лицу принадлежит предмет.

Сенің кітабың, сенің досың, сенің анаң, сенің оқушың, сенің жұмысың, сенің балаң, сенің үйің, сенің міндетің.

іс — дело, работа

5. Екі топтағы тіркестерді оқып, айырмашылығын айтыңыз.

Прочитайте словосочетания, укажите их различие.





құрбы — сверстник

қалам — ручка

6. Сөз тіркестерін оқып, аударыңыз.

Прочитайте и переведите словосочетания.



7. Төмендегі сөйлемдерді жазып, изафеттік сөз тіркесін үлгідегідей етіп көрсетіңіз.

Укажите в следующих предложениях по образцу изафетные словосочетания.

Үлгі:
Образец: *Менің көршім жақсы.*

Менің көршім жақсы. Оның киімі әдемі. Біздің мектебіміз үлкен. Сіздің мақалаңыз шықты. Менің ұлым мектепте істейді. Оның қызы институтта оқиды. Сенің өнерің тамаша. Сендердің суреттерің газетке шыққан. Олардың колхозы миллионер. Біздің семьямыз өте тату. Сенің қызың жақсы оқиды.

8. Мына сөйлемдерді біртіндеп күрделендіріңіз.

Следующие предложения постепенно осложняйте по образцу.

Үлгі:
Образец: *Досым келді: 1) Менің досым келді. 2) Менің жақсы досым келді. 3) Менің жақсы досым үйге келді. 4) Менің жақсы досым біздің үйге келді. 5) Менің жақсы досым біздің үйге қазір келеді.*

Досым келді. Баламыз оқиды. Ағаң барады. Атаң айтқан. Әкесі әкелген.

Жай септеу

Основное склонение

Септік жалғаулары мен сұрақтары:

Аффиксы падежей и вопросы:

Септіктер Падежи	Жалғаулар Аффиксы	Сұрақтары Вопросы
Атау	Ø	кім? не?
Ілік	-ның, -нің, -дың, -дің, -тың, -тің	кімнің? ненің?

Барыс	-ға, -ге, -қа, -ке	кімге? неге? қайда?
Табыс	-ны, -ні, -ды, -ді, -ты, -ті	кімді? нені?
Жатыс	-да, -де, -та, -те	кімде? неде? қайда?
Шығыс	-нан, -нен, -дан, -ден, -тан, -тен	кімнен? неден?
Қөмектес	-мен, -бен, -пен	кіммен? немен?

9. Ана, көл сөздерін жекеше, көпше тәуелденіз.

Слова *ана, көл* измените в единственном и множественном числе аффиксами принадлежности.

10. Сұрақтарға жауап қайырыңыз.

Ответьте на вопросы.

Мынау кімнің баласы? Бұл кімнің портфелі? Сен кімнің інісің? Мынау сіздің кітабыңыз ба? Бұл кімнің үйі? Мынау кімнің пальтосы? Бұл сіздің костюміңіз бе? Ол кімнің ағасы? Мынау кімнің киімі? Оның баласы қайда?

11. Изафеттік конструкциялардың бір-бірімен тіркесу мүмкіндігіне көңіл бөліңіз.

Обратите внимание на особенности сочетаемости изафетных конструкций.

1. Біздің үй.
2. Біздің үйдің адамы.
3. Біздің үйдің адамының киімі.
4. Біздің үйдің адамының киімінің бірі.

1. Наш дом.
2. Человек из нашего дома.
3. Одежда человека из нашего дома.
4. Вещь с одежды человека из нашего дома.

қыр, ауыл — село
жыр — стихи

сіңлі — младшая сестра для лиц женского пола
сағат — часы, время

12. Көп нүктенің орнына тәуелдік жалғауын қойып оқыңыз.

Вместо точек добавьте аффиксы принадлежности.

менің дос...
әке...
көрші...
оқушы...
журнал...
бала...

сенің сіңлің...
сөз...
ел...
күлкі...
көз...
іні...

сіздің өлең...
жол...
сағат
мал...
оқу...
жыр...

қарындас — младшая сестра для лиц мужского пола
жас — молодой (ая, ое)


13. Мына сөйлемдерді көшіріп, изафеттік конструкцияларға сұрақ қойыңыз.


Списывая предложения, задайте вопрос к изафетным конструкциям.

Біздің семьямыз үлкен. Менің атам, әжем бар. Екі ағам, екі қарындасым бар. Менің әкем мен шешем жас. Екеуі де жұмыс істейді. Біздің семьямыз өте тату. Біздің бәріміз атам мен әжемді тыңдаймыз. Олардың екеуі де пенсияда.

14. Мына сөз тіркестерінің бірінші сыңарына тиісті жалғауды жалғап оқыңыз.

При чтении оформите первый компонент предлагаемых слов нужным аффиксом.


біз...  киіміміз
баламыз
үйіміз
ағамыз
атамыз
ініміз

сіз...  көршіңіз
әкеңіз
шешеніз
атаңыз
анаңыз
оқытушыңыз

мен...  балам
елім
көзім
сөзім
ісім
малым

сен...  күлкің
әзілің
досың
өлеңің
туысың
суретің

ол...  уақыты
жолдасы
мақаласы
өнері
елі
сабағы

ол...  мұғалімі
оқытушысы
жұмысы
оқуы
өнімі
денсаулығы

15. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қосып, әр сөз тіркесін жеке жазыңыз.

Напишите каждое словосочетание в отдельности, вставляя нужный аффикс.

біз...  іні...
аға...
ұлы...
қыз...

сіз...  сурет...
қала...
туыс...
ауыл...

олар...  ән...
өнер...
жыр...
іс...

16. Сөйлемдерді аударыңыз.

Переведите предложения.

Это моя книга. Это мой журнал. Где твой брат? Ваша одежда лежит здесь. Моя мама сейчас придет. Твой отец работает. Ваша жизнь прекрасна. Ваша статья хорошо написана. Ваша книга хорошая.

17. Сөйлемдегі изафеттік сөз тіркесінің астын сызып, сұрақ қойыңыз.

Подчеркните изафетную конструкцию, задайте к ней вопрос.

Менің досым тамаша адам. Ол — өте әділ адам. Оның достары өте көп. Менің досымның балалары да жақсы. Оның балаларының бәрі жақсы оқиды. Біздің балаларымыз да дос. Біздің балаларымыз тату. Олардың бірлігі күшті. Біз олардың татулығын ұнатамыз.

18. Төмендегі сөйлемдерді үлгі бойынша бірте-бірте қысқартып жазыңыз.

Напишите следующие предложения, постепенно сужая по образцу.

Үлгі:	Біздің ағамыздың досы қазір келді: 1) <i>Біздің ағамыздың досы келді.</i> 2) <i>Ағамыздың досы келді.</i> 3) <i>Досы келді.</i>
Образец:	

Біздің ағамыздың жақсы досы қазір келді. Менің үлкен атамның кіші баласы жақында жаңа үйге көшті. Қазақстанның астанасы Алматыда бірнеше институт бар. Біздің директорымыз кеше Москваға самолетпен ұшып кетті.

Оқимыз

Почитаем

байқау — заметить
тырысу — стараться
бөгеу — задержать

қоштасу — попрощаться
көрсетпеу — не показывать
пима — валенки

1. Тексті оқып, аударыңыз, текст соңында берілген сұрақтарға жауап беріңіз.

Читая, переведите текст, ответьте на вопросы, данные в конце текста.

Катя Кремльге келді. Оны Владимир Ильичтің кабинетіне кіргізді. Катя пакетті Ленин жолдасқа берді. Енді тозған пимамды Владимир Ильич байқамасын деп көрсетпеуге тырысты. Ол пакетті бере сала, қайтамын деп ойлаған болатын. Бірақ Владимир Ильич оны бөгеп қалды. Катяның қашаннан бері жұмыс істейтінін, қайда оқығанын, неше класс бітіргенін сұрады. Катя Владимир Ильичтің сұрақтарының бәріне жауап берді. В. И. Ленин Катямен қоштасты. Катя кабинеттен қуанып шықты.

Сұрақтар:

Вопросы:

1. Катя қайда келді?
2. Катя Кремльге неге келді?
3. Катя пимасын неге көрсетпеуге тырысты?
4. В. И. Ленин Катядан не туралы сұрады?

1. Куда пришла Катя?
2. Зачем пришла Катя в Кремль?
3. Почему Катя старалась, чтобы не заметили ее валенки?
4. О чем спрашивал В. И. Ленин Катю?

тілеймін — желаю

жету — достигать, достичь

2. Тексті оқып, аударыңыз, достарыңызды құттықтауға жаттығыңыз.

Прочитайте, переведите текст. Используйте его при поздравлении своих друзей.

Достар (досым), бәріңізді (сені, сізді) Жаңа жылмен құттықтаймын! Жаңа жыл бейбітшілік жылы болсын! Жаңа жылда жаңа табыстарға жетейік! Жаңа жыл бәрімізге бақыт әкелсін! Жаңа жылда сіздерге (саған, сізге) мықты денсаулық тілеймін!

3. Тексті оқып, аударыңыз, оған тақырып қойыңыз, текстегі негізгі ойды қысқаша айтып беріңіз.

Прочитайте, переведите и озаглавьте текст. Выразите его основную информацию.

Менің ағам қалада тұрады. Ол — инженер. Ағам заводта істейді. Біз қалаға жиі барамыз. Ағам да ауылға келіп тұрады. Ағам ауылға келгенде біз қуанамыз. Ол бізге қызық-қызық кітаптар әкеледі. Інім екеуіміз кітапты жақсы көреміз, көп оқимыз.

күресу — бороться
жығылу — падать
кішкентай — маленький

жаны ашу — пожалеть
басы салбырау — понурить голову
емтихан — экзамен

4. Тексті оқып, аударыңыз.

Прочитайте и переведите текст.

ҚҮРЕСІП НЕҢ БАР ЕДІ...

Көптен көрінбеген Асқар бір күні басы салбырап, үйге кірді де:
— Мама, емтиханнан жығылып қалдым, — деді. Бұл сөзді естіп тұрған кішкентай Қуандық:

— Оу, Асқар аға, емтиханмен күресіп нең бар еді, — деді, жаны ашып.

Сөйлесеміз

Поговорим

табыс — достижение, успех; доход, заработок

қарсы алу — встречать

1. Диалогтерді оқып, реплика бойынша қайталаңыз.

Прочитайте диалоги, а затем повторите их по репликам.

1. — Жаңа жыл жақындап қалды.
Біз Жаңа жылды үлкен табыстармен қарсы аламыз.
Ал сендер ше?
— Бізде табыс мол.
— Жаңа жылда сендерде ёлка бола ма?
— Әрине, бізде ёлка жылда болады.

— Жақсы екен, бізде де ёлка болады.
— Ёлка кеші сендерде жақсы өте ме?
— Бізде коллектив жұмыс істей де, демала да біледі.
— Тамаша екен!

2. — Қалқам, ЦУМ деген үлкен дүкен қайда?

- Апа, ЦУМ-ның жанында тұрсыз. Мына үлкен үй — ЦУМ.
- Жақсы болды.
- Жүріңіз, мен жолдан өткізіп жіберейін.
- Рақмет, көп жаса.

жарайды — ладно;

- 4. — Балапаным, қайдан келдің?
- Мектептен.
- Құлыным, неге кешіктің?
- Әже, экскурсияға бардық.
- Жарайды, қазір тамақ әкелемін, қолыңды жу.

- 6. — Қарындас, Максим Горький атындағы парк қайда?
- Ол Гоголь көшесінде. 1-троллейбуспен барасыз, соңғы аялдама.
- Рақмет!

- 3. — Қарағым, базар қайда?
- Бұл жерден базарға он бесінші автобуспен барасыз.
- Рақмет, қарағым.

жуу — мыться

- 5. — Қалқам, сағат неше?
- Сағат бір болды.
- Рақмет, қызыма екіде келемін деп едім.
- Әлі уақытыңыз бар, қызыңыз алыста тұра ма?
- Жоқ, жақын тұрады, бір көше ғана қалды.
- Онда уақытыңыз әлі көп екен.

- 7. — Алло, Салтанат, сәлем!
- Сағадат, сәлем! Хал қалай?
- Жақсы. Не жаңалық бар?
- Ахмет командировкадан келді, саған сәлем айтып жатыр.
- Рақмет!

Жазамыз

Напишем

1. Жаңа сөздерді оқып, жатқа жазыңыз, жазғаныңызды тексеріңіз.

Прочитайте новые слова, напишите в тетради по памяти и проверьте себя.

Көз, білім, жолдас, бас, ел, оқу, құрбы, жыр, сіңлі, қарындас, жас, тырысу, бөгеу, қоштасу, қалам, табыс, қарсы алу, күресу, жығылу, кішкентай, жаны ашу, іс, сағат, пима, байқау, тілеу, жету, басы салбырау, жарайды, жуу, апа, оқушы, өнер, ауыл, емтихан.

2. Мына сөз тіркестері мен сөйлемдерді көшіріп жазып, есте сақтаңыз.

Перепишите, запомните следующие словосочетания и предложения.

Жас жолдас, ел басы, қарындастың табысы, кішкентай інім, қалмауға тырыс, күресте жығылма, денсаулық тілеу, оны бөгеме, емтиханнан құлама, оқушыны шақыр, қарындасынмен қоштас, басыңды салбыратпа, бір сағатта жету, істі бітір, оқуға кетті.

Білім көзі — оқу. Мен құрбымды қарсы аламын. Менің сіңліме жаным ашиды. Мен жыр айтамын. Менің пимам тозды. Оның ісі бітті. Сен байқа. Жарайды, ертең кел. Мен ауылға қайтамын. Сенің апаң келді.

3. Текстті оқып, ол бойынша мазмұндама жазыңыз.

Прочитайте текст и по его содержанию напишите изложение.

Бибігүл Төлегенова — әнші. Ол — СССР халық артисі. Бибігүлдің даусы тамаша. Ол бала кезінен әнді сүйген. Бибігүл Төлегенова бар өмірін әнге арнаған. Ол — тамаша азамат, театрда істейді, жиі концерт береді, гастрольде жүреді, бәріне уақыт табады. Халық Бибігүлді сүйеді, ардақтайды.

Жаттаймыз

Учим наизусть

Мақал-мәтелдер:

Пословицы и поговорки:

1. Шындық ананың ақ сүтіндей таза.
2. Ойнасаң да, шыныңды айт.
3. Айтылған сөз — атылған оқ.
4. Жақсы сөз — жарым ырыс.

1. Правда чиста, как молоко матери.
2. Говори правду, если даже шутишь.
3. Сказанное слово как выстреленная пуля.
4. Доброе слово — половина счастья.

Өлең жаттаймыз

Стихи учим

ЖАРШЫСЫ БОЛ
ЖАҚСЫЛЫҚТЫҢ
Ал, Жаңа жыл,
Босағадан аттайсың.
Аттайсың да,
Үміттерді ақтайсың.
Әрбір ұлттын,
Әр халықтың есігін
Достық болып,
Татулық боп қаққайсың.
Біз сенеміз,
Сен де бізге сенгейсің.
Дерті барды шипагердей
емдейсің.

Из текста вы узнаете, что Новый год стучится в дверь каждого народа, как вестник дружбы, говорящий в Казахстане на двух языках. Новый год ждут, ему верят и связывают с ним свои чаяния и надежды.

Жаңа жылым,
Біздің Қазақстанға
Екі тілде таза сөйлеп келгейсің.
(Қадыр Мырзалиев)

ГРАММАТИКА

Зат есімнің жасалуы

Словообразование существительных

Зат есім жасайтын жұрнақтар
Словообразовательные аффиксы существительных

1) -шы:	жұмыс + шы	6) -кі:	күл + кі
-ші:	сурет + ші	7) -іс, -ыс:	өндіріс + іс
2) -лық (-дық, -тық):	тату + лық	8) -гер:	дәріс + гер
-лік (-дік, -тік):	бір + лік	9) -ін:	ек/із + ін
3) -па:	қос + па	10) -ім:	біл + ім
-пе:	кес + пе	11) -қыш:	ұш + қыш
4) -хана:	ас + хана — столовая	12) -паз:	ас + паз — повар
5) -дақ:	қуыр + дақ		

1. Төмендегі сөздердің әрқайсысына тұсындағы жұрнақты қосып жазыңыз.

Напишите каждое существительное в отдельности, присоединяя к нему соответствующие словообразовательные аффиксы.

жұмыс	— рабочий	эн	
мал	— скотовод	би	— певец
колхоз	-шы — колхозник	көр	-ші — балерина
оқу	— ученик	сурет	— сосед
оқыту	— учитель		— художник

тату	— дружба
бай	-лық — богатство
жаңа	-лік — новость
бір	— единство

сурет — картина қуанышы қойнына сыймау — безмерная радость.
қуаныш — радость

2. Сөйлемдердегі туынды зат есімді табыңыз.

Найдите в предложениях производные существительные.

1. Аңшылар аңға шықты. 2. Жұмысшылар еңбек өнімін көбейтті. 3. Дәрігер — жақсы мамандық. 4. Оқытушы оқушыға білім береді. 5. Әншілер ән салады. 6. Бишілер би билейді. 7. Өндіріс көп өнім берді. 8. Суретші жақсы сурет салады. 9. Сатушы дүкенде істейді. 10. Халық бостандық алды. 11. Қуанышы қойнына сыймайды.

шындық — истина
кемшілік — недостаток

3. Көп нүктенің орнына зат есімнің тиісті жұрнағын жазыңыз.

Жазу...лар шын...ты жазады. Олар халқымыздың ер...іне, жең...іне арнап талай романдар жазды. Еліміздің мол таб...ын жазады, кемші...ін сынайды. Олар — әділ адамдар.

4. Зат есімдердің жасалуына көңіл бөліңіз.

ас	-хана	— столовая
шай		— чайная
шебер		— мастерская
ем		— поликлиника

арнау — посвящать
сынау — критиковать

При списывании вместо точек вставьте соответствующий словообразовательный аффикс.

Обратите внимание на словообразование существительных.

тап//б	-ыс	— прибыль
демал		— выходной
ту		— родня

5. Текстегі сөздерден тәуелдік, септік жалғауларын тауып, астын сызыңыз.

При списывании подчеркните аффиксы принадлежности и падежей.

Менің үйіме достарым, жолдастарым келді. Біз мектепте бірге оқығанбыз. Кейде жиналып тұрамыз. Мен де олардың үйлерінде болғанмын. Біздің кездесулер өте көңілді өтеді. Достарым әзілдерін айтқанда, бәріміз де күлеміз, қуанамыз. Біз бос уақытымызды көңілді өткіземіз.

Тәуелдеулі зат есімдердің сеп-телу ерекшелігі

Особенности притяжательного склонения существительных

Тәуелдік жалғаулар Аффиксы притяжательности	Барыс септік жалғауы Аффикс дательного падежа	Табыс септік жалғауы Аффикс винительного падежа	Жатыс септік жалғауы Аффикс местного падежа
1-ж. -ым, -ім, -м (1-л.)	-а, е: бала + м + а үй + ім + е	-ды, -ді: бала + м + ды үй + ім + ді	-да, -де: бала + м + да үй + ім + де
2-ж. -ың, -ің, -ң (2-л.)	-а, е: бала + ң + а үй + ің + е	-ды, -ді: бала + ң + ды үй + ің + ді	-да, -де: бала + ң + да үй + ің + де
3-ж. -ы, -і, -сы, -сі (3-л.)	-на, -не: бала + сы + на үй + і + не	-н: бала + сы + н үй + і + н	-нда, -нде: бала + сы + нда үй + і + нде

В остальных падежах притяжательного склонения нет различий от основного склонения.

1. Әр сөйлемді жеке жазып, тәуелдеулі зат есімдердің септелуін тауып, астын сызыңыз, қай септік екенін көрсетіңіз.

При списывании предложений найдите притяжательное склонение, подчеркните его и укажите падеж.

Менің $\begin{cases} \text{үйіме} \\ \text{еліме} \\ \text{кабинетіме} \end{cases} \rightarrow$ барамыз.

Сенің $\begin{cases} \text{балаңа} \\ \text{ағаңа} \\ \text{ініңе} \end{cases} \rightarrow$ береміз.

Оның $\begin{cases} \text{дәптеріне} \\ \text{қолына} \\ \text{көзіне} \end{cases} \rightarrow$ қараймыз.

Оның $\begin{cases} \text{ойын} \\ \text{ісін} \\ \text{сөзін} \end{cases} \rightarrow$ түсінемін.

Оның $\begin{cases} \text{үйінде} \\ \text{туысында} \\ \text{кабинетінде} \end{cases} \rightarrow$ отыр. Оның $\begin{cases} \text{дәптерінде} \\ \text{паспортында} \\ \text{кітабында} \end{cases} \rightarrow$ жазылған.

Жаңа сөздер:

Новые слова:

аспаз — повар

пайдалы — полезный

сорпа — бульон

2. Сөйлемдерді жазып, зат есім жа-саушы жұрнақтың астын сызыңыз.

Перепишите предложения, подчеркните словообразовательные аффиксы существительных.

1. Шеберхана біздің үйдің жанында. 2. Асханада үлгілі аспаздар істейді. 3. Мен шайханада істеймін. 4. Сен емханада істейсің. 5. Дәрігер — өте жақсы адам. 6. Өндірістің табысы көп. 7. Татулық біздің күшіміз. 8. Білім — үлкен байлық. 9. Күлкі денсаулыққа пайдалы. 10. Ұшқыш — жақсы мамандық. 11. Сен сорпа іш. 12. Мен кеспе ішемін.

3. Тәуелденген сөздегі септік жалғауды тауып, оның ерекшелігін айтыңыз.

В следующем тексте найдите аффиксы падежей притяжательного склонения и скажите, чем они отличаются от аффиксов простого склонения.

Ол үйіне келді, дәптерін алды. Дәптерін столға қойды. Қолына қаламын алды. Ол барлық ойын дәптеріне жазатын. Ол: «Менің жұмысыма жол ашылды. «Еңбегіне қарай — өнбеті» деп, халық дұрыс айтқан. Ал еңбектенуіне болады. Көрейік, қолынан не келер екен» — деп өзіне бір қарап қойды.

4. Тексті жазып, ондағы зат есімнің жұрнағы мен септік жалғауының астын сызыңыз.

Перепишите текст, подчеркивая аффиксы существительных и аффиксы падежей.

Оның ісінде жаңалық бар, кемшілігі де бар. Сен оның жаңалығына қуан, кемшілігін сына. Нағыз шындық деп осыны айтады. Әділ сөзінді досыңа арна. Достықты дұрыс түсін. Осы сөздерді маған әкем айтқан еді.

5. Сөйлемдерден бастауыш пен баяндауышты табыңыз.

В предложениях найдите подлежащее и сказуемое.

Сіз мына кітапты оқыңыз. Сен біздің үйге кел. Мен ертең командировкаға кетемін. Біз Қарағандыға барамыз. Қарағандыда көмір өндіріледі.

6. Мына тексті оқып, ондағы ойды бір сөйлеммен жазыңыз.

Прочитайте текст. Выразите основную информацию одним предложением.

Егін даласында комбайн, машиналар көп. Қолхозшылар егінді тез жинап алу үшін, бар күшін салып жүр. Олар — өте тәртіпті адамдар. Қолхозшылар егін жинауды ерте бітіреді.

7. Мына сөйлемдерді үлгі бойынша бірте-бірте күрделендіріңіз.

Постепенно усложняйте следующие предложения по образцу.

Үлгі:

Образец:		Мен оқимын. Мен университетте оқимын. Мен
		қазір университетте оқимын. Мен қазір университетте жақсы оқимын.

Мен оқимын. Мен келемін. Біз барамыз. Ол қайтады.

Оқимыз

Почитаем

Жаңа сөздер мен сөз тіркестері:

Новые слова и словосочетания:

аты — имя
өзі сұранып — добровольно
содан кейін — после этого

ерлікпен қаза тапты — пал смертью храбрых
соғыс — война

1. Тексті оқып, аударыңыз, текст соңындағы сұрақтарға жауап беріңіз.

Прочитайте и переведите текст, ответьте на вопросы, которые даны в конце.

БАЛАМ

Менің баламның аты — Азамат. Ол бір мың тоғыз жүз қырық екінші (1942) жылы өзі сұранып соғысқа кетті, содан кейін баламды көрмедім. Азамат ол кезде өте жас еді. Бұрын хат жиі келіп тұратын. Командирі де ерлігін айтып, рақмет айтып хат жазған. Мен қуанып қалатынымын. Азамат Берлинде ерлікпен қаза тапты. Мен әлі күтудемін.

Сұрақтар (вопросы):

1. Азамат қай жылы соғысқа кетті?
2. Анасы Азаматты қай жылдан бері көрмеді?

3. Азаматтан хат қалай келіп тұрды?
4. Азаматтың командирі хатында не айтты?
5. Азамат қайда қаза тапты?

2. Тексті оқып, аударыңыз, оған тақырып қойып, мазмұнын қысқаша 1-жақта айтыңыз.

Прочитайте и переведите текст, озаглавьте его, перескажите содержание текста, сохраняя первое лицо.

Мен — дәрігермін, емханада қызмет етемін. Институтты бітіргелі екі жыл болды. Жұмысты жақсы істеп жатырмын. Мен өз мамандығымды жақсы көремін. Мен дәрігерлікті мектепте оқып жүргенде ұнатқанмын. Менің жұмысым адамдарға өте керек.

Сөйлесеміз

Ленин сарайы — дворец Ленина
Пионерлер үйі — Дом пионеров

1. Диалогті екі адам кезектесіп оқыңыздар.

- Жолдас, мынау қай көше?
- Бұл — Ленин проспектісі.
- Бұл — қаладағы ең әдемі көше.
- Бұл көшеде қандай қоғамдық үйлер бар?
- Бұл көшеде Ленин сарайы, Пионерлер үйі, «Арман», «Искра» кинотеатрлары бар.
- Дүкендер бар ма?
- Дүкендер де көп. Олар: «Қазақстан», «Россия», «Балдырған».

ас болсын — на здоровье
ыстық — горячий

2. Диалогтерді оқыңыз.

1. — Асхана жұмыс істей ме?
- Келіңіз, жоғары шығыңыз.
- Сізге қандай тамақ әкелейін?
- Сорпа, қуырдақ, қымыз бар ма?
- Бар, қазір әкелейін.
- Рақмет.
- Міне, сұраған тамақтарыңыз, алыңыз, ас болсын!
- Рақмет!

Поговорим

қоғамдық үйлер — общественные здания

Прочитайте диалог, меняясь ролями.

- Товарищ, это какая улица?
- Это проспект Ленина. Это самая красивая улица в городе.
- Какие общественные здания находятся на этой улице?
- На этой улице дворец им. В. И. Ленина, республиканский Дворец пионеров. Есть кинотеатры «Арман», «Искра».
- Магазины есть?
- Магазинов много: «Қазақстан», «Россия», «Балдырған» (Малыш).

ыстық шай — горячий чай
бауырсақ — бауырсаки

Прочитайте диалог.

2. — Қарағым, сіздерде ыстық шай бар ма?
- Әрине, біздің шайханамызда ыстық шай әр уақытта болады.
- Шай, қант, бауырсақ беріңіз.
- Қазір әкелемін, демала тұрыңыз.
- Рақмет!

3. — Балапаным, неге кешіктің?
— Апа, класс сағаты болды.
— Жарайды, қарның ашты ма?
— Қарным ашты.
— Қазір тамақ әкелемін.

4. — Қалқам, қайда бардың?
— Әже, Медеуге бардым.
— Жалғыз бардың ба?
— Жоқ, кластағы оқушылармен бірге бардым.

КОММЕНТАРИЙ

Бауырсаки — жареные в кипящем масле кусочки кислого, или пресного теста.

Бақылау жұмысы

Контрольная работа

1. Төмендегі сөздерді септеңіз.

Просклоняйте слова.

Бала, балам, баласы.

2. Етістіктер қай шақта тұрғанын айтыңыз.

Определите время данных глаголов.

Оқып отырмын, ертең келеді, оқыған, оқыпты, келерсің, бармақпын, (бұрын жиі) келетінсің, (құс) ұшады, (адам) сөйлейді.

3. Мына тіркестердің сыңарларындағы қосымшалардың астын сызыңыз.

Подчеркните аффиксы в компонентах следующих словосочетаний.

Менің балам, біздің мектебіміз, сенің кітабың, сіздің үйіңіз, оның қаламы, олардың баласы.

4. Көмекші етістіктердің астын сызыңыз.

В следующих словосочетаниях подчеркните вспомогательные глаголы.

Оқып отыр, жазып отырмын, келіп жүрсің, көріп тұрмын, оқып жатырмын, жазып жатырсың, көріп жүрсіз, тындап тұр, беріп отырмыз, келіп жатырсыңдар, естіп тұрсыз, біліп жүрсіз.

5. Сөздердегі зат есім жасаушы жұрнақтардың астын сызыңыз.

Подчеркните словообразовательный аффикс существительных.

Асхана, жұмысшы, аспаз, татулық, егін, білім, кеспе, қуаныш, қуырдақ, емхана, дәрігер, өндіріс, күлкі, ұшқыш.

Жазамыз

Напишем

1. Жаңа сөздерді дұрыс жазуға жаттығыңыз.

Поупражняйтесь в правильном написании новых слов.

Сурет, суретші, қуаныш, өзі, арнау, пайдалы, кемшілік, демалыс, сынау, аспаз, қуырдақ, шеберхана, аты, соғыс, жұмыс, қаза табу, Ленин сарайы, Пионерлер үйі, асхана, шайхана, емхана, малшы, бауырсақ, аспаз, ерлік, табыс, ас болсын, қарны ашу.

2. Жаңа сөздерді сөз тіркесінде жазыңыз.

Напишите новые слова в словосочетаниях.

Әдемі сурет, суретшіге айт, қуанышқа арнау, өзі сұрану, ерлікпен қаза табу, соғыс болмасын, дәмді қуырдақ, жақсы сорпа, ерлік іс, дәмді кеспе, үлгілі аспаз, пайдалы жұмыс, кемшілікті сынау, демалысқа кетті, Ленин сарайында отыр, Пионерлер үйінде, үлкен шеберхана, шайханада отыр, дәрігер емханада, жаңа асхана, дәмді бауырсақ, табысы мол.

3. Төмендегі текске диктант жазыңыз.

Напишите диктант.

Менің әкем фермада жұмыс істейді. Оның жұмысы өте көп. Әкем барлық уақытын фермада өткізеді. Ол жұмысын өте жақсы істейді. Менің анам да жұмысты жақсы істейді. Ол — мектепте мұғалім. Оқушылардың бәрі анамды өте сыйлайды, оны оқушылар жақсы көреді. Анам да оқушыларды жақсы көреді. Көп уақытын мектепте өткізеді.

ГРАММАТИКА

Сын есім

Имя прилагательное

Сын есімнің сұрақтары:

қандай? қай? қалай?

Дара сын есімдер:

Простые прилагательные:

Күрделі есімдер:

Сложные прилагательные:

Вопросы прилагательных:

какой? как?

жақсы — хороший, *жа-**ман* — плохой*көк* — синий, *кішкене* — ма-
ленький*көк ала* — пестрый с синевой*қара торы* — брюнет, *сары**ала* — пестрый с желтизной,*ақ сары* — белёсый, блондин

Анықтауыштық сөз тіркесі

Определительное словосочета-
ние

Сын есім + зат есім:

Прилагательное + существи-
тельное*ақ + қар* (белый снег), *жақсы + адам* (хороший человек),
биік + үй (высокий дом)1. Сын есім мен зат есімнің тіркесіне,
оған қандай сұрақ қойылатынына
көңіл бөліңіз.Обратите внимание на сочетаемость
прилагательного с существительным
и на вопросы, задаваемые прилага-
тельному.жаңа
үлкен
әдемі
жақсы
} мектеп. Қандай мектеп?жақсы
әлсіз
күшті
өнерлі
} адам. Қандай адам?ыстық
дәмді
тамаша
} тамақ. Қандай тамақ?ыстық
қуанышты
} күн. Қандай күн?әдемі
өнерлі
жақсы
} қыз. Қандай қыз?үлкен
енбекқор
әділ
} жігіт. Қандай жігіт?

Сын есімнің шырайлары

Степени сравнения прилагательных

Салыстырмалы шырай Сравнительная степень	-рақ, -рек: <i>жақсырақ, әдемірек</i> -ырақ, -ірек: <i>үлкенірек, қызылырақ</i> -лау, -леу: <i>жақсылау, әдемілеу</i> -дау, -деу: <i>қызылдау, үлкендеу</i> -тау, -теу: <i>алыстау, биіктеу</i>	
Күшейтпелі шырай Превосходная степень	күшейткіш буын усилительный слог күшейткіш үстеу (өте, аса, тым, тіпті) наречия (очень, слишком)	<i>жап-жақсы, әп-әдемі, ұп-үлкен өте жақсы, өте әдемі, тым үлкен, аса биік</i>

жылы — теплый

1. Төмендегі сын есімдерді оқыңыз, олар шырай формаларымен қалай түрленгенін байқаңыз.

Обратите внимание как образуются степени сравнения следующих прилагательных, читайте вслух.

қызылырақ	үлкенірек	кішірек	жылырақ
қызылдау	үлкендеу	кішілеу	жылылау
қып-қызыл	ұп-үлкен	кіп-кішкене	жып-жылы
өте қызыл	өте үлкен	өте кіші	өте жылы
тым қызыл	тым үлкен	тым кіші	тым жылы

2. Тексті оқып, ондағы шырай формаларын табыңыз, таблицаға сүйеніп, олар қай шырай екенін айтыңыз.

Прочитайте, найдите прилагательные и определите, в какой степени сравнения они находятся, пользуясь таблицей образования степеней.

1. Біз қысқа жақсырақ дайындалып жатырмыз. 2. Менің ағам сізден биіктеу. 3. Менің апам — жап-жас адам. 4. Ол өте жақсы білім алған. 5. Тап-таза асхананың аса дәмді тамағы бізге өте ұнады. 6. Шайхананың бауырсағы тым дәмді. 7. Ағам — жап-жас жігіт. 8. Апам алыста тұрады. 9. Бұл — өте биік үй.

ГРАММАТИЧЕСКИЙ КОММЕНТАРИЙ

Один из способов образования превосходной степени прилагательных требует некоторого объяснения. Это образование превосходной степени усилительным слогом, при котором прилагательное по своему составу становится парно-повторным словом. Его первый компонент — усилительный слог, второй — прилагательное в корневой форме: *ұп-үлкен, жап-жақсы* и т. д. Первый компонент, т. е. усилительный слог, образуется от первого слога второго компонента (от основного прилагательного) к нему прибавляется элемент п. Если первый слог оканчивается на гласный звук, то элемент п прибавляется без каких либо изменений: *жа/ман = жа + п + ж/ман > жап-жаман; қа/ра = қа + п + қара > қап-қара*. Если пер-

ыйй слог прилагательного оканчивается на согласный, то этот согласный звук заменяется элементом п: *жақ/сы* = *жап-жақсы*; *үл/кен* = *үп-үлкен*; *жас* = *жап-жас*.

Не образуют в превосходной степени парно-повторного слова два прилагательных: *-ақ*, *-көк*. Их формы в превосходной степени исторически сложились в виде *аппақ* и *көкпеңбек* и их нужно запомнить.

Сан есім

Имя числительное

Бір (один), **екі** (два), **үш** (три), **төрт** (четыре), **бес** (пять), **алты** (шесть), **жеті** (семь), **сегіз** (восемь), **тоғыз** (девять).

Анықтауыштық сөз тіркесі

Определительное словосочетание

Сан есім + зат есім:

бір + кітап *үш + дәптер*
(одна книга) (три тетради)

Числительное + существительное:

он + адам
(десять человек)

Неше?

Сколько?

Неше күн? Сегіз күн.
Неше қыз? Тоғыз қыз.
Неше кітап? Бес кітап.
Неше машина? Үш машина.
Неше дәптер? Бір дәптер.

Неше адам? Жеті адам.
Неше жігіт? Екі жігіт.
Неше асхана? Төрт асхана.
Неше бала? Алты бала.

тәжірибелі — опытный

1. Төмендегі тіркестер бойынша сөйлемдер құраңыз.

Составьте предложения со следующими словосочетаниями.

Өте еңбекқор адам, үлкен ерлік, әп-әдемі қыз, өте тәжірибелі жұмысшы, жап-жаңа асхана, ақ сары қыз, қара торы бала, кішілеу шайхана, жап-жақсы киім, көк ала дастарқан.

қанша? — сколько?

2. Сұрақтарға жауап беріңіз.

Ответьте на вопросы:

1. Қандай ақын? Какого поэт?
2. Қандай киім? Какая одежда?
3. Қандай халат? Какого халат?
4. Қандай бала? Какого мальчик?
5. Қандай қымыз? Какого кумыс?

6. Құрбың қандай? Как твой сверстник?
7. Қанша адам? Сколько человек?
8. Қанша үй? Сколько домов?
9. Қанша оқушы? Сколько учеников?
10. Қанша қыз? Сколько девочек?

мұндай — такой

мұнда — сюда

3. Сөйлемдерді жазып, анықтауыш-
тық сөз тіркесінің астын сызыңыз.

Перепишите и подчеркните определительное словосочетание.

Сен дүкеннен бес кітап алдың. Сенің досың үш кітап алды. Бұл кітаптардың бәрі — өте жақсы кітаптар. Сендер ертең келіндер. Ертең жаңа жақсы кітаптар болады. Біздің дүкенде жақсы кітаптар үнемі болып тұрады. Мұндай үлкен дүкенде кітап та көп болады. Мұнда жиі келіп тұрындар. Керек кітаптың бәрін аласындар. Сендердің жиі келгендеріңе біз қуанамыз.

4. Сөйлемдерде кездесетін шырай формасын төменде берілген формалармен ауыстырып жазыңыз.

Прилагательные, данные в предложениях в сравнительной степени, оформите другой формой сравнительной степени на

-лау, -леу, -дау, -деу, -тау, -теу.

1. Біз үлкенірек үйге көшеміз. 2. Ол үй жұмысқа жақынырақ. 3. Ол сізден биігірек. 4. Біз биыл өнімді молырақ береміз. 5. Шымкент Алматыдан жылырақ. 6. Мына дүкен жақсырақ. 7. Күн бүгін ыстығырақ. 8. Сен кешірек келгенсің, ертең ертерек кел. 9. Ол бізден алысырақ тұрады.

5. Сөйлемдегі күшейтпелі шыраймен берілген сын есімдерді *өте, аса, тым, тіпті* сөздерімен тіркестіріп жазыңыз.

Прилагательные в превосходной степени выразите другим способом превосходной степени на *өте, аса, тым, тіпті*.

1. Бұл жап-жақсы ән салады. 2. Сен жап-жас адамсың. 3. Сіз жып-жылы киім киіпсіз. 4. Інім жап-жақсы оқиды. 5. Бұл — қып-қызыл көйлек. 6. Атам демалып жатқан санаторий жап-жақын. 7. Бұл — пальто жап-жасыл. 8. Костюмнің көкпеңбек екен. 9. Оның шляпасы қап-қара. Бұл дүкен үп-үлкен екен.

Оқимыз

Почитаем

Сарыарқаның алыбы — великан Сарыарки қаланың ортасында — в центре города аспанмен тілдескен — высокие до неба көз тартады — притягивает взгляд қоғамдық үйлер — общественные здания

мұржа — труба
ұзын — длинный
қабат — этаж
шетте — на окраине
салынған — построенный

1. Тексті оқып, аударыңыз. Текст соңында берілген жоспар бойынша мазмұнын айтып беріңіз.

Прочитайте и переведите текст. Перескажите его содержание по плану, который дан в конце текста.

ҚАЗАҚСТАН МАГНИТҚАСЫ

Сарыарқаның алыбы — Теміртау — жас қала. Үш қабат аппақ үйлер тым әдемі салынған. Ұзын көшенің екі жағында биік-биік неше түрлі ағаштар өсіп тұр. Қаланың ортасында парк, онда өте әдемі гүлдер өскен. Металлургтер сарайы, кинотеатрлар, почта-

телеграф, түрлі дүкендер көз тартады. Шетте — мұржалары аспанмен тілдескен заводтар. Теміртау көлі қандай тамаша!

Жоспар (план)

- | | |
|---------------------------------------|-------------------|
| 1. Теміртау — жас қала. | 4. Заводтар. |
| 2. Теміртаудың үйлері мен көшелері. | 5. Теміртау көлі. |
| 3. Теміртау паркі мен қоғамдық үйлер. | |

орындық — скамейка
демалу — отдыхать

электр шамы — электрическая
лампочка

2. Тексті оқып, аударыңыз. Текске тақырып қойып, ондағы негізгі ойды бір сөйлеммен жинақтап айтыңыз.

Прочитайте, переведите и озаглавьте текст. Определите основное содержание текста и выразите его одним предложением.

Парк — демалатын жер. Паркте түрлі ағаштар, әдемі гүлдер өседі. Жүретін жер асфальт. Жақсы орындықтар қойылған. Электр шамы көп. Паркте кинотеатр, музей бар. Музей халыққа көп білім береді. Мен музейге жиі барамын. Паркте демаламыз, кино көреміз. Жақсы демалыстан соң, жұмысты жақсы істейміз.

3. Тексті оқып, аударыңыз. Оны мағыналық топтарға бөліп, әр топқа тақырып қойыңыз.

Прочитайте и переведите текст; разделите его на семантические отрезки, каждый из них озаглавьте.

МЕКТЕП

Мен мектепте оқимын. Біздің мектеп өте биік, әдемі. Мектептің кластары кең, жарық, таза. Мектеп қаланың ортасында. Мектепте өте білімді, тәжірибелі мұғалімдер сабақ береді. Мектептің өте үлкен спорт залы бар. Оқушылар спортты жақсы көреді. Спорт залы еш уақытта бос болмайды.

Сөйлесеміз

Поговорим

Диалогтерді оқып, соңынан қайталаңыз.

Прочитайте диалоги, а затем воспроизведите их.

бір литрлік — литровый

ДҮКЕНДЕ

В МАГАЗИНЕ

1. — Қарағым, термос бар ма?
— Бар. Сізге қандай термос керек?
— Бір литрлік, кішірек термос.
— Мына термосты көріңіз.

- Бұдан үлкенірек термос жоқ па?
— Бар, мына термос қалай?
— Рақмет, жақсы екен. Осы термосты аламын.

2. — Сен қайда істейсің?
— Заводта. Сен ше?
— Мен мектепте істеймін.
— Ол қайда істейді?
— Ол емханада істейді.
— Сендер қайда істейсіңдер?
— Біз кітапханада істейміз.
Сіз ше?
— Мен институтта істеймін.

Сұрақ-жауап бойынша сөйлесіңіз.

Сұрақтар (вопросы):

1. — Сіз қашан келесіз?
— Сіз автобуспен келесіз бе?
— Қай трамваймен?
— Айша ше?
— Сен қашан қайтасың?
— Сағат нешеде?
— Қай рейс?
— Самолет қанша сағат ұшады?

неше жаста — сколько ему лет?

2. — Ахмет, сенің інің бар ма?
— Олар неше жаста?
— Асан мектепте оқи ма?
— Ахмет, ағаң бар ма?
— Апаңның аты кім?
— Жамал нешеде?

көйлек — платье түсі — цвет

3. — Көйлегің өте әдемі екен, қайда сатылды?
— Саған ұзындау емес пе?
— Бұл көйлектің көк түсі болды ма?

Жазамыз

1. Сөздер мен сөз тіркестерін көшіріп жазып, дұрыс жазылуын есте сақтаңыз.

Жылы, үш, төрт, бес, сегіз, тоғыз, неше? қанша? Сарыарқаның алыбы, қаланың ортасында, түрлі, аспанмен тілдескен, көз тарта-

- Где ты работаешь?
— На заводе. А ты?
— Я работаю в школе.
— Где он работает?
— Он работает в поликлинике.
— Где вы работаете?
— Мы — в библиотеке. А вы?
— Я работаю в институте.

Жауаптар (ответы):

- Мен бүгін сағат бесте келемін.
— Жоқ, мен трамваймен келемін.
— Бірінші трамваймен.
— Айша автобуспен келеді.
— Мен ертең самолетпен қайтамын.
— Сағат тоғызда ұшамын.
— Он сегізінші рейс.
— Самолет үш сағат ұшады.

жиырма үште — 23 года

- Бар, менің екі інім бар, Асан мен Үсен.
— Асан — алтыда, Үсен — бесте.
— Асан бірінші класта оқиды.
— Жоқ, менің үлкен апам бар.
— Апамның аты Жамал.
— Жамал жиырма үште.

сату — продавать

- ЦУМ-да сатылды.
— Жоқ, ұзын емес.
— Көк түсі болды. Ол көкпенбек, әдемі екен. Қазір барсаң, аласың.

Напишем

- Перепишите слова и словосочетания, запомните их орфографию.

ды, қоғамдық үйлер, мұржа, ұзын, қабат, шетте, білімді, бір литрлік, кітапхана, неше жаста, жиырма үш, көйлек сату, түсі, жаман, кішкене, көк ала, қара торы, сары ала, ақ сары, алыс, жақын, биік, мұндай, мұнда.

2. Сөз тіркестерін оқып, дәптерге көшіріп жазыңыз. жаңа сөздердің жазылуын есте сақтаңыз.

Прочитайте словосочетания, перепишите их в тетрадь, запоминая орфографию.

Жылы күн, үш қабат, Сарыарқаның алыбы, аспанмен тілдескен, төрт кітапхана, бес жаста, сегіз қабат, тоғыз ұй, қаланың ортасында тұр, түрлі қоғамдық үйлер, көйлек көз тартады, ұзын мұржа, шетте тұрған, білімді инженер, бір литрлік, жиырма үш жаста, жақсы түсі сатылды, жаман жол, кіші бала, көк ала көйлек, қара торы жігіт, сары ала сәтен, ақ сары қыз.

3. Төмендегі тексті толық түсінгенше оқып, оған такырып қойыңыз, қысқаша мазмұндама жазыңыз.

Для лучшего понимания текста прочитайте его несколько раз и озаглавьте. После этого напишите изложение.

Біз ауылда тұрамыз. Ауылда жап-жаңа клуб бар. Клубта кино, концерт болады. Біздің ауылдың мектебі өте жақсы, үлкен. Мектепте оқитын балалар көп. Мектеп тап-таза. Біздің ауылдың асфальт көшелері кең. Ауылда үлкен дүкен бар. Дүкенде киім, тамақ сатылады. Біздің ауылда үлкен алма бағы бар. Бақта түрлі алмалар өседі.

Жаттаймыз

Учим наизусть

Мақал-мәтелдер:

Пословицы и поговорки:

1. Оқусыз білім жоқ.
Білімсіз күнің жоқ.
2. Отансыз адам —
Ормансыз бұлбұл.
3. Еңбексіз өмір —
Сөнген көмір.
4. Жалқаулық аздырады,
Еңбек оздырады.

1. Нет знания без ученья,
Нет жизни без знания.
2. Человек без Родины —
Соловей без леса.
3. Жизнь без труда, что
погасший огонь.
4. Труд прославляет,
лень с пути сбивает.

Өлең жаттаймыз

Учим стихи

ӘСЕМПАЗ БОЛМА ӘРНЕГЕ
Әсемпаз болма әрнеге,
Өнерпаз болсаң, арқалан.
Сен де бір кірпіш дүниеге,
Кетігін тап та, бар қалан.
Қайрат пен ақыл жол табар,
Қашқанға да, қуғанға.
Әділет шапқат кімде бар,
Сол жарасар туғанға.

(Абай)

Будь разборчив в пути своем;
Если ты талантлив — гордись
И надежным лишь кирпичем
В стену строящуюся ложись.
Убегающий видит путь,
Догоняющий вслед спешит.
Воля с разумом их ведут.
Справедливость — вот свет души.

(Перев. В. Рождественский)

ГРАММАТИКА

Сын есімнің жасалуы

Словообразование прилагательных

Сын есім жасайтын жұрнақтар:

Аффиксы словообразования прилагательных:

1. **-лы, -лі:** *қайырлы* — добрый, *үлгілі* — примерный, *өнерлі* — искусный
- ды, -ді:** *жалынды* (сөз) — пламенная (речь), *көңілді* — веселый
- ты, -ті:** *бақытты* — счастливый, *күшті* — сильный
2. **-сыз, -сіз:** *хабарсыз* — без вести, *әлсіз* — бессильный, *слабый*
3. **-лық, -лік:** *қалалық* — городской
- дық, -дік:** *қоғамдық* (іс) — общественное (дело)
- тық, -тік:** *ұлттық* (тіл) — национальный (язык)
4. **-дай, -дей:** *таудай* — как гора, *үйдей* — как дом;
5. **-малы:** *суармалы* — поливной
6. **-ғыр:** *алғыр* — способный
7. **-гіш:** *білгіш* — знающий
8. **-қор:** *еңбекқор* — трудолюбивый

Анықтауыштық сөз тіркесі

Определительное словосочетание

Сын есім + зат есім:

Прилагательное + существительное:

қайырлы + таң, бақытты + адам, суармалы + егіс.

1. Берілген анықтауыштық тіркестің бірінші сыңары қандай жұрнақ арқылы жасалғанына көңіл бөліңіз.

Обратите внимание на первый компонент определительного словосочетания и укажите, при помощи каких аффиксов образованы производные прилагательные.

дәмді  ас
тамақ
сорпа
кеспе

күшті  адам
жігіт
оқушы
достық

көңілді  адам
бала
қыз
жастар

қуанышты  хабар
жыл
жағдай
жастар

аудандық — районный
өндіргіш — производительный

топтау — сгруппировать
таудай — как гора

2. Сөйлемді көшіріп, ондағы туынды сын есімнің астын сызыңыз, қалай жасалғанын айтыңыз.

Перепишите предложения, подчеркните производные прилагательные, укажите, как они образованы.

1. Біз саналы азаматпыз. Біз тәртіпті адамдармыз. Біздің өндірісімізде тәжірибелі жұмысшылар өте көп. Жұмысшылар өте өнерлі адамдар. Жұмысшылар — білгіш азаматтар. Олар — өте еңбекқор адамдар.

2. Сусыз жерде өнім жоқ. Аудандық партия комитеті өндіргіш күштерді суармалы жерге жақсы топтап отыр. Жап-жаңа техника мол табыс береді, таудай биікке көтереді. Жаңа машиналар өте күшті, үйдей жүктерді таси береді.

3. Төмендегі сөз тіркестерімен сөйлем құраңыз.

Составьте предложения со следующими словосочетаниями.

Әлсіз бала, көңілді адам, тәтті печенье, дәмді тамақ, өнерлі жігіт, үлгілі оқытушы, кішкентай бала, жалынды сөз.

Сан есім

Имя числительное

Ондықтар:

он (10), жиырма (20), отыз (30), қырық (40), елу (50),

Жүздік:

жүз (100)

Сотня:

Десятки:

алпыс (60), жетпіс (70), сексен (80), тоқсан (90)

Мындык:

мың (1000)

Тысячи:

Анықтауыштық сөз тіркесі

Определительное словосочетание.

Сан есім + зат есім:

он + кітап, отыз + дәптер, жүз + қалам

Числительное + существительное:

1. Төмендегі сан есімдерді зат есімдермен тіркестіріп жазыңыз.

Составьте определительные словосочетания имен числительных с существительными.

Он, жиырма, отыз, қырық, елу, алпыс, жетпіс, сексен, тоқсан, жүз, мың.

саналы — сознательный

2. Берілген сөз тіркестері қалай жасалғанын байқаңыз.

тәртіпті
он
өнерлі
жиырма
саналы
әлсіз

адам

шындық
өте жақсы
қуанышты
екінші
барлық

хабар

Обратите внимание, как сочетаются слова в следующих словосочетаниях.

еңбекқор
тәжірибелі
елу
күшті
отыз
саналы

жұмысшы

жаңа
тамаша
алпыс
жалғыз

өндіріс

сайлау — выбирать

3. Сөйлемдердегі сан есімдердің мағынасына назар аударып, қай сөзбен тіркескенін айтыңыз.

Найдите в предложениях словосочетания с числительными и обратите внимание на значение числительных.

1. Біздің кітапханада бір архитектор, екі-үш ақын, үш-төрт жазушы, бес биші, алты әншімен кездесу болады. 2. Оқушы дүкеннен жеті қалам, қырық дәптер, екі журнал алған. 3. Бұл жігіт жоспарды жүз процент орындайды. 4. Жолдас, сізді мың шамалы адам делегат етіп сайлап отыр. 5. Бұл ауылда сексен-тоқсан үй бар. 6. Мектептен жетпіс бала экскурсияға барады.

4. Таныс сандар мен зат есімдерден анықтауыштық тіркес құраңыз.

Составьте определительные словосочетания с известными вам числительными и существительными.

5. Болжалды сандардың қалай жасалғанын байқаңыз.

Обратите внимание, как выражается в речи приблизительное число.

Сағат бесте (в пять часов), сағат бестерде (к пяти часам), сағат бес шамасында (около пяти часов), сағат төрт-бесте (между четырьмя и пятью часами).

6. 5-жаттығуды пайдаланып, мына сан есімдерден болжалды сан есімдер жасаңыз.

Пользуясь пятым упражнением, составьте из предлагаемых числительных приблизительные числа.

Он, жиырма, отыз, қырық, елу, алпыс, жетпіс, сексен, тоқсан, жүз, мың.

7. Мына сұрақтарға жауап беріңіз.

Ответьте на вопросы.

1. Қанша кітап бар?
2. Қай көйлек әдемірек?
3. Неше дәптер аласың?
4. Неше ағаң бар?
5. Апаң нешеу?

- Сколько книг?
- Какое платье красивее?
- Сколько берешь тетрадей?
- Сколько братьев?
- Сколько сестер у тебя?

6. Оның жасы нешелер шама-сында?
 7. Жиналыс сағат нешелерде?
 8. Бұлардың ең жақсысы қай-сы?
 8. Сөйлемдегі сын есіммен және сан есіммен тіркескен зат есімнің астын сызыңыз.

Приблизительно сколько ему лет?
 Приблизительно когда собрание?
 Какой из них самый лучший?

Подчеркните определительные словосочетания с компонентами прилагательное + существительное.

1. Менің үш қарындасым бар. 2. Мен жақсы ұл, тәртіпті қыз өсірдім. 3. Дүкен екі жүз кітап, жүз алпыс плакат алды. 4. Ыстық күнде салқын қымыз қандай тамаша! 5. Жаңа емханада тәжірибелі дәрігерлер істейді. 6. Біздің класта отыз оқушы бар.

Оқимыз

Почитаем

түсу — поступать

1. Тексті дауыстап оқыңыз, ондағы негізгі ойды бір сөйлеммен жинақтап айтыңыз.

Прочитайте текст вслух и выразите его основное информативное содержание одним предложением.

Мен заводта істеймін. Мектепті бітіргелі үш жыл болды. Мектепті мен өте жақсы бітіргенмін. Қазір политехникалық институтқа түсуге дайындалып жүрмін. Биыл институтқа түсемін. Мен институтты бітірген соң, инженер боламын. Заводқа инженерлер өте керек.

Жаңа сөздер:

Новые слова:

тоғай — лес
 ағаш — дерево
 кесу — резать

апару — отнести, отвезти
 қағаз — бумага
 тарату — раздать

2. Тексті оқып, аударыңыз, текст мазмұнын бір-біріңізге сурақ қойып жауап беру арқылы айтыңыздар.

Прочитайте, переведите текст. Задавая друг другу вопросы по ходу текста и отвечая на них, раскройте его содержание.

КІТАП

...Адамдар тоғайдан ағаш кеседі. Ағашты фабрикаға апарады. Фабрика ағаштан қағаз жасайды. Авторлар қағазға жазады, суретшілер сурет салады. Баспахана кітап етіп шығарады. Жұмысшылар кітаптарды машинаға, поезға салып, қала-қалаға, ауыл-ауылға таратады.

Міне, енді сенің қолыңда тұрмын. Сен мені таза ұста. Мен сенің сенімді досыңмын.

бостандық — свобода
 күресу — бороться

күрбан болу — жертвовать, пожертвовать собой

БОСТАНДЫҚ

Менің республикам Октябрь социалистік революциясы жеңісінен кейін бостандық алды. Бостандық үшін көп ерлер құрбан болды. Біз бостандық үшін күрескен ерлерді мәңгі ұмытпаймыз. Қазір Қазақстан — өте бай республика. Қазақстанда ғылым да, өнер де, өнеркәсіп те өскен. Думан дала малға, өндіріске толы. Қазақстандағы барлық ұлт тату, дос.

Сөйлесеміз

Поговорим

артығымен — с перевыполнением

орындау — выполнять

1. Диалогтерді рольге бөліп, кезектесіп оқып шығыңыз.

Прочитайте диалоги по ролям.

1. — Әсет, биыл жоспар орындала ма?
- Әрине, жоспарды артығымен орындаймыз.
- Егінді қашан жинап бітіресіңдер?
- Егінді 1—2 күнде жинап бітіреміз.
- Бітіріп қалыпсындар ғой. Өнім қалай?
- Өте жақсы. Биыл егіннің өнімі мол.
- Өзің норманды қалай орындап жүрсің?
- Мен нормамды 150—160 процент орындап жүрмін.
- Жақсы екен.
2. — Сен Москвада болдың ба?
- Болғанмын.
- Мен Москваны әлі көрген жоқпын. Москва ұнады ма?
- Москва тамаша қала, ол елдің бәріне ұнайды. Мен Москваны жақсы көремін.
- Москвада не көрдің?
- Москвада көретін нәрсе көп. Мен Ленин мавзоле-

- йінде, Үлкен театрда, Третьяков галереясында, музейлерде, Ленин атындағы кітапханада болдым.
- Қандай тамаша, бәрін көргенсің, мен оның бірін де көрген жоқпын.
- Сен әлі жассың, кейін сен де бәрін өз көзіңмен көресің.
3. — Алма, сен қандай журнал оқып отырсың?
- Мен «Мәдениет және тұрмыс» журналын оқып отырмын.
- Бұл журнал ұнай ма?
- Өте ұнайды, бұл журналдан көп нәрсе білуге болады, сен сол журналды оқы.
- Мен «Қазақстан әйелдері» журналын аламын. Ол да жақсы журнал.
- Дұрыс айтасың, ол да жақсы журнал, мен де оны алып тұрамын.
- Мен енді «Мәдениет және тұрмыс» журналына да жазыламын.

4. — Әлім, қайда барасың?
 — Мен киоскіге барып, газет, журнал аламын.
 — Қандай газет аласың?
 — Мен «Правда», «Социалистік Қазақстан», «Казахстанская правда», «Комсомольская правда», «Қазақ әдебиеті» газеттеріне жазылғанмын. Киоскіден «Известия», «Московские новости», «Литературная газета», «Вечерняя Алма-Ата», «Советский спорт» газеттерін аламын.
 — Мен де киоскіден «Жетісу», «Лениншіл жас», «Огни Ала-Тау», «Алматы ақшамы» газеттерін аламын.
5. — Қайырлы таң, Асқар!
 — Қайырлы таң, Мерген!

- Қайда барасың?
 — Жұмысқа.
 — Бірге барайық.
 — Жүр, машинаға отыр.
 — Мынау сенің жаңа машинаң ба?
 — Иә, жақында алғанмын.
 — Қандай әдемі машина!
6. — Сәлеметсің бе?
 — Сәлеметсіз бе! Қандай газет, журнал аласыз?
 — «Правда», «Социалистік Қазақстан», «Московские новости», «Қазақ әдебиеті», «Огни Ала-Тау», «Советская индустрия», «Жетісу» газеттерін және «Советский Союз», «Шахматы в СССР», «Простор», «Жұлдыз», «Мәдениет және тұрмыс» журналдарын беріңіз.

Жазамыз

Напишем

1. Жаңа сөздерді дұрыс жазуға жаттығыңыз.

Поупражняйтесь в правильном написании новых слов.

Он, жиырма, отыз, қырық, елу, алпыс, жетпіс, сексен, тоқсан, жүз, мың, жалынды, хабарсыз, қалалық, суармалы, білгіш, таудай, үйдей, түсу, ағаш, тоғай, кесу, апару, қағаз, тарату, бостандық, құрбан болу, күресу, алғыр, аудандық, өндіргіш, саналы, орындау, кейін, дұрыс, сайлау.

2. Сөз тіркестерін жазып, мағынасын есте сақтаңыз.

Напишите словосочетания в тетради и запомните их значение.

Суармалы жер, он адам, жиырма дәптер, отыз кітап, қырық үй, елу жұмысшы, алпыс оқушы, жетпіс мектеп, сексен бала, тоқсан кісі, жүз мал, мың қой, жалынды сөз, хабарсыз адам, қалалық комитет, білгіш адам, үлгілі азамат, үлкен адам, институтқа түсу, үлкен тоғай, ағаш кесу, қағаз апару, бостандық үшін күресу, бостандық үшін құрбан болу, аудандық комитет, өндіргіш күш, саналы бала, дұрыс орындау, кейін келу.

3. «Қітап менің досым» деген тақырыпқа шығарма жазыңыз.

Жаттаймыз

Мақал-мәтелдер:

1. Құлақ естігенді көз көреді.
2. Білім инемен құдық қазғандай.
3. Жеті рет піш, бір рет кес.

Жұмбақ:

Үлкен күбі — жердің түбі.
(Құдық)

Ән үйренеміз

АНА ТУРАЛЫ ЖЫР

Сөзі *Ғ. Қайырбековтікі.*

Әні *Ш. Қалдаяқовтікі.*

Әлемнің жарығын
Сыйладың сен маған.
Даланың әр гүлін
Жинадың сен маған.
Сен бердің құстардың
Қанатын самғаған.
Балалық құштарым
Өзіңе арнаған.

Қайырмасы:

Әлдилен, аялап
Өсірген жемісін.
Самал жел, сая-бақ
Құшағың мен үшін.
Есейіп кетсем де,
Мен саған сәбимін.
Көңілді көктемдей
Көзіңнен танымын.

Напишите сочинение на тему «Книга — друг мой».

Учим наизусть

Пословицы и поговорки:

1. Что уши слышат, то и глаза увидят.
2. Наука, что рыть колодец иглой.
3. Семь раз отмерь, один раз отрежь.

Загадка:

Большая кадушка — дно земли.

(Колодец)

Разучиваем песню

ПЕСНЯ О МАТЕРИ

Слова *Г. Қайырбекова.*

Музыка *Ш. Қалдаякова.*

...Синь глубин,
Снег вершин,
Пестрый луг
Дарит мать.
Все цветы
Всех долин,
Все вокруг
Дарит мать
С юных лет
До седин
Лучший друг
Сыну мать...
...Ты меня,
Как могла,
Берегла
От невзгод
И дала
Два крыла
Чтоб достиг
Я высот.
Мне пора
Подошла,
Подошел
Мой черед —
Храбрость взял
У орла,
Мать беречь
От невзгод!..

(Перевод *П. Железнова*)

ГРАММАТИКА

Күрделі сан есімдер


Составные числительные

Модельдер — Модели	Мысалдар — Примеры
ондық + бірлік (десятка + единица)	<i>он бір, он екі, он үш, он төрт, он бес, он алты, он жеті, он сегіз, он тоғыз, жиырма бір, жиырма екі . . .</i>
жүздік + ондық + бірлік (сотня + десятка + единица)	<i>жүз он бір, жүз он екі, жүз отыз бес, жүз алпыс сегіз, жүз жетпіс екі . . .</i>
бірлік + жүздік (единица + сотня)	<i>бір жүз, екі жүз, үш жүз, төрт жүз, бес жүз, алты жүз, жеті жүз, сегіз жүз, тоғыз жүз</i>
бірлік + мыңдық (единица + тысяча)	<i>бір мың, екі мың, үш мың, төрт мың, бес мың, алты мың, жеті мың, сегіз мың, тоғыз мың</i>
ондық + мыңдық (десятка + тысяча)	<i>он мың, жиырма мың, отыз мың, қырық мың, елу мың, алпыс мың, жетпіс мың, сексен мың, тоқсан мың.</i>
жүздік + мыңдық (сотня + тысяча)	<i>жүз мың, екі жүз мың, үш жүз мың, төрт жүз мың, бес жүз мың, алты жүз мың . . .</i>

ГРАММАТИЧЕСКИЙ КОММЕНТАРИЙ

В казахском языке простых числительных всего двадцать, это: девять единиц, девять десятков, сто и тысяча. Остальные числительные составные. Составные числительные образуются сочетанием простых числительных или составных с составными. Сочетание одного числительного с другим происходит на основе двух способов: умножения ($\times$) и сложения (+). Все названия сотен и тысяч образуются умножением: *екі $\times$ жүз=екі жүз, бес $\times$ жүз=бес жүз, он $\times$ мың=он мың, жүз елу $\times$ мың=жүз елу мың*. Остальные числительные образуются сложением одного числительного к другому, и их сумма дает третье числительное: *он+бір=он бір; жүз+елу=жүз елу; мың+бір=мың бір; екі мың+бір жүз алпыс екі=екі мың бір жүз алпыс екі* и т. д.

1. Бірінші сан есімдердің қалай жасалғанын байқаңыз.



2. Отыз, қырық, елу, алпыс, жетпіс, сексен, тоқсан сандарына бірліктерді қосып күрделі сан есім жасаңыз.


3. Жүздіктерді жазыңыз.

4. Екі жүзге он мен бірліктен тұратын сандарды қосыңыз.

сом — рубль

5. Мына сөйлемдердегі сан есімдерді тауып, оның тіркескен сөзін көрсетіңіз.

Обратите внимание, как образованы сложные числительные.



С предлагаемыми числительными: отыз, қырық, елу, алпыс, жетпіс, сексен, тоқсан, добавляя единицы, образуйте составные.

Напишите название сотен.

К числительному *двести* прибавьте сложные числительные, начиная от одиннадцати до девятнадцати.

ақша — деньги

Найдите в предложениях числительные, укажите, с какими словами они сочетаются.

Біздің курста жиырма бес студент бар. Институтта екі мың бес жүз алпыс бес студент оқиды. Біз жазда алпыс екі күн совхозда жұмыс істегенбіз. Әр студент үш жүз жиырма төрт сомнан ақша алды. Біз жылда жазда совхозда жұмыс істейміз. Оны біз еңбек семестрі деп атаймыз. Еңбек семестрі өте көңілді өтеді.

Реттік сан есім

Порядковые числительные

Сөздің соңғы дыбысы Последний звук слова	Қосымшалары Аффиксы	Мысалдар Примеры
Дауысты дыбыстан соң После гласных звуков	-ншы, -нші	алты + ншы > алтыншы, жеті + нші > жетінші
Дауыссыз дыбыстан соң После согласных звуков	-ыншы, -інші	тоғыз + ыншы > тоғызыншы сегіз + інші > сегізінші

1. Реттік сан есімдер қалай жасалғанын байқаңыз.

Проследите, как образованы порядковые числительные.

Бірінші, оныншы, алтыншы, жетінші, жиырма бесінші, жүз алпыс жетінші, сегіз жүз қырық бесінші, бір мың тоғыз жүз сексен жетінші.

2. Берілген сандардан реттік сан есімдер жасаңыз.

От следующие числительных образуйте порядковые числительные.

Отыз, отыз тоғыз, екі жүз жетпіс сегіз, алпыс сегіз, жүз тоқсан алты, бір мың тоғыз жүз жетпіс бес, елу жеті, жүз алпыс үш, үш жүз жетпіс екі, алты мың жетпіс тоғыз.

3. Сұрақтарға жауап қайтарыңыз.

Ответьте на вопросы.

Сен нешінші класта оқисың?

Ты в каком классе учишься?

Ол нешінші курста оқиды?

На каком курсе он учится?

Сенің жасың нешеде?

Сколько тебе лет?

Сендер нешеусіндер?

Сколько вас?

Сіз неше күнде келесіз?

Через сколько дней вы придете?

Нешінші үйде тұрасыз?

В каком доме вы живете?

Бұл группада неше студент бар?

Сколько в этой группе студентов?

Нешінші комнатада тұрасың?

В какой комнате живешь?

Жоспарды неше процентке орындайсың?

На сколько процентов выполняешь план?

Биыл қай жыл?

Какой сейчас год?

Бүгін декабрьдің нешесі?

Сегодня которое декабря?

Мынау нешінші трамвай?

Это какой трамвай?

Бұл қай автобус?

Это какой автобус?

Оқимыз

Почитаем

Жаңа сөздер мен сөз тіркестері:

Новые слова и словосочетания:

кездесу — встреча

әскери мектеп — военная школа

мектеп басшысы [басшысы] —

руководитель школы

жасасын — да здравствует

ұлы көсем [көсем] — великий вождь

айқайлау — кричать

баяндама — доклад

екі сағаттай — около двух часов

қымбатты — дорогой

сөйлеу [сөйләу] — говорить

нағыз — настоящий

1. Текстті дауыстап оқып, аударыңыз, текст соңындағы сұрақтарға сүйеніп мазмұнын айтыңыз.

Прочитайте вслух текст, переведите его. Отвечая на вопросы, данные в конце текста, раскройте содержание.

В. И. ЛЕНИНМЕН КЕЗДЕСУ

Мен әскери мектепте оқып жүргенмін. 1919 жыл, март айы. Мектеп басшысы: «Бізге қымбатты қонақ келмек. Бүгінгі күн үлкен бір қуанышты күн болайын деп тұр»,— деді. Оқушылар бұл кім екен деп ойлады. Келген — В. И. Ленин. Біз «Владимир Ильич Ленин жасасын! Ұлы көсем жасасын!»— деп айқайладық. В. И. Ленин баяндама жасады. Ол екі сағаттай сөйледі. Біз жақсы тыңдап отырмыз. Міне, бұл — нағыз бақытты күн. Мен бұл күнді мәңгі ұмытпаймын.

Сұрақтар (вопросы):

1. Мектеп басшысы оқушыларға не деді?

2. Оқушылар не ойлады?

3. Келген кім?
4. Оқушылар не деп айқайлады?
5. В. И. Ленин не жасады?
6. Бұл оқушылар үшін қандай күн болды?

жамылу — покрыться
шана — санки

тебу — кататься
шаңғы — лыжи

2. Тексті оқып, аударыңыз, оған тақырып қойыңыз.

Прочитайте, переведите текст и озаглавьте его.

Қыс келді. Дала аппақ қар. Ағаштар да қар жамылған. Қар жамылған ағаштар өте әдемі. Балалар ақ қармен ойнап жүр. Біреулері коньки, біреулері шаңғы теуіп жүр. Кішкентай балалар шана теуіп жүр. Балалар қысты сағынып қалыпты. Олар өте көңілді.

3. Тексті оқып, аударыңыз, мазмұнын жалғастырып айтыңыз.

Прочитайте, переведите и продолжите рассказ.

МЕДЕУ

Медеу — өте әдемі жер. Ол қыста да, күзде де, жазда да, барлық уақытта да әдемі. Адамдар Медеуге демалуға барады. Медеуде ауа қандай тамаша! Қазір қыс. Мұнда демалыс күні адамдар көп келеді. Медеуде кісілер шана, шаңғы, коньки тебеді. Мұнда үлкендер де шана тебеді. Тауда шана тебу өте көңілді.

Сөйлесеміз

Поговорим

Диалогтерді оқып, реплика бойынша қайталаңыз.

Прочитайте диалоги, а затем повторите их по репликам.

пәтер — квартира

1. — Сәлем, Айжан!
— Сәлем, Бақыт!
— Айжан, сендерде жақында кіммен кездесу болды?
— Олжас Сүлейменовпен.
— Кездесу қалай болды?
— Өте жақсы, ол жаңа өлеңдер оқыды.
— Сұрақтар болды ма?
— Сұрақ өте көп болды.
— Келгендер риза болды ма?
— Әрине, ондай кездесулер ұмытылмайды, мәңгі есте қалады.
2. — Сіз қайда тұрасыз?
— Абай көшесінде тұрамын.
— Қай үйде?

- Оныншы үйде.
— Ол үй неше қабат?
— Біздің үй тоғыз қабат.
— Сіз нешінші қабатта тұрасыз?
— Мен үшінші қабатта тұрамын.
— Нешінші пәтерде?
— Тоғызыншы пәтерде.
3. — Балам, қайда барасың?
— Апа, киноға барамын.
— Жақсы кино ма?
— Өте жақсы кино, Ф. Э. Дзержинский туралы.
— Жарайды, бара ғой, ондай адамдардың өмірін жақсы білу керек.
4. — Әлижан, бүгін қандай баға алдың?

- Математика мен тарихтан бес алдым.
- Қазақ тілінен сұрады ма?
- Сұрады, бірақ баға қойған жоқ.
- Басқа сабақтардан ше?
- Басқа сабақтардан сұраған жоқ.
- Қол көтермейсің бе?
- Қол көтердім, бірақ сұрамады.
- 5. — Сен демалысқа қайда барасың?
- Санаторийге барамын.
- Қашан барасың?
- Екінші январьдан путевкам бар, сен ше?
- Мен демалысқа жазда шығамын.
- Қыста да жақсы демалуға болады, тауға шығамыз, коньки тебеміз.
- Жок, мен жазда туристік путевкамен демалуды ұнатамын.
- 6. — Сіз демалысқа шығайын деп жатырсыз ба?
- Иә, біз семьямызбен Ертісте демаламыз.

- Ертісте қалай демалысыз?
- Біз Павлодар қаласынан қайықпен шығып, Семей, Өскемен қалаларын аралаймыз. Өзеннің бойы тоғай. Жолда тоқтап, тоғай аралаймыз, демаламыз.
- Сізге ондай демалыс ұнай ма?
- Өте ұнайды.
- 7. — Кеш жарық!
- Кеш жарық, жоғары шығыңыз!
- Әкең үйде ме?
- Үйде.
- Алтай, хал қалай?
- Хал жақсы, кел отыр.
- Не істеп отырсың?
- Телевизор көріп отырмын.
- Мен шахмат ойнауға келдім, уақытың бар ма?
- Уақыт бар, келгенің жақсы болды, шахмат ойнаймын.
- Жарайды, шахматыңды әкел.
- Қазір.

Жазамыз

Напишем

1. Жаңа сөздермен жазбаша жұмыс: Тақтаға жазыңыз.

Письменная работа с новыми словами.
Напишите на доске.

Әскери мектеп, мектеп басшысы, қымбатты, қуанышты, жаса-сын, он бір, он екі, он үш, он төрт, он бес, он алты, он жеті, он сегіз, он тоғыз.

ә) Дәптерге жазыңыз.

Напишите в тетради.

Ұлы көсем, айқайлау, баяндама, екі сағаттай, сөйлеу, нағыз, пәтер.

б) Жатқа жазыңыз.

Напишите по памяти.

Қар, жамылу, шана, шаңғы тебу.

2. Тексті бірнеше рет оқып шығып, аударыңыз, соның негізінде мазмұндама жазыңыз.

Несколько раз прочитайте, переведите текст и на основе его содержания напишите изложение.

БІЗДІҢ СЕМЬЯ

Менің атым — Саша. Мен төртінші класта оқимын. Папам Алексей Петрович Брагин — жүргізуші. Ал, атам — Қасым Ержанов — пенсияда, жетпіс жаста. Папам ұлтым қазақ деп жаздырды. Мен орыспын. Менің мамам Қлара — Талғар қаласында туған, орыс қызы. Үйде атам Қасым бар кезде біз қазақша сөйлейміз, басқа уақытта орысша, украинша сөйлесеміз.

Біздің семьямызда қазақ, орыс, украин бар. Соғыс кезінде папам Алексей төртінші класта оқиды екен. Оларды Қазақстанға әкелгенде, Қасым атам папамды бала етіп алған. Папам мектепті қазақша бітірді. Біздің семьямыз өте тату.

Бақылау жұмысы

Контрольная работа

1. Төмендегі сын есімдер шырайдың қай түрінде тұрғанын айтыңыз.

Определите степень сравнения следующих прилагательных.

Қаралау, үлкенірек, әдемілеу, биігірек, кеңірек, қып-қызыл, қап-қара, үп-үлкен, сап-сары, жап-жасыл, өте үлкен, тым кіші, тіпті үлкен, өте әдемі, тым биік.

2. Сөйлемдегі сын есім мен сан есімнің және олардан жасалған тіркестердің астын сызыңыз.

Подчеркните словосочетания с компонентами прилагательное + числительное.

Біз жақсы екі кітап алмақпыз. Сендер бірінші январьда қысқы каникулға шығасындар. Бұл үлкен көшеде екі жүздей үй бар. Бұл жаңа үйде 100 пәтер бар. Мына үлкен мектепте сегіз жүздей бала оқиды.

3. Мына туынды сын есімдерді жасаған қосымшаның астын сызыңыз.

Определяя, как образованы следующие производные прилагательные, подчеркните их аффиксы.

Дәмді тамақ, көңілді адам, күшті жігіт, қуанышты хабар, тәртіпті жұмысшы, сусыз жер, аудандық комитет, еңбекқор адам, саналы оқушы, әлсіз бала, шындық сөз, өнерлі биші, тәжірибелі жұмысшы.

4. Мына сұрақтарға жауап жазыңыз.

Напишите ответы на следующие вопросы.

Неше килограмм жеміс алғансың? Фильм сағат нешеде басталады? Сен сағат нешелерде келесің? Поезд сағат нешелерде шама-сында келеді? Оның жасы нешелерде? Сен үйге неше күнде қайтасың?

5. Мына ондықтарға бірліктерді қосыңыз:

К следующим десяткам прибавьте единицы:

Отыз, елу.

6. Жүздіктерді жазыңыз.

Напишите сотни.

7. Мына сандардан реттік сан есімдер жасаңыз.

От данных числительных образуйте порядковые числительные:

Бес, төрт, алты, жеті.

ГРАММАТИКА

Жинақтау сан есім

Собирательное числительное

		Мысалдар	Примеры
Жин. сан есімінің қосымшасы Аффикс собирательных числительных	-ау, -еу	бір + еу > біреу — один, + еу > екеу — двое, > үшеу — трое, төрт + еу > төртеу — четверо, — пятеро, алты + ау > алтау — шестеро, — семеро. Всего семь слов.	екі + еу > үш + еу > жеті + еу >

1. Жинақтау сан есімдерін табыңыз.

Найдите собирательные числительные.

Бір ауылдан оқуға биыл неше бала келесіндер? Біздің мектептен жеті бала келеміз. Жетеуіміз де өте жақсы оқимыз. Екеуі дәрігерлік оқуға келеді, біреуі мал дәрігері, үшеуі мұғалім, біреуі инженер болмақ. Емтиханға жақсы дайындалып жүріміз.

Бөлшектік сан есім

Дробные числительные

жарым — половина

жарты — половина

ширек — четверть

Бөлімі Знаменатель	Алымы Числитель	Мысалдар Примеры
1) Шығыс септік (исходный падеж)	Атау септік (именительный падеж)	үштен бір, $\frac{1}{3}$ бестен екі, $\frac{2}{5}$ оннан бес, $\frac{5}{10}$ жүзден бір, $\frac{1}{100}$
2) Ілік септік (родительный падеж)	Тәуелдік жалғаудың 3-жағы (3-л. аффикса принадлежности)	екінің бірі, $\frac{1}{2}$ төрттің бірі, $\frac{1}{4}$ бестің екісі, $\frac{2}{5}$ онның жартысы $\frac{5}{10}$ немесе он жарым (10,5), жүздің ширегі $\frac{4}{100}$

2. Сөйлемдегі бөлшектік сан есімдер мен олар қатысты зат есімдердің астын сызыңыз.

Найдите в предложениях дробные числительные и подчеркните их вместе с существительными.

1. Жұмыстың екіден бірі істелді, қалған жартысын жақында бітіреміз. 2. Көкөністің үштен бірі, жемістің төрттен үші жиылды. Биыл барлық өнімді ерте жинап аламыз.

3. Төмендегі тіркестермен сөйлемдер құраңыз.

Составьте предложения со следующими словосочетаниями.

Екі жарым килограмм, ширек центнер, бір жарым тонна, жар-ты килограмм, үш жарым метр, төрт жарым метр.

жиналыс — собрание
қалғандары — остальные

аса — свыше
қатысу — участвовать

4. Сан есімдерді тауып, олар қандай сан есім екенін анықтаңыз.

В предложениях найдите числительные и определите, к разряду каких числительных они относятся по своему значению.

Жиналысқа келгендердің бестен екісі Москвадан, алтыдан бірі Ленинградтан, жартысы басқа республикалардан келді. Қалғандары Қазақстанның барлық қалаларынан келді. Жиналыста елуден аса адам сөйледі. Жиналысқа адамдар көп қатысты.

Жедел өткен шақ, оның жіктелуі

Определенно-прошедшее время глагола и его спряжение

Жекеше

Единственное число

Жақ Лицо	Жедел өткен шақ Определенно-пр. вр.	Жіктік жалғау Аффикс лица	Мысалдар Примеры
1-жақ 1 лицо	-ды, -ді, -ты, -ті	-м	<i>Мен ал + ды + м Мен кел + ді + м</i>
2-жақ анайы түрі 2 лицо невежливая форма	-ды, -ді, -ты, -ті	-ң	<i>Сен ал + ды + ң Сен кел + ді + ң</i>
2-жақ сыпайы түрі 2 лицо вежливая форма	-ды, -ді, -ты, -ті	-ңыз, -ңіз	<i>Сіз ал + ды + ңыз Сіз кел + ді + ңіз</i>
3-жақ 3 лицо	-ды, -ді, -ты, -ті	Ø	<i>Ол ал + ды Ол кел + ді</i>

Көпше

Множественное число

1-жақ 1 лицо	-ды, -ді, -ты, -ті	-қ, -к	<i>Біз ал + ды + қ Біз кел + ді + к</i>
2-жақ анайы түрі	-ды, -ді, -ты, -ті	-ндар, -ндер	<i>Сендер ал + ды + ңдар Сендер кел + ді + ңдер</i>

2-жақ сыпайы түрі 2 лицо веж- ливая форма	-ды, -ді, -ты, -ті	-ңыздар, -ңіздер	<i>Сіздер ал + + ды + ңыздар Сіздер кел + + ді + ңіздер</i>
3-жақ 3 лицо	-ды, -ді, -ты, -ті	Ø	<i>Олар ал + ды Олар кел + ді</i>

1. Етістіктердегі жедел өткен шақ жұрнағы мен жіктік жалғауының астын сызыңыз.

Подчеркните в глаголах аффикс определенно-прошедшего времени и аффикс лица.

Мен экскурсияға бардым. Сен бізге келдің. Сіз үйге кеттіңіз. Ол дүкенге кетті. Біз Медеуге бардық. Сендер ауылға қайттыңдар. Сіздер демалысқа кеттіңіздер. Олар жиналды. Біз циркке кеттік. Сендер келдіңдер.

2. Сөйлемдердегі етістіктер қай шақта, қай жақта тұрғанын анықтаңыз.

Определите, в каком времени и лице употреблены глаголы в предложениях.

Біз кеше концертке бардық. Сендер не істеп отырсыңдар? Мен жұмысқа кеттім. Сіз қашан келгенсіз? Сен кеше бізге келіпсің. Сен театрға бардың. Ол бүгін келді. Олар ертең келмек. Бұрын сендер жиі келетінсіңдер. Біз институтқа кеттік. Сіздер кеш келдіңіздер. Сіз киноға кеттіңіз. Сен ертең келерсің. Біз бүгін келеміз.

3. Көп нүктенің орнына жедел өткен шақтың жұрнағы мен жіктік жалғауын қойып жазыңыз.

Напишите предложения, вставляя вместо точек аффикс определенно-прошедшего времени и аффикс лица.

Мен	бар... кел... қайт... ал... апар... әпер... әкел...	Сен	көр... сөйле... тыңда... қуан... келіс... кет...	Ол	айт... бітір... жаса... жаз... оқы... сағын...
-----	---	-----	---	----	---

4. Төмендегі сөз тіркестерін қатыстырып сөйлем құраңыз.

Со следующими словосочетаниями составьте предложения:

Қиімін киді, сағат беске келісті, сурет көрсеттім, ауылға кеттік, кеше көрдің, оны кездестірдіңіз, сенімен кездестім.

көрме — выставка

сыйлау — уважать

5. Сөйлемдегі бастауыш пен баяндауышты тауып, олардың не арқылы қиысып тұрғанын айтыңыз.

В следующих предложениях найдите субъект и предикат, определите, как они согласованы.

Мен кітап оқып отырмын. Сен журнал оқыдың. Сіз кино көргенсіз. Ол келіпті. Мен үйге келдім. Сен Москваны көріпсің. Сіз жақсы оқыдыңыз. Ол көрмеден келді. Біз тауға бардық. Сендер институтқа кеттіңдер. Сіздер кеше кеттіңіздер.

6. Мына етістіктерді жедел өткен шақта жіктеңіз.

Проспрягайте следующие глаголы в определенно-прошедшем времени.

Сал, сөйлес, сағын, сыйла.

7. Төмендегі етістіктердің қай шақта тұрғанын табыңыз.

В следующих глаголах определите время.

Оқып жүр, оқып жүреді, оқып жүрдім, оқып жүргенсің, оқып жүріпті, оқып жүретін, оқып жүрер, оқып жүрмек.

Оқимыз

Почитаем

Запомните!

қартаю — стареть, стариться
немере — внук
еңкейе басу — идти, согнувшись
жүгіру — бежать
іздеу — искать

нәрсе — вещь
жоғалту — потерять
жастық шақ — молодость
жаным — моя душенька

1. Мына тексті оқып, аударыңыз, онда не туралы айтылғанын баяндаңыз.

Прочитайте, переведите текст и изложите содержание.

ӘЖЕ МЕН НЕМЕРЕ

Қартайған әже еңкейе басып жүріп келеді. Оны көріп, жүгіріп шыққан немересі:

— Әже, әже, айтшы, не іздеп жүрсіз? Бір нәрсе жоғалтып алдыңыз ба?— деді.

— Иә, балам, жастық шағымды жоғалтып алып, соны іздеп жүрмін,— деп, әжесі еңкейе түсті.

— Немересі алдына кеп, тұра қалды:

— Жоғалтқаныңыз алдыңызда тұр ғой, әже.

— О, жаным,... Менің жастық шағым сен екенсің ғой,— деді әжесі.

бос — пустой

бай — богатый

кең — просторный, широкий

2. Тексті оқып, ондағы негізгі ойды бір сөйлеммен жинақтап айтыңыз.

Прочитайте текст и выразите его основное содержание одним предложением.

БІЗДІҢ КІТАПХАНА

Алматыдағы ең үлкен кітапхана — А. С. Пушкин атындағы кітапхана. Кітапхананың залдары кең, биік. Кітапханаға оқушылар, студенттер, аспиранттар, ғалымдар, жұмысшылар келеді. Кітапхана еш уақытта бос болмайды. Кітапхана кітапқа бай, онда керек кітаптың бәрі бар.

астана — столица

тұрғын — житель

3. Тексті оқып, Алматы туралы өз пікіріңізді қосыңыз.

Прочитайте и продолжите текст, выражая свое мнение и впечатление об Алма-Ате.

АЛМАТЫМ — ӘСЕМ АСТАНАМ

Алматы — Қазақ Советтік Социалистік Республикасының астанасы. Алматы — әсем астана. Алматы — өте үлкен, әдемі қала. Алматыда миллион тұрғын бар. Үлкен завод-фабрикалар, университет пен институттар, техникумдер мен училищелер өте көп. Алматы — жастардың, жастықтың қаласы. Алматы — өскен ғылымның, мәдениеттің қаласы. Алматы — Совет еліндегі әдемі қалалардың бірі. Астанамызды бәріміз жақсы көреміз.

Сөйлесеміз

Диалогтерді рольге бөліп, кезектесіп оқып шығыңыз.

май — масло

алуа — халва

1. Дүкенде (в магазине):
Ж а м а л. Май бар ма?
С а т у ш ы. Май бар, қанша керек?

Ж а м а л. Жарты килограмм май, бір килограмм қант беріңіз.

С а т у ш ы. Екі сом елу үш тиын.

Ж а м а л. Сіздерде алуа жоқ па?

С а т у ш ы. Алуа болады, бірақ қазір жоқ. Ертең келіңіз, алуа болады.

Ж а м а л. Рақмет, ертең келейін.

2. — А. С. Пушкин атындағы кітапханаға қай автобус барады?

— 66-автобус, 11-троллейбус барады.

— Осы жерден кітапханаға неше минутта барамын?

— Он бес минутта барасыз.

— Ал, трамвай бармай ма?

— Жоқ, кітапханаға трамвай бармайды.

3. — Сәлеметсіз бе, Нұрлан Асқарович, халіңіз қалай?

Поговорим

Прочитайте диалоги по ролям.

тиын — копейка

— Хал жақсы.

— Балаңыз оқуға түсті ме?

— Балам университетке түсті.

— Қай факультетке?

— Математика факультетіне.

— Қазір оқып жүр ме?

— Жоқ, совхозға жұмысқа кетті.

4. — Сәлем, Бақыт!

— Сәлем, Болат!

— Қашан келдің?

— Кеше.

— Командировкада қанша болдың?

— Командировкада бес күн болдым.

— Қай қалада болдың?

— Минск қаласында.

— Минск ұнады ма?

— Ұнады, Минск әдемі қала.

5. — Сіз қайдан келесіз?

— Кинодан.

— Қандай фильм көрдіңіз?

— «Қыз Жібек».

— Жақсы ма?

— Жақсы фильм, көріңіз.

1. Жаңа сөздер бойынша жазбаша жұмыс:

а) Мына сөздерді бірнеше рет оқып, тақтаға оқытушының айтуымен жазыңыз.

Біреу, екеу, үшеу, төртеу, бесеу, алтау, жетеу, жарым, жарты, ширек.

ә) Мына сөздерді дәптерге жазыңыз.

Жиналыс, қалғандары, қатысу, көрме, немере, еңкейе басу, жоғалту, жастық шақ.

б) Мына сөздерді бірнеше рет оқып, жатқа жазыңыз.

Письменная работа:

а) следующие слова прочитайте несколько раз, напишите на доске под диктовку преподавателя.

ә) данные слова напишите в тетради

б) предлагаемые слова прочитайте несколько раз и напишите в тетради по памяти.

Аса, жүгіру, іздеу, нәрсе, жаным, астана, тұрғын, бос, бай, кең.

2. Төмендегі текстердің біреуі бойынша диктант жазыңыз.

По одному из следующих текстов напишите диктант.

I

— Төртеуің де мектепте жақсы оқыдыңдар. Сен мектеп бітіргелі үш жарым жыл болды. Сол үш жарым жылда не бітірдіңдер? Қандай табыстарың бар? Жастық шақтың күш-жігері, мектептен алған білімдерің пайдалы болды ма? — деп, сұрады мұғаліміміз бізге кездескенде.

— Төртеуіміз де заводта жұмыс істейміз. Жұмысымыз өте жақсы. Трактор жасаймыз. Біздер жақсы мамандық алдық. Мектептен алған біліміміздің пайдасына қазір сендік.

II

Біздің совхоздың тұрғындары еңбекқор. Олар барлық байлықты өз қолдарымен жасайды: мал бағады, егін егеді, көкөніс, жеміс өсіреді. Совхоз биыл үлкен мектеп салды. Біздің совхозда үлкен мәдениет сарайы бар, оны да өзіміз салдық. Совхоз тұрғындарының бәрінде үй бар. Совхозымызда үлкен дүкен бар. Дүкенде керек нәрсенің бәрі бар. Совхоз жұмысшылары жақсы тұрады.

III

Сен астанада тұрасың. Институт бітірдің, мамандық алдың. Жақсы пәтерің бар. Қалада театр, кинотеатр, түрлі сарайлар, парк, филармония — бәрі бар. Олар халықтың жақсы демалуы үшін керек. Ал адамдар да Отан байлығын көбейту үшін еңбек етуде. Сен оған не қостың?

Өзін-өзі бақылау

1. 5 жинақтау сан есімін жазыңыз.

2. Бөлшектік сан есімнің әр түріне үш-үштен мысал келтіріңіз.

3. Төмендегі сөйлемдерді қазақ тіліне аударыңыз.

Самоконтроль

Напишите пять собирательных числительных.

Приведите по три примера на каждый способ образования дробных числительных.

Переведите следующие предложения на казахский язык.

Я пришёл домой. Вы тоже ушли домой. Урок кончился. Ученики ушли домой. Я купил книгу. Ты взял журнал. Он купил газету.

4. Сөйлем ішіндегі етістіктің қай шақта тұрғанын айтыңыз.

Определите, в каком времени употреблены глаголы в предложениях.

Қыс болды. Қар жауды. Біз киіндік. Сендер коньки тептіңдер. Олар ауылға қайтты. Сен командировкаға қашан кеттің? Сіз қашан келдіңіз? Ол өлең айтты. Сіздер жұмысқа кеттіңіздер.

5. Сөйлемдегі бастауыш пен баяндауыш қай жақта байланысқанын айтыңыз.

Определите согласование в лице предиката с субъектом в следующих предложениях.

Біз оқушымыз. Мен жұмысқа келдім. Сендер егін жинаңдар. Сіз самолетпен келдіңіз. Сен мал бақтың. Сіздер жиналысқа келдіңіздер. Ол баяндама жасады. Олар жеміс өсірді. Мен бала оқыттым. Біз оқуға кеттік.

Жаттаймыз

Учим наизусть

Мақал-мәтелдер:

Пословицы и поговорки:

1. Бірлік болмай, тірлік болмас.
2. Халық қатесіз сыншы.
3. Атаңның баласы болма, Адамның баласы бол.
4. Ел құлағы елу.
5. Шындық жоқ жерде сұмдық бар.

1. Без единения нет жизни.
2. Народ — безошибочный судья.
3. Не сыном отца, а сыном народа будь.
4. У народа пятьдесят ушей.
5. Где нет правды, там подлости простор.

Өтірік өлең

Небылицы

Құмырсқаға қой бақтырдым,
Жапалаққа жайдақ міндім.
Тумай жатып тілім шығып,
Өлең айтып, сайрап тұрдым.
Өлең (Песня)

Заставил муравья пасти овец,
Оседлал сову.
Еще не родившись на свет,
Заговорил и запел.

Ән үйренеміз

Разучиваем песню

АЛМАТЫМ МЕНІҢ

МОЯ АЛМА-АТА

Сөзі **Н. Әлімқұловтікі.**

Слова **Н. Алимкулова.**

Әні **М. Сағатовтікі.**

Музыка **М. Сағатова.**

Алматыда тұр алаулап

Город родной, словно ковер,

Алтын нұры айдың.

Лег у подножья гор,

Жүрдің бе сен тамашалап

Как хорошо дышится мне

Көшесінде Абайдың.

С Алма-Атой наедине.

Алматының бағы қандай,

Под голубым небосводом

Алмасының дәмі балдай.

Пахнут сады свежим медом,

Алма дидар арулар

Ветер колышит цветы

Қыз Жібек пен Баяндай.

Юной моей Алма-Аты.

(Русский текст **Г. Брейгина**).

ГРАММАТИКА

Есімдіктің септелуі

Склонение местоимений

А. Мен	сен	ол	осы (это)	ана (тот)
І. менің	сенің	оның	осының	ананың
Б. маған	саған	оған	осыған	анаған
Т. мені	сені	оны	осыны	ананы
Ж. менде	сенде	онда	осында	анада
Ш. менен	сенен	онан	осыдан	анадан
Қ. менімен	сенімен	онымен	осымен	анамен
А. мына (это)		сол (тот)	бұл (это)	
І. мынаның		соның	бұның (мұның)	
Б. мынаған		соған	бұған	
Т. мынаны		соны	бұны (мұны)	
Ж. мынада		сонда	бұнда (мұнда)	
Ш. мынадан		сонан	бұнан (бұдан, мұнан)	
Қ. мынамен		сонымен	бұнымен (мұнымен)	

1. Сөйлемдегі есімдіктердің қай септікте тұрғанын айтыңыз.

В следующих предложениях определите падеж местоимений.

Саған көп оқу керек. Маған хат келді. Оған телеграмма келді. Мынаған не айттың? Осыған бергенсің. Кітапты анаған бердің. Соған сенесің бе? Бұған не болды? Сенен сұраймын. Сен менімен бірге жүресің.

тәжірибе — опыт

қорғау — защищать

2. Сөйлемдегі есімдіктерге сұрақ қойып, қай септікте тұрғанын көрсетіңіз.

В следующих предложениях найдите местоимения, подберите к ним вопросы и укажите падеж.

Мен шахтаға кеттім. Сіздің тәжірибеңізді үйрендім. Сенің қолыңнан бәрі келеді. Оған үйрету керек. Бұны жұмыстан қалдырмадың. Онда үлкен күш бар. Сонын айтқанын жасадың. Мынадан үлгі ал. Сен онымен бірге бардың. Сен менімен бірге жүр. Еліңді қорғадың.

3. Мына есімдіктерге барыс және көмектес септік жалғауларын қосыңыз.

Следующие местоимения оформите аффиксами дательного и творительного падежей.

Мен, сен, ол, бұл, сол, ана, осы.

Көмекші есімдер мыналар:

алды — перед	арқасы — спина	төбесі — вершина
арты — зади	арасы — между	бойы — вдоль
асты — низ	ортасы — середина	сырты — за
үсті — верх	іші — внутрь	қасы — около, у
жаны — бок	жағалауы — берег	басы — начало
	беті — лицо	тұсы — около

Көмекші есім ілік септіктегі дербес сөзге тіркесіп қолданылады. Служебные имена употребляются только в сочетании со знаменательными словами в родительном падеже: *үйдің алдына* — перед домом, *үйдің арты* — за домом, *столдың астында* — под столом, *столдың үстінде* — на столе, *өзеннің бойы* — вдоль реки, *ауылдың маңы* — около села, *құдықтың басы* — у колодца, *үйдің қасы* — около (у) дома, *қаланың сырты* — за городом, *өзеннің жағасы* — берег реки, *үйдің жаны* — около дома, *үйдің арасы* — между домами, *қыстың ортасы* — середина зимы, *таудың төбесі* — вершина горы, *стадионның тұсы* — около (возле) стадиона.

ГРАММАТИЧЕСКИЙ КОММЕНТАРИЙ

В казахском языке имеются, помимо вспомогательных глаголов, служебные имена, которые выполняют функцию вспомогательных, служебных элементов, это: *алд, арт, қас, маң, жан, үст, аст, сырт* и т. д. Они лишены самостоятельных лексических значений и употребляются только сочетаясь с именами, которые имеют полнозначное лексическое значение и уточняют их пространственное и временное значение: *үстелдің үстінде* — на столе, *үстелдің астында* — под столом, *үстелдің маңында* — около стола, *сентябрьдің ортасында* — в середине сентября, *қыстың аяғында* — в конце зимы, *жаздың басында* — в начале лета и т. д.

1. Сөйлемнен көмекші есімді тауып, қай септікте тұрғанын айтыңыз.

Найдите служебные имена и определите их падеж.

Қ а й д а ?

Г д е ?

Үйдің сырты да, іші де адамға толды.

Біз өзеннің бойымен ауылдың маңына жақындадық.

Үйдің жанында, екі көшенің арасында ол сені күтті.

Столдың үстінде де, астында да еш нәрсе жоқ.

Қаланың сыртындағы өзеннің жағасында жақсы санаторий бар.

Мектептің қасына кітапхана салды.

В доме и вокруг дома полно людей.

Идя вдоль реки, мы подошли к селу.

Он ждал тебя около дома, между двух улиц.

Ни на столе, ни под столом ничего нет.

За городом, на берегу реки есть хороший санаторий.

Около школы построена библиотека.

ескерткіш — памятник **Қызыл алаң** — Красная площадь **кішкентай** — маленький

2. Сөйлемнен көмекші есім мен есімдікті тауып, олардағы септік жалғаудың астын сызыңыз.

Найдите в предложениях служебные имена и местоимения, подчеркните в них аффиксы падежей.

Қ а й д а?

Г д е?

1. Ертең қаланың сыртына шығамыз. 2. Сен мені үйдің жанында күтесің. 3. Екеуіміз кітапхананың алдында кездестік. 4. Театрдың алдында М. Әуезовтің ескерткіші бар. 5. Кремльдің алдында Қызыл алаң бар, онда В. И. Лениннің мавзолейі тұр. 6. Оның қасында кішкентай бала бар.

шаштараз — парикмахерская

жағажай — пляж

3. Көмекші есім тіркескен толық мағыналы сөздің қай септікте тұрғанын көрсетіңіз.

Укажите падеж знаменательного слова, с которым сочетается служебное имя.

Қ а й д а?

Г д е?

1. Қызыл алаңның жанында собор бар. 2. Кремльдің қасында музей бар. 3. Канал қаланың сыртында. 4. Каналдың жағасында жағажай бар, онда халық демалады. 5. Шаштараз біздің үйдің жанында. 6. Шаштараздың алдында аптека бар. 7. Біздің үйдің артында мектеп салынды. 8. «Арасан» комплексі қаланың ортасында тұр.

4. Сөйлемдегі есімдіктердің қай септікте екенін, дербес сөз бен көмекші есімнің тіркесін табыңыз.

Определите падеж местоимения и сочетание знаменательного слова со служебным именем.

Сен маған біздің институттың жанында кездестің. Менің қасымда Райхан болды. Сенің қасында Алмас болды. Бәріміз киноға кеттік. «Арман» кинотеатрының алдында Жамалмен кездестік. Біз кинотеатрдың ішіне кірдік, жақсы фильм көрдік.

5. Мына сөз тіркестерін қатыстырып сөйлем құраңыз.

Составьте предложения со следующими словосочетаниями:

Маған келді (ко мне пришел), менің қасыма келді (ко мне близко подошел), саған кигізді (тебя одел), сенің үстіңе кигізді (одел на тебя), осыған сал (положи сюда), осы сумканың ішіне сал (положи в эту сумку).

ойыншық — игрушка

6. Мына текстті оқып, ондағы негізгі ойды бір сөйлеммен жинақтап айтыңыз.

Прочитайте текст и расскажите его основное содержание одним предложением.

Біздің үйдің жанында «Пионер» дүкені бар. Мен ол дүкенге жиі барамын. «Пионер» дүкенінде балалар киімі, ойыншықтар, қалам, дәптер, сурет альбомы сатылады. Мен қалам, дәптер, сурет альбомын осы дүкеннен аламын.

Жаңа сөздер мен сөз тіркестері:

тау қыраны — горный орел
 орындау — выполнять
 бұйрық — приказ
 жау — враг
 қуылу — быть изгнанным
 қуу — прогонять, выгнать
 риза (разы) — довольный

1. Текстті оқып, аударыңыз, мазмұнын әңгімелеп беріңіз.

Новые слова и словосочетания:

бағалау — оценивать, определять
 стоимость
 бой жағынан — в отношении роста
 ер — герой, богатырь, храбрый
 батыр — герой, богатырь
 біркелкі — одинаковый

Прочитайте, переведите текст и расскажите его содержание.

ТАУ ҚЫРАНЫ

М. Ғабдуллин

— Мені автоматшыларға алып жүр,— деді генерал Чистяков...
 — Жолдас генерал, бұйрығыңызды орындап жатырмыз.
 — Е, орындап жатырмыз. Орындадық деп неге айтпайсың?
 — Орындадық деуге әлі ерте. Жау біздің жерімізден қуылмай, бұл сөзді айтуға болмайды.
 — Істеріне ризамын. Бүгін дивизиялық газетті сендерге арнап шығару туралы бұйрық бердім. Жақсы қызмет істедіндер, ерсіндер. Ерліктерің толық бағаланды. Жақсы. Тоқтаров қайсың?
 — Мен — Тоқтаров.
 — Өзің кішкентай ғана жігіт екенсің ғой. Мен сені үлкен екен десем...
 — Жолдас генерал, бұл автоматшылардың бәрі де бой жағынан біркелкі. Кіші болғанмен, нағыз мықты батырларымыз осылар,— деді Қарпов.

КОММЕНТАРИЙ

М а л и к Ғ а б д у л л и н — Герой Советского Союза, писатель, ученый, доктор филологических наук, профессор. Ту л е г е н Т о к т а р о в — Герой Советского Союза, героически погиб в битве за Бородино 9 февраля 1942 года.

2. Текстті оқып, аударыңыз, оған тақырып қойыңыз. Текст бойынша екі сұрақ құрастырып, оған жауап қайтарыңыз.

Прочитайте, переведите и озаглавьте текст. Составьте по прочитанному тексту два вопроса и ответьте на них.

Інім екеуіміз бүгін киноға барғанда менің досыммен кездесеміз. Менің досымның аты — Ілияс. Ілияс екеуіміз институтта бірге оқимыз. Ілияс — өте жақсы жолдас. Ол жақсы оқиды. Институтты бітіріп, Ілияс ауылға қайтады, ауылда агроном болады.

құмар — сильное желание

3. Тексті оқып, сұрақтар түрінде жоспар жасаңыз, жасалған жоспар бойынша мазмұнын айтыңыз.

Прочитайте текст и составьте к нему вопросный план. Перескажите содержание текста по составленному вами плану.

ШАХМАТ ОЙНАЙМЫЗ

Менің Дүйсен деген көршім бар. Дүйсен шахмат ойнауды жақсы көреді. Мен де шахмат ойнауды жақсы көремін. Дүйсен екеуміз сенбі күндері үнемі шахмат ойнаймыз. Дүйсен бізге келеді, не мен Дүйсенге бармын. Дүйсен шахматты жақсы ойнайды. Мен де шахматты жаман ойнамаймын. Екеуміз де шахмат ойнауға құмармыз.

жүрек — сердце Мемлекеттік тарихи музей — Государственный исторический музей

4. Тексті оқып, аударыңыз. Қызыл алаң туралы өз білетініңізді жалғастырып айтыңыз.

Прочитайте текст, переведите и продолжите его содержание, рассказывая о том, что вы еще знаете о Красной площади.

ҚЫЗЫЛ АЛАҢ

Москва — Советтер Елінің жүрегі. Москваның жүрегі — Қызыл алаңның оң жағында Покров соборы тұр, оны халық Василий Блаженный соборы дейді. Собордың қасында Минин мен Пожарскийдің ескерткіші бар. Қызыл алаңның сол жағында Мемлекеттік тарихи музей тұр.

Қызыл алаңда демонстрациялар мен парадтар өтеді.

Сөйлесеміз

Поговорим

Диалогтерді ақып, реплика бойынша қайталаңыз.

Прочитайте диалоги, а затем повторите их по репликам.

орталықта — в центре

бұрышында — на углу

1. — Сәуле, қайда тұрасың?
— Мен ЦУМ-ның жанында тұрамын.
— Орталықта тұрады екенсің.
— Иә, қаланың ортасында тұрамын.
3. — Қалқам, Қазақтың Абай атындағы пединституты қайда?
— Қазақтың Абай атындағы пединституты Совет көшесінде, парқтың алдында.

2. — Қарындас, «Арман» кинотеатры қайда?
— «Арман» кинотеатры — Ленин проспектісі мен Абай проспектісінің бұрышында, Абай ескерткішінің қасында.
4. — Балам, «Алматы» қонақ үйі қайда?
— «Алматы» қонақ үйі Калинин көшесінде, Опера театрының қарсысында.

5. — Алло, бұл «Арман» кино-театры ма?
 — Иә, «Арман» кинотеатры, мен сізді тындап тұрмын.
 — Сағат сегіздегі фильмге билет бар ма?
 — Бар.
 — Маған екі билет қалдыруыңызды сұраймын.
- Жақсы, фамилияңыз кім?
 — Рахметов.
 — Рахметов жолдас, сағат жеті жарымда (7 сағ. 30 мин.) келіп, билетіңізді алыңыз.
 — Рақмет, сау болыңыз.
 — Сау болыңыз.

КАССАДА

6. — Маған Москваға билет беріңіз.
 — Қай күнге?
 — Бірінші февральға.
 — Қай рейс?
 — Бес жүз бесінші рейске.
- Паспортыңызды беріңіз.
 — Міне паспорт.
 — Алпыс үш сом беріңіз.
 — Алыңыз, алпыс үш сом.
 — Міне, билетіңіз.
 — Рақмет.

Жазамыз

Напишем

1. Жаңа сөздерді дұрыс жазуға жаттығыңыз.
 1) Мына сөздерді дәптерге жазыңыз.
- Қызыл алаң, ескерткіш, шаштараз, құмар, тау қыраны, бұйрық, орындау, тәжірибе, Мемлекеттік тарихи музей, кішкентай.
- 2) Мына сөздерді оқытушының айтуы бойынша жазыңыз.
- Напишете слова в тетради.
- Қуу, қуылу, риза, ойыншық, ер, жау, толық, бағалау, осы, ана, мына, сол, қорғау, алды, арты, асты, үсті, жаны.
- 3) Мына сөздерді бірнеше рет оқып, оқулықты жауып, жатқа жазыңыз.
- Напишете следующие слова под диктовку преподавателя.
- Прочитайте несколько раз следующие слова, закройте книгу и напишите их по памяти.

Бой жағынан, нағыз батыр, біркелкі, жүрек, орталықта, бұрышында, жағажай, ойыншық, қалдыру, арасы, ортасы, іші, жағасы, беті, төбесі, қасы, бойы, басы, сырты, тұсы.

2. «Қызыл алаңда» деген тақырыпқа шығарма жазыңыз.
- Напишете сочинение на тему «На Красной площади».

ГРАММАТИКА

Етіс

Залог глагола

Өздік етіс		Возвратный залог	
Сөздің соңғы дыбысы Последний звук слова	Жұрнақ Аффикс	Мағына Семантика	Мысалдар Примеры
Дауыссыздан соң После согласных	-ын, -ін	Қимыл субъектіге бағытталған Действие направлено субъекту	Ол жуынды — Он умылся Ол киінді — Он оделся
Дауыстыдан соң После гласных	-н		Ол таранды — Он расчесался

Өздік етістің тіркесуі

Сочетаемость возвратного залога глагола

Бастауыш + өздік етіс:	Субъект + предикат, выраженный глаголом возвратного залога:
Ол + киінді. Ол + ойланды.	

орау — завернуть

1. Сөйлемдерді оқып, өздік етісті табыңыз.

Прочитайте предложения, найдите глагол в возвратном залоге.

Сен жуын. Ол таранды. Сен тез киін, театрға барамыз. Ол үйге сұранды. Сен жан-жағыңа қарандың. Ол киіміне орна түсті. Сіз көп ойландыңыз.

сүйеу — поддерживать

2. Мына негізгі етістіктердің баста көмекші етістігімен тіркесу түрлеріне сөйлем құраңыз.

Составьте предложения, употребляя вспомогательный глагол *баста* с данными глаголами.

үйрен
киін
сүйен

→ е бастады

ойлан
таран
сұран
жуын

→ а бастайсың

Белгісіздік есімдіктері**Болымсыздық есімдіктері****(Неопределенные местоимения)****(Отрицательные местоимения)**

әркім — каждый
 әлдекім — какой-то
 әлдене — что-то
 әлдеқашан — когда-то
 біреу — кто-то
 бірнеше — несколько

ешкім — никто
 ештеңе — ничего
 ешбір — никакой
 ешқашан — никогда
 ешқайда — никуда

1. Сөйлемдерді оқып, белгісіздік есімдіктерін табыңыз.

Прочитайте предложения, найдите неопределенные местоимения.

1. Әркім де жұмысты жақсы істесін.
2. Біреу келді.
3. Бірнеше кітап алды.
4. Ол әлдеқашан келген.
5. Ол кітапханаға әрқашан келіп тұрады.
6. Саған әлдекім келіп тұр.
7. Оған сен әлдене айттың.

1. Пусть каждый работает хорошо.
2. Кто-то пришел.
3. Взял несколько книг.
4. Он давно пришел.
5. Он всегда ходит в библиотеку.
6. К тебе кто-то пришел.
7. Ты ему что-то сказал.

2. Сөйлемдерді жазып, белгісіздік есімдігінің астын сызыңыз.

Напишите предложения, подчеркивая неопределенные местоимения.

1. Әркім де жұмысты жақсы істей алады. 2. Кейбіреулер үндемеді. 3. Әркім өз ойын айтсын. 4. Әрбір азаматтың оқуына жағдай бар. 5. Уақытты әлденеге кетіруге болмайды. 6. Біреу келді. 7. Ол оқуды әлдеқашан бітірген. 8. Ол саған әлдекім емес.

3. Мына сөйлемдердегі болымсыз есімдіктерді табыңыз.

В предложениях найдите отрицательные местоимения.

1. Ешкім ештеңе сұраған жоқ. 2. Ешбір адам маған ештеңе айтпады. 3. Мен ешқашан сенен ештеңе сұраған емеспін. 4. Сен ешқайда бармайсың. 5. Қорықпа, ештеңе етпейді.

тәртіп бұзбайды — не нарушает дисциплину

4. Мына сөйлемдердегі белгісіздік, болымсыздық есімдіктерін көрсетіңіз.

Укажите в предложениях неопределенные и отрицательные местоимения.

Біздің совхозда әркім де жұмысты жақсы істейді. Ешкім ешқашан тәртіп бұзбайды. Ешбір адам жұмыстан қалмайды. Әркім де жұмысты жақсы істейді. Жастар совхоздан ешқайда кетпейді. Көбінің бірнеше мамандығы бар. Совхозға жастар әрқашан келіп тұрады.

5. Мына есімдіктермен сөйлем құраңыз.

Составьте предложения со следующими местоимениями:

біреу, ештеңе, ешқайда, әлдене, әлдекім.

Қазақ тілінде отызға жуық көмекші етістік бар. Көмекші етістіктер көсемше, есімше формалы негізгі етістіктерге тіркесіп, оған түрлі грамматикалық мағына береді:

В казахском языке имеются около 30 вспомогательных глаголов, которые, сочетаясь с основными глаголами в форме деепричастия и причастия, придают разные грамматические значения:

келе алады — сможет прийти, *келе алмайды* — не сможет прийти (приходить), *келе бастады* — начали приходить, *келген екен* — оказывается пришел, *келе қалды* — пришел кстати (вовремя), *құлай жаздады* — чуть не упал, *келген еді* — приходил ведь, *келіп еді* — пришел же и т. д.

жоспарлау — планировать

істейтін жұмыс — работа, которая должна быть сделана

1. Мына сөйлемдердегі көмекші етістіктерді табыңыз.

В данных предложениях найдите вспомогательные глаголы.

1. Ол келіп еді, сен болмай қалдың. 2. Сен кітапты оқыған едің, ұмытып қалыпсың. 3. Мен бүгін келе алмадым. 4. Ол жазып отыр. 5. Сен көрген екенсің. 6. Сен бұл жұмысты істей аласың. 7. Мен бұл кітапты оқи бастадым. 8. Сен жығылып қалма. 9. Ол институтта оқып жүр. 10. Сен бізге жиі келіп тұр. 11. Істейтін жұмысыңды жоспарлап қой.

2. Берілген негізгі етістіктерді көрсетілген көсемше формада көмекші етістіктермен тіркестіріп, олардың әрқайсысына есімдік-бастауыш қосып оқыңыз.

Пользуясь аффиксами, образуйте основные глаголы в форме деепричастия, сочетайте их со вспомогательными глаголами, добавьте к ним местоимения (подлежащее) и прочитайте вслух.

оқы
сұра
қара
таны

п жүрсін

кет
көр
бер
кел

іп едім

ал
бар
қал
қайт

ып едік

3. Сөйлемдердегі көмекші етістіктерді табыңыз.

В предложениях найдите вспомогательные глаголы.

1. Оқушылар келе бастады. 2. Жеміс пісе бастады. 3. Адамдар жинала бастады. 4. Көкөніс жиыла бастады. 5. Бала жылай бастады. 6. Өнер өсе бастады. 7. Үйлер салына бастады. 8. Ән айтыла бастады. 9. Гүлдер өсе бастады.

4. Сөйлемдерді жазып, осы шақ жасап тұрған көмекші етістіктердің астын сызыңыз.

Напишите предложения, подчеркивая вспомогательные глаголы, которые образуют конкретно-настоящее время.

1. Ол шахмат ойнап отыр. 2. Сен сурет салып отырсың. 3. Сіз ән салып тұрсыз. 4. Сендер билеп жүрсіндер. 5. Біз телевизор көріп отырмыз. 6. Сен келе жатырсың. 7. Ол тындап отыр. 8. Сіздер көріп тұрсыздар. 9. Ол келіп тұр.

Запомните!

Емес көмекші етістігі етістіктерге тіркесіп, болымсыз етістік жасайды. Вспомогательный глагол *емес*, сочетаясь с глаголами, образует отрицательную форму: *келген емес* — (никогда) не приходил, *естіген емес* — (никогда) не слышал, *келетін емес* — не придет, *баратын емес* — не пойдет, *айтатын емес* — не скажет, *берер емес* — не даст, *тыңдар емес* — не послушает.

5. Мына етістіктердің болымсыз мағынасы қалай жасалғанын байқаңыз.

Обратите внимание на оформление отрицательного значения глагола.

Келмейді, келетін емес, келген емес, келер емес; бармады, барған емес, баратын емес, барар емес; көрмепті, көрген емес, көретін емес, көрер емес; сұрамаған, сұраған емес, сұрайтын емес, сұрар емес.

6. Төмендегі таблицда үш топқа бөлінген етістіктердің болымсыз формасының жасалу үлгісі берілген, қалған етістіктердің болымсыз формасын жасаңыз.

Пользуясь предлагаемым образцом образования отрицательной формы трех групп глаголов, образуйте отрицательные формы остальных глаголов.

Болымды етістік Положительная форма глагола	Болымсыз етістік		Отрицательный глагол
	Болымсыз етістіктің синтетикалық формасы Синтетическая форма отрицания глагола	Болымсыз етістіктің аналитикалық формасы Аналитическая форма отрицания глагола	
келген көрген берген жүрген кеткен	келмеген	келген емес	
баратын алатын қалатын айтатын қайтатын	бармайтын	баратын емес	
таныр қарар сұрар ұнатар ойнар	танымас	таныр емес	

7. Сөйлемдердегі етістіктердің болымсыз мағынасы қалай жасалғанын айттыңыз.

В следующих предложениях найдите отрицательную форму глагола и определите, как она образована.

1. Мен жұмысқа кешікпеймін. Мен жұмысқа кешіккен емеспін.
2. Ешкім ешқайда кетпейді. Ешкім ешқайда кететін емес. 3. Ешбір

адам жиналысқа кешікпейді. Ешбір адам жиналысқа кешіккен емес. 4. Ол ештеңе әкелмеді. Ол ештеңе әкелген емес. 5. Сен ештеңе айтпадың. Сен ештеңе айтқан емессің. 6. Нәтиже шықпады. Нәтиже шыққан емес.

Оқимыз

жауынгер — боец
жеңімпаз — победоносный
азамат соғысы — гражданская война

1. Текстті оқып, аударыңыз, текст соңындағы сұрақтар арқылы мазмұнын айтыңыз.

Почитаем

ардагер — ветеран
мақтан етеміз — мы гордимся

Прочитайте, переведите текст, расскажите его содержание, отвечая на вопросы, которые даны в конце текста.

АТАЛАРЫМ

Менің екі атам бар. Үлкен атам азамат соғысына, Отан соғысына қатысқан. Олар еліміздің бостандығын қорғады. Кіші атам Отан соғысына қатысып, Берлиннен жеңіспен қайтқан. Екеуі де соғыс ардагерлері, екеуі де пенсияда. Жиырма үшінші февраль күні — біздің семьяда үлкен мереке. Біз аталарымызды құттықтаймыз. Олар бізге соғыстағы ерліктерін айтады, жеңімпаз жауынгер достарын еске алады. Біз аталарымызды мақтан етеміз, олардан үлгі аламыз.

1. Үлкен атаң қай соғыстарға қатысқан?
2. Кіші атаң қай соғысқа қатысты?
3. Екеуі де соғыс ардагерлері ме?
4. Сіздің семьядағы үлкен мереке қайсы?
5. 23 февраль күні аталарыңды құттықтайсың ба?
6. Аталарың не туралы әңгіме айтады?
7. Сен аталарыңнан үлгі аласың ба?

азаматтық бoryш — гражданский
долг
өтеп жатыр — выполняет

күту — ждать
күтіп жүрмін — жду

2. Текстті оқып, аударыңыз, ондағы негізгі ойды бір сөйлеммен жинақтап айтыңыз.

Прочитайте, переведите текст, выразите его основное содержание одним предложением.

Мен 2-класта оқимын. Менің ағам Мурманск қаласында азаматтық бoryшын өтеп жүр. Ағамның солдат болғанына алты ай болды. Ағама жиі хат жазамын. Ол да маған хатты жиі жазып тұрады. Ағамның келуін күтіп жүрмін.

көсем — вождь

қос тілді — двуязычный

3. Текстті оқып, аударыңыз, оған тақырып қойыңыз.

Прочитайте, переведите текст и озаглавьте.

Әркім өз ана тілін жақсы білуі керек, ешкім оған қарсы емес, жол ашық. Мен де өз ана тілімді жақсы білемін. Менің ана тілім — қазақ тілі. Бірақ мен орыс тілін де жақсы білемін. Орыс тілі —

көсеміміз В. И. Лениннің тілі. Орыс тілін үйренудің үлгісін бізге ұлы ақын Абай көрсеткен. Ұлы ақын Абайдан үлгі алған қазақ халқының көбі орыс тілін жақсы біледі. Қазақ халқы — қос тілді халық.

Сөйлесеміз

Поговорим

тарихи — исторический

ана — тот

Диалогтерді тындап алып, оқытушы-
дан кейін қайталаңыз.

Прослушайте диалоги, а затем повто-
ряйте их вслед за преподавателем.

1. — Азамат, сені үлкен мереке — жиырма үшінші (23) февраль күнімен құттықтаймын!
— Азамат рақмет, сені де Совет Армиясының үлкен мерекесімен құттықтаймын! Бұл күн екеуімізге де өте қадірлі.
— Иә, тарихи жеңісті әкелген — совет жауынгерлері, оның ішінде екеуіміз де болдық.
— Әрине, соғыстың басынан аяғына дейін қатыстық.
— Енді соғысты болдырмауға күш саламыз.
— Соғысты болдырмаймыз!
2. — Жолдас, «Қазақстан» қонақ үйі қайда?
— «Қазақстан» қонақ үйі екі көшеден соң, ана тұрған биік үй.
— Оған қалай баруға болады?
— Қазір он бірінші троллейбусқа отырыңыз, келесі аялдамадан түсесіз.
— Рақмет!
3. — Ерлан, мереке құтты болсын!
— Бірге болсын!
— Хал қалай?
— Жақсы.
— Үйде отырсың ба?
— Иә, үйдемін.
— Мен саған қазір барамын, күт.
— Жақсы, кел.
4. — Қалқам, аэровокзал қайда?
— Аэровокзал Максим Горький көшесінде, оған отыз бесінші автобус барады. Қазір 35-автобусқа отырыңыз, бірнеше аялдамадан соң барасыз.
— Рақмет!
5. — Бұл кісі кім?
— Бұл кісі — Болат Исаевич, біздің көршіміз. Болат Исаевич — өте жақсы хирург.
— Фамилиясы қалай?
— Фамилиясы — Ахметов.

- Ал менің фамилиям — Жанатов, атым — Қасым, әкемнің аты — Асан. Сізбен танысқанымға қуаныштымын.
- Қасым Асанович, мен де танысқанымға қуаныштымын.
- 6. — Апа, біреу сізді сұрайды.
- Келсін, жоғары шықсын.
- Келіңіз, апам үйде, жоғары шығыңыз.
- Рақмет, апаң мені ұмытқан шығар.
- Неге ұмытамын, Мәриям. Сағындым ғой, көрмегелі көп болды. Қайда жүрдің, халің қалай? Айта бер әңгімеңді.
- Хал жақсы. Оқу бітіргелі Жамбылдамын. Мектепте мұғаліммін. Жұбайым да оқытушы, бірге істейміз. Үш ұлым, бір қызым бар. Бақытты семьямыз. Денсаулық жақсы. Өзінді көргелі әдейі іздеп келдім.
- 7. — Айжан, ағаңнан хат келді ме?
- Рақмет, хат алдық, саған сәлем айтты.
- Рақмет, менен де сәлем айт. Ағаң қазір қай жерде?
- Ағам Түркменстанда азаматтық борышын өтеп жатыр. Ағам әскери оқу ұнайды. Енді бір жылдан соң қайтады. Мен ағамның келуін күтіп жүрмін.
- Бір жыл тез-ақ өтіп кетеді. Күткен ағаң келеді, қуанасың.
- Айтқаның келсін, рақмет саған. Маған бір жыл көп уақыт сияқты.
- 8. — Ақмарал, сенің атаң Отан соғысына қатысқан ба?
- Әрине, менің атам Берлиннен жеңіспен қайтқан. Атамның ордендері, медальдары көп. Сенің атаң ше?
- Иә, менің атам да — соғыс ардагері, полковник. Атамның «Ленин» ордені бар. Біздің аталарымыз — Отанды жаудан қорғаған жеңімпаз жауынгерлер ғой. Олар бізге бақытты өмір сыйлады. Неміс фашистерін жеңген аталарымызға көп-көп рақмет!

Жазамыз

Напишем

1. Жаңа сөздерді дұрыс жазуға жаттығыңыз:

а) Төмендегі сөздерді бірнеше рет оқып, жатқа жазыңыз.

Поупражняйтесь в правильном написании новых слов:

Прочитайте несколько раз следующие слова и словосочетания, напишите их по памяти.

Азамат соғысы, Отан соғысы, үлкен атам, кіші атам, ардагер, мақтан етемін, көсем, азаматтық борыш, өтеп жүр, қос тілді, әрқашан, әлдекім, әлдеқашан, бірнеше, ешкім, ештеңе, ешбір, ешқашан, тарану, киіну, жуыну, сүйеу, тәртіп бұзбау, жеңімпаз, нәтиже.

б) Сөз тіркестерін көшіріп, жазылуын есте сақтаңыз.

Списывая словосочетания в тетради, запомните их орфографию.

Азамат соғысына қатысу, Отан соғысының ардагері, аталарымды мақтан етемін, сені күтіп жүр, батыр жауынгер, азаматтық борышын өтеу, қос тілді адам, жолдас, кешіріңіз, келесі аялдама, бірнешеуі қонақ үйде, әрқашан таза, әлдекімдер келеді екен, ұлы көсемді ешқашан ұмытпаймыз, ешқайда бармайсың, ол жуынды, таранды, адамға сүйену, қолын орау, тәртіп бұзбау, нәтиже шықпады, жеңімпаз армия.

2. Тексті бірнеше рет оқып, мазмұндама жазыңыз.

Прочитайте текст несколько раз, напишите изложение.

СОВЕТ СОЛДАТЫ

Совет солдаты — жеңіспаз жауынгер. Оның ерлігін жер жүзі біледі. Совет солдаты өз елінің бостандығын қорғайды. Совет солдатына өз елінің бақытынан, бостандығынан қадірлі ештеңе жоқ.

Жаттаймыз

Учим наизусть

САҚШЫ

Шекараға түн түнеп,
Қараңғылық кеп жетті.
Көк әлемі күркіреп,
Қара жауын селдетті.
Қалт етпестен тұр тыныш,
Өз орнында ер сақшы,
Таныс оған әр дыбыс,
Таныс оған жер жақсы.
Торлай берсін түн мейлі,
Құйсын жауын, жел сарнап.
Қалт етуді білмейді,
Қыран көзді ер солдат.
(І. Мәмбетов)

В стихотворении «Пограничник» говорится о зорком солдате — пограничнике, который не знает страха и не дрогнет даже тогда, когда ночь темна, гремит гром, идет проливной дождь, потому что дорожит каждой пядью родной земли.

ГРАММАТИКА

Ырықсыз етіс

Страдательный залог глагола

Дауыссыздан соң После гласных	-ыл, -іл	Объект субъек- тінің орнында Объект вместо субъекта	<i>Егін орылды — Урожай убран Тамақ пісіріл- ді — Еда приго- товлена (сварена) Жұмыс істелді — Работа выполне- на (закончена)</i>
Дауыстыдан соң После соглас- ных	-л		

Ырықсыз етістің тіркесуі

Сочетаемость глагола в стра-
дательном залоге

**Бастауыш + ырықсыз етіс: Субъект + предикат (глагол в стра-
дательном залоге):**

Сөз + айтылды. Жұмыс + істелді. Су + төгілді.

мәселе — вопрос, дело

көмек — помощь

шақырылу — призываться

той — пир, торжество

**1. Сөйлемдегі ырықсыз етісті табы-
ңыз.**

Укажите в предложениях залог гла-
гола.

Бүгін мәселе жақсы шешілді. Сізге көмек көрсетілді. Шай тез ішілді. Киімдер киілді. Түрлі сөздер айтылды, оның бәрі дұрыс тыңдалды. Сұрақтар да қойылды. Жауаптар да берілді. Балаңыз әскерге шақырылды. Той жасалды.

2. Оқы, сұра, жина, есті етістіктері-
нен ырықсыз етіс жасап, онымен сөй-
лем құраңыз.

От глаголов *оқы, сұра, жина, есті*
образуйте страдательный залог и со-
ставьте с ними предложения.

төк — вылей

жақ — зажги

**3. Төмендегі етістіктерден ырықсыз
етіс жасаңыз. Ондағы регрессивтік
ассимиляцияның әсерін байқаңыз,
олармен сөйлем құраңыз.**

От указанных глаголов образуйте
страдательный залог и составьте с
ними предложения. Помните: при этом
участвует регрессивная ассимиляция.

Ек, төк, бақ, жақ.

Ұяң, сонор- дан соң После звон- ких, сонор- ных	-ғыз, -гіз, -дыр, -дір	Қимыл бі- реудің эсерімен жасалады Действие соверша- ется под влиянием кого-то	<i>Ол хат жазғызды —</i> Он заставил писать письмо. <i>Ол киім ки- гізді —</i> Он одел его. <i>Ол кітапты алдыр- ды —</i> Он заставил взять книгу.
Қатаңнан соң После глухих	-қыз, -кіз, -тыр, -тір		<i>Сен шынын айтқыз- дың —</i> Ты заставил сказать правду. <i>Оған көрсеттір —</i> Заставь показать.
Дауыстыдан соң После гласных	-т		<i>ойлат —</i> заставь ду- мать, <i>сұрат —</i> пусть спросит.

Объектілік сөз тіркесі

Объектное словосочетание

Табыс септіктегі сөз + өзге-
лік етіс:Слово в винительном паде-
же + глагол в понудительном
залоге:*өлеңді + айтқызды, өнерді + көрсетті.*1. Мына етістіктерден өзгелік етістің
қалай жасалғанын байқаңыз.Обратите внимание на образование
Енді, жаңа, күнде, күздігүні, түні бойы, күні бойы, былтыр, анда-санда, онда, сонда, мұнда, сыртта, ілгері(де), баяндамашы, орналасу, үнемді, пайдалану, ұйымдасу, тың игеру, аудан, шақырым, бөлімше, сегіз жылдық, жүзумен айналысу, қазына, сондықтан, қайда, қайдан.

2. Жаңа сөздерді сөз тіркестері құрамында бірнеше рет оқып, олардың мағынасы мен жазылуын есте сақтаңыз.

Енді барма, жаңа келді, күнде көреді, күздігүні піседі, түні бойы оқыды, күні бойы жұмыста, былтыр көрген, анда-санда келеді, сыртта тұр, ілгері жүр, баяндамашы келді, халық қазынасы, жұмысқа орналасу, үнемі пайдалану, тың игеруге келеді, аудан жиырма (20) шақырымдай, ол жүзумен айналысады.

3. «Менің семьям» деген тақырыпқа шығарма жазыңыз.

- Облыс орталығынан алыс па?
— Алыс, 250 шақырымдай жерде.
— Оған қалай барасыңдар?
— Поезд жүреді.
— Қанша сағат жүреді?
— Алты сағаттай жүреді.

тың игеру — освоение целины
сегіз жылдық (мектеп) — восьмилетняя (школа)

4. — Сен спортты ұнатасың ба?
— Әрине, мен суға жүзумен айналысамын.
— Гүлжан ше?
— Гүлжан гимнастикамен айналысады.
— Балаларың да спортпен айналыса ма?
— Әрине. Үлкен ұлым — футболшы, кіші ұлым — шахматшы, қызым гимнастикамен айналысады.

Напишем

- Перепишите новые слова в тетрадь.

Прочитайте несколько раз новые слова в составе словосочетаний, запомните их значение и написание.

- Напишите сочинение на тему «Моя семья».

ГРАММАТИКА

Есімше

Причастие

Қосымша — Аффиксы	Мағына — Семантика	Мысалдар — Примеры
1) -ған, -ген, -қан, -кен	өткен шақ — прошедшее время	<i>оқы + ған, айт + қан, кел + ген, кет + кен</i>
2) -атын (-етін, -йтын, -йтін)	өткен шақ — прошедшее время	<i>бар + атын, кел + етін, қара + йтын, же + йтін</i>
3) -ар, (-ер, -р, -с)	келер шақ — будущее время	<i>бар + ар, кел + ер, сөйле + р, сөйлеме + с</i>

Объектілік сөз тіркестері

Объектное словосочетание

Септік жалғаулы есім сөз + есімше (баяндауыш): *Кітапты +
+ оқырсыз. Қаладан + кеткенсің. Үйде + жатқансыз.*

1. Мына сөйлемдерден *-ған* тұлғалы есімшелерді табыңыз, тексті аударыңыз.

Найдите в тексте причастия на *-ған*.
Переведите текст.

1. Біздің совхоз ауданға жақын орналасқан. Әкем ауданнан жаңа келген. Маған қызық кітап әкеліпті. Бұл кітапты мен оқымағанмын, қарындасым оқыған екен. 2. Совхозға жаңа директор келген. Қызы менімен бірге оқиды. Оның аты — Тая. Екеуіміз доспыз. Кеше мені үйіне апарған. Сонда әкесін көргенмін.

2. Төмендегі етістіктерді *-ған* тұлғалы есімшеге айналдырып, олармен 5—7 сөзден тұратын сөйлемдер құрастырыңыз.

От следующих глаголов образуйте причастие на *-ған* и с ними составьте предложения (не менее, чем из 5—7 слов).

Үлгі: | Образец: | *Ол сабағын жақсы оқыған.*

Кел, бар, айт, көр, бер, оқы, жат.

Запомните!

В казахском языке причастие выступает не только в роли объекта, но и выполняет функцию определения и образует определительное словосочетание, которое на русский язык переводится, как правило, придаточным определительным предложением:

Есімше + есім сөз:

Причастие + именное слово:

келген + адам (человек, который пришел), *алған адам* (человек, который взял)

1. Сөйлемдерден есімше арқылы жасалған анықтауыштық сөз тіркестерін тіріп жазыңыз.

Выбишите из предложений определительные словосочетания с причастиями.

Келген адам — менің інім. Менің інімнің бітірген жұмыстары өте жақсы. Інімнің алған білімі терең. Оның оқыған кітаптары көп. Інімнің үйренген тәжірибесі де жақсы. Алған білімі, үйренген тәжірибесі оның өнімді еңбек етуіне көмектеседі. Інімнің өндірісте тапқан жаңалықтары мол.

2. Төмендегі есімшелермен анықтауыштық сөз тіркестерін жасаңыз.

Составьте определительные словосочетания со следующими причастиями.

Сөйлейтін, алатын, жазған, сынаған, айтпаған, барар, ұнатар, ұстайтын.

3. Төмендегі сөз тіркестерімен сөйлем құраңыз.

Составьте предложения со следующими словосочетаниями.

Үлгі:

Образец:

Біздің қалада білімді адамдар көп.

Білімді адам, білетін студент, келер күн, баратын қала, үйренетін үлгі.

4. -ған тұлғалы есімшені табыңыз, қай жақта екенін айқындаңыз.

Найдите причастия на -ған и определите их лицо.

Мен сабақты кеше оқығанмын, ал сен әлі оқыған жоқсың — күні бойы телевизор көріп отырғансың. Марал да сабағын дайындап болған. Кеше екеуіміз бірге болғанбыз.

Запомните!

Отрицательная форма причастия на -ған образуется путем прибавления к основе глагола аффикса -ма (-ме, -ба, -бе, -па, -пе) и отрицательных слов **жоқ, емес**, к которым присоединяется аффикс лица: *барған — бармаған, барған — барған жоқ, барған жоқсың, барған емессің.*

1. Төмендегі етістіктерді болымсыз есімшеге айналдырыңыз.

Образуйте отрицательную форму следую-щих причастий.

Үлгі: | отыр — *отырмаған, отырған жоқ, отырған емес.*
Образец:

Отырған, барған, кеткен, келген, ішкен, айтқан, көрген, қалған, қайтқан.

2. 1-жаттығудағы болымсыз есімше-лерді пайдаланып сөйлем құраңыз. Әр сөйлемнің құрамында кемінде 5—7 сөз болсын.

С каждым отрицательным причастием 1-го упражнения составьте предложе-ние, в котором должно быть не менее 5—7 слов.

Үлгі: | Ол мұнда әлі келген жоқ.
Образец:

Запомните!

Причастие в казахском языке принимает аффиксы принад-лежности, форму множественного числа, аффиксы лица и па-дежей.

Есімшенің тәуелденуі

Причастие с аффиксами при-надлежности

Жекеше (ед. ч.)	Көпше (мн. ч.)
I. Менің оқыған + ым	Біздің оқыған + ымыз
II. Сенің оқыған + ың	Сендердің оқыған + дарың
Сіздің оқыған + ыңыз	Сіздердің оқыған + дарыңыз
III. Оның оқыған + ы	Олардың оқыған + дары

рас — правда

қызық — интересный//интересно

1. Сөйлемдердегі есімшелерді тауып, оларға қандай қосымша қосылғанын табыңыз.

Найдите в предложениях причастия и определите в каждом из них аффик-сы.

1. Келгеніңіз дұрыс болды. 2. Сұрағаныңыз табылды. 3. Білеті-ніңіз рас. 4. Санағаныңыз жақсы. 5. Баратыным — сол үй. 6. Жа-затыным — хат. 7. Айтарымыз осы сөз. 8. Көретіні — кино. 9. Кел-гендерің жаңа ғана, отыра тұрмайсындар ма? 10. Оқығаның қызық кітап па?

2. Мына есімшелерге тәуелдік жал-ғауларын жалғаңыз.

К следующим причастиям прибавьте аффиксы принадлежности.

Тыңдаған, оқитын, жүрер, көрген, барған, алатын.

3. -ған тұлғалы есімшені төмендегі есім сөздердің алдында қолданыңыз.
Перед следующими существительными употребите причастия на -ған.

Үлгі:
Образец:

| оқыған адам, ...

Адам, оқушы, артист, мұғалім, мектеп, жаңбыр.

-ған тұлғалы есімшенің септелуі
Склонение причастия на -ған

Септіктер (падежи)	Жекеше (ед. ч.)	Көпше (мн. ч.)	Тәуелді септелу (притяжательное склонение)
Атау Ілік Барыс Табыс Жатыс Шығыс Көмектес	оқыған оқығанның оқығанға оқығанды оқығанда оқығаннан оқығанмен	оқығандар оқығандардың оқығандарға оқығандарды оқығандарда оқығандардан оқығандармен	оқығаным оқығанымның оқығанымға оқығанымды оқығанымда оқығанымнан оқығаныммен

жалықпау — не лениться

1. Көп нүктенің орнына тиісті септік жалғауын жазыңыз.
Вместо точек допишите нужные падежные окончания.

Каникулда ағам... бірге Москваға барғанмын. Москваны көрген... бірі менмін. Москва үлкен қала екен. Он... оқыған адамдар да көп. Көргенім... айтып келдім. Менің әңгімем... қызыққан балалар көп болды. Көргенім... бәрін сұрады. Балалар әңгіме тыңдау... жалықпады.

2. Төмендегі етістіктерден -атын, -етін, -йтын, -йтін тұлғалы есімшелер жасап, олармен сөйлем құраңыз.
От следующих глаголов образуйте причастия на -атын, -етін, -йтын, -йтін и составьте с каждым из них по предложению.

Үлгі:
Образец:

| Ұйықтайтын. Сәуле күнде кешкі сағат онда ұйықтайтын.

Ұйықта, жаз, жат, бар, көр, сан, айт.

3. Төмендегі сөйлемдерден есімшелерді жазып, есімшенің жұрнағының астын сызыңыз.
Выпишите причастия и подчеркните в них affixe.

Біз оны күнде көретінбіз. Оның аты — Барлас. Ауданнан жақында келген. Бұрын онда механик болып жұмыс істейтін. Кейін біздің совхозға бас механик болып орналасқан. Мектебімізге де келетін, әңгіме айтатын. Бәріміз оның сөзін тыңдайтынбыз. Оны «Барлас ағай» деп атайтынбыз.

4. Мына сөйлемдерден *-атын* тұлғалы есімшені тауып, оның қай жақта екенін көрсетіңіз.

Найдите причастия на *-атын* и определите их лицо.

1. Мен жылда ауылға баратынмын. Достарымды көретінмін.
2. Ардақ қаладан шықпайтын, үйінде болатын. Анда-санда маған келетін, мен сонда қуанатынмын. Орал да әжесіне баратын. Ауылда көңілді демалатынбыз. Біз бірге қалаға қайтатынбыз.

5. Мына сөйлемдерден *-ар* тұлғалы есімшені тауып, оның қай жақта тұрғанын айтыңыз.

Найдите причастия на *-ар* и определите их лицо.

Оралға ертең барармын деп отырмын. Сен кейін барарсың. Ораздар да келіп қалар. Өзім қарсы алармын. Сен кейін жолығарсың.

6. Мына сөйлемдерден есімшелі сөз тіркестерін табыңыз.

Найдите в тексте словосочетания с причастиями.

1. Көп оқитын адам көп біледі. 2. Келген оқушы — Асқар. 3. Баратын адам — Марат. 4. Көретін кино болмай қалды. 5. Жүретін жол — алыс. 6. Ойнайтын бала табылмады. 7. Көп оқыған адам көп біледі.

7. Төмендегі етістіктерден болымсыз есімшелер жасаңыз.

От следующих глаголов образуйте причастия в отрицательной форме.

Ү л г і:
О б р а з е ц: | *келмейтін, келмеген, келмес.*

Кел, сал, ал, бер, дайында, көр, жет, кес.

8. *Көретін* деген есімшені үш жақта жіктеңіз.

Причастие *көретін* проспрягайте в трех лицах.

Оқимыз

Почитаем

шаршау — уставать
ертек — сказка
тез — быстро

картаю — стареть
қартайған — постарел
жиі — часто

1. Сөйлем топтарын оқып, ондағы негізгі ойды бір сөйлеммен жинақтап айтыңыз.

Прочитайте текст и выразите его основное содержание одним предложением.

1. Қласта 35 оқушы бар. Олар сабақтарын жақсы оқиды. Өте жақсы оқитындар — Оля, Алма, Алмас. Бұл мектепте бұрын менің ағам оқыған. Қазір ол ауылда жұмыс істейді. 2. Қарындасым Алматыда тұрады. Хатты жиі жазады. Мені де шақырады. Кейін барармын деп ойлаймын. Қазір апама көмектесуім керек. Ол тез шаршайды, қартайған. Мен оны жақсы көремін. Маған ертең айтып береді.

сурет салу — рисовать
басқару — руководить
алғашқы — первый
тарау — расходиться

қыза түсу — накаляться
күресу — бороться
басқа — другой
ұйымдастыру — организовать
кеше — вчера

2. Тексті оқып, оған сұрақ қойыңыз, текст бойынша жауап беріңіз.

Прочитайте текст, составьте по нему вопросы и ответьте на них.

Кеше қар жауған. Балалар алаңда ойнады. Үлкеніміз — Марал. Ол сурет салады. Ағасынан үйренген. Біздер неше түрлі ойын ойнадық. Жаксы демалдық. Күн жылы болды. Балалар күрес ұйымдастырды. Оны Марал басқарды. Алдымен Сержан мен Серік күресті. Біз қарап тұрдық. Күрес қыза түсті. Кейін басқа ойындар ойнадық. Кешке үйімізге тарадық.

Аударамыз

Переведем

1. Мына сөздерді орыс тіліне аударыңыз.

Переведите данные слова на русский язык.

Тоқу, шоқу, сауысқан, өнер-білім, жалықпау, күз, жолығу, сурет салу, басқару, алғашқы, тарау, күресу, бағалы, басқа.

2. Төмендегі диалогті қазақ тіліне аударыңыз.

Переведите диалог на казахский язык.

нашар — неважно

— Здравствуйте, Ораз Батырханович. Как ваши дела?

— Неважно, Сержан Мусаевич. Я плохо себя чувствую.

— А вы пойдите к врачу.

— Да, я недавно был у врача. Он говорит, нужно заниматься спортом. Это в моем-то возрасте.

— А я думаю, что врач прав. Мне уже 70 лет, а я прекрасно себя чувствую, потому что занимаюсь спортом. Летом играю в теннис, а зимой хожу на лыжах. И вам советую заниматься спортом, будете себя чувствовать хорошо.

Сөйлесеміз

Поговорим

Диалогтерді оқып, соңынан қайталаңыз.

Прочитайте диалоги, а затем воспроизведите их.

1. — Кітапты оқыған кім?

— Кітапты оқыған — Марал.

— Марал кімнің қызы?

— Марал — біздің көршінің қызы.

— Көршіңнің аты кім?

— Көршімнің аты — Сәрсен ағай.

- Ол қайда жұмыс істейді?
 - Ол мектепте — мұғалім.
 - Өзіңнің әкең кім болып істейді?
 - Менің әкем жер суарады.
 - Мектеп бітірген соң қайда барасың?
 - Совхозда жұмыста қаламын.
 - Қандай жұмыс істейсің?
 - Механизатор боламын.
2. — Сен жұмысқа немен барасың?
- Автобуспен барамын.
 - Қай автобуспен барасың?

- 5-ші автобуспен барамын.
- Жолда қанша жүресің?
- Жарты сағаттай жүремін.
- Жұмыстан кешікпейсің бе?
- Жоқ, кешікпеймін.
- Сен жұмыста кім болып істейсің?
- Мен инженер болып істеймін.
- Семьяң бар ма?
- Бар, екі балам бар.
- Демалыста болдың ба?
- Жоқ, болғаным жоқ.
- Қай уақытта демаласың?
- Күзде.

Жазамыз

Напишем

1. Жаңа сөздерді тактаға, соңынан дәптерге жазыңыз.

Напишите на доске и в тетради новые слова.

Жалықпау, бас механик, жиі, ұйымдастыру, күзде, оралу, қарсы алу, жолығу, ертеке, картаю, сурет салу, басқару, тез, қызық, кеше, алғашқы, тарау, қыза түсу, күресу, басқа, Одақ, шаршау, бағалы.

2. «Менің әжем» деген тақырыпқа шығарма жазыңыз.

Напишите сочинение на тему «Моя бабушка».

Бақылау жұмысы

Контрольная работа

1. Төмендегі сөйлемдерден септелген сөздерді теріп жазып, қай септікте тұрғанын анықтаңыз.

Из текста выпишите слова с падежными аффиксами и определите их падеж.

Ү л г і: | біздің (і. с.), маған (б. с.), жұмысты (т. с.), біті-
О б р а з е ц: | руді (т. с.), ...

1. Біздің басшымыз маған жұмысты бітіруді тапсырды. 2. Біз оқытушымыздың сөзін орындаймыз. 3. Ол үйінде кітап оқып отыр. 4. Ол баласына кітап әкелді.

2. Төмендегі тұйық етістіктерді септеңіз.

Измените по падежам инфинитивные глаголы.

Көру, бару.

3. Мына сөйлемдегі қалау райлы етістіктің астын сызып, қай жақта екенін көрсетіңіз.

Подчеркните глагол в желательном наклонении, укажите лицо.

1. Менің институтқа түскім келеді. 2. Олардың Алматыға келгісі келеді. 3. Біз мектепті тез бітіргіміз келеді. 4. Сенің қайда оқығың келеді? 5. Сіздің шахмат ойнағыңыз келе ме? 6. Оның киноға барғысы келеді.

4. Мына сөйлемдерден негізгі, туынды түбір етістіктерді теріп жазыңыз.

Выпишите из следующих предложений непроизводные и производные глаголы.

Асқар үйге қайт. Бүгін киноға барамыз. Сен кешікпей кел. Сабағыңды дайында. Әуелі тамақ іш. Ойынды қой. Айтқан сөзді тыңда.

5. Мына сөйлемдерден күрделі етістіктерді теріп жазыңыз.

Из предложений выпишите сложные глаголы.

Әкем газет оқып жатыр. Апам тамақ дайындап жүр. Інім кітап оқып отыр. Біз кинодан келдік. Қазір бәріміз тамақ ішеміз.

6. Сөйлемдердегі есімшелерді тіркескен сөзімен бірге теріп жазыңыз.

Выпишите словосочетания с причастием.

Көп оқыған адам көп біледі. Маған оқитын кітап керек. Келер уақтысы болып қалды. Айтатын сөзін ойлап отыр. Келген кісі бізге таныс.

7. Сөйлемдегі есімшелердің қай шақта тұрғанын көрсетіңіз.

В следующих предложениях определите время причастий.

Ол былтыр келген. Сен ертең келерсің. Мен командировкаға бармақпын. Сен бұрын бізге жиі келетінсің.

8. Мына сөйлемдерден үстеулерді теріп жазыңыз.

Из предложений выпишите наречия.

Ол институтты былтыр бітірді. Биыл қызмет істеп жүр. Ол — қазір мұғалім. Оның уақыты өте аз. Мектеп үйіне жақын.

Жаттаймыз

Учим наизусть

*Сөзі Гетенікі
Әні Абайдікі*

Слова Гете

*Қараңғы түнде тау қалғып,
Ұйқыға кетер балбырап.
Далины жым-жырт, дел-сал*

*Горные вершины
Спят во тьме ночной;
Тихие долины
Полны свежей мглой;
Не пылит дорога,
Не дрожат листы...
Подожди немного,
Отдохнешь и ты.*

*Түн басады салбырап.
Шаң шығармас жол-дағы,
Сілкіне алмас жапырақ.
Тыншығарсың сен-дағы,
Сабыр қылсаң азырақ.*

(Перев. М. Ю. Лермонтова)

(Перевод с русского Абая)

КОММЕНТАРИЙ

В 1840 году М. Ю. Лермонтов перевел из Гете отрывок «Горные вершины», а в конце XIX века казахский поэт Абай перевел его на казахский язык и написал музыку.

ГРАММАТИКА

Құрмалас сөйлем

Сложное предложение

суыту — охлаждать, похолодеть

Жай сөйлем + жай сөйлем =
құрмалас сөйлем:Простое предложение + прос-
тое предложение = сложное
предложение:*Қар жауды. Күн суытты* — Выпал снег. Похолодало.*Қар жауған соң, күн суытты* — Когда выпал снег, стало холодно.

Запомните!

В казахском языке связывающим средством частей сложного предложения выступает сказуемое первого простого предложения.

аксақал — почтенный, старейшина

1. Текстен құрмалас сөйлемдерді тегіп жазыңыз.

Из текста выпишите сложные предложения.

Ақсақал келді. Балалар қарсы алды. Ақсақал класта болып, әңгіме айтты. Әңгімесі қызық болды, бәріміз жақсы тыңдадық. Ол бұрын Жамбылды көрген. Жамбылдың елендерін айтып берді. Немересі біздің класта оқиды, оқуы жақсы. Ол менен бір жас үлкен. Атасын жақсы көреді, оның айтқанын тыңдайды. Ақсақал әңгімесін бітірді, бәріміз риза болдық.

қоңырау — звонок
жауап — ответ

қоңырау соғылды — зазвенел звонок
ас — еда

2. Төмендегі жай сөйлемдерден құрмалас сөйлемдер құрастырыңыз.

Из следующих простых предложений составьте сложные предложения.

Үлгі:

Образец:

| *Үйге келдім, ағам қарсы алды.*

Омар келді. Мен шығып кеттім. Қоңырау соғылды. Сабақ басталды. Мұғалім келді. Бәріміз орнымыздан тұрдық. Жақсы жауап бердім. Мұғалім жақсы баға қойды. Үйге келдім. Ағам қарсы алды. Ас іштім, далаға шықтым.

3. Құрмаластың алғашқы сөйлемінің
баяндауышын тауып, астын сызыңыз.

Найдите сказуемое в первой части
сложного предложения и подчеркни-
те его.

Көктем келді, егін салу басталды. Мен комбайнға отырдым. Марат трактор жүргізеді. Биыл егін мол шықты. Кеше жанбыр жауып, жұмыс аз істелді. Бұған біз ренжідік. Бүгін күн ашылды, жұмыс қыза түсті. Күн батты, жұмыс біте қойған жоқ. Көмекке басқа адамдар келді.

ГРАММАТИКА

Құрмалас сөйлемнің түрлері

Виды сложного предложения

1. Салалас құрмалас сөйлем:

Қоңырау соғылды, сабақ басталды.

2. Сабақтас құрмалас сөйлем:

Қоңырау соғылғанда, сабақ басталды.

Сложносочиненное предложение:

Прозвенел звонок, и начался урок.

Сложноподчиненное предложение:

Когда прозвенел звонок, начался урок.

Запомните!

Связывающее сказуемое сложносочиненного предложения стоит в законченной форме, а связывающее сказуемое сложноподчиненного — в незаконченной форме.

он төрт — четырнадцать
бір-бірімізге — друг-другу
сабақ беру — преподавать
жуырда — недавно
ауыру — заболеть

кейде — иногда
өзгелері — другие
ер бала — мальчик
түске дейін — до обеда
түстен кейін — после обеда

1. Текстен құрмалас сөйлемді тауып, баяндауыштарының қалай жасалғанын айтыңыз.

Найдите в тексте сложные предложения, объясните способ образования в сказуемых.

Біздің курста жиырма бес студент бар, оның он төрті — қыз балалар, өзгелері — ер балалар. Біз бір-бірімізге әрқашан көмектесіп отырамыз. Жуырда Алма ауырып қалып еді, үйіне барып халін білдік. Сабаққа да кейде бірге дайындаламыз. Нағима апай физикадан сабақ берсе, Қайырғали ағай математикадан сабақ береді. Біздің курстың студенттері түске дейін оқыса, ағам оқитын курстың студенттері түстен кейін оқиды.

2. Үйренген сөздеріңіз бойынша салалас құрмалас сөйлем құраңыз.

При помощи изученных слов составьте сложносочиненные предложения.

Үлгі:

Образец:

Ағам, кала, келу, мен, қуану. — Қаладан ағам келді, мен қуандым.

ГРАММАТИКА

Салалас құрмалас сөйлемнің түрлері

Виды сложносочиненных предложений

1. Жалғаулықсыз салалас құрмалас сөйлем:

Бессоюзное сложносочиненное предложение ¹:

Ағам келді, мен қуандым — Пришел брат, я обрадовался.

2. Жалғаулықты салалас құрмалас сөйлем:

Союзное сложносочиненное предложение:

Ағам келді де, мен қуандым — Пришел брат, и я обрадовался.

түсіндіру — объяснять

алайда — однако

1. Мына текстен алдымен жалғаулықсыз салалас, одан кейін жалғаулықты салалас құрмалас сөйлемдерді көшіріп жазыңыз.

Выпишите сначала бессоюзные, а затем союзные сложносочиненные предложения.

Мұғалім келді де, сабақ басталды. Ол жаңа сабақты түсіндірді, біз тындап отырдық. Әңгіме Отан соғысы туралы болды. Мұғалім сабақты түсіндіріп болды да, бізден кімнің атасы соғысқа қатысқанын сұрады. Он бес бала қол көтерді. Азат тұрып: «Менің атамның үш ордені бар, ол — соғыс ардагері» — деді.

өкілдер — представители

тәрбие — воспитание

2. Төмендегі текстен құрмалас сөйлемді тауып, оларды байланыстырушы баяндауышты тиянақты тұлғаға келтіріп жазыңыз.

Найдите в тексте сложные предложения, затем связывающие их сказуемые поставьте в законченной форме.

Біздің совхозда көп ұлттың өкілдері бар. Бәрі де тату тұрады. Шешем совхозға жұмысқа орналасқан соң, мен әжемнің тәрбиесінде болдым. Ол маған көп ертегі үйретті. Әкем жұмыстан келгенде, мен оған ертегі айтып беремін.

толтыру — заполнить

алғыс — благодарность

3. Жалғаулықсыз салалас құрмалас сөйлемдерді тауып, ондағы мағыналық қатынасты анықтаңыз. Тексті аударыңыз.

Найдите бессоюзные сложносочиненные предложения, определите в них смысловые отношения, а затем переведите текст.

¹ В казахском языке, в отличие от русского языка, бессоюзное сложное предложение входит в состав сложносочиненного предложения.

Күзде біз совхозға көмекке барамыз. Биыл алманың өнімі жақсы. Көктем ерте шықты, жаңбыр жиі жауды. «Дружба» совхозы бізге таныс. Бізді агроном қарсы алды. Күн ыстық болды. Жұмыс қыза түсті. Жанат алманы көп жинады. Агроном бізге алғыс айтты.

қош айтысу — попрощаться

4. Мезгілдік қатынасты білдіретін жалғаулықсыз салалас сөйлемдерді көшіріп жазыңыз.

Выпишите бессоюзные сложносочиненные предложения, которые выражают временные отношения.

Біз класта отырмыз. Есік ашылды, мұғалім келді. Бұл — Владимир Борисович. Ол біздің мектепке келгелі екі жыл болды. Мұғалім бірнеше сөйлем жазды, біз оны оқыдық. Кейбір сөздерді жазып алдық. Ағай сабақ түсіндірді, біз тындадық. Сабақ бітті, оқытушы бізбен қош айтысты.

Оқимыз

Почитаем

Жаңа сөздер:

Новые слова:

толу — наполниться
тулар — знамена

лақтыру — бросать
іздеу — искать

1. Тексті оқып, мазмұнын құрмалас сөйлемдермен баяндап беріңіз.

Прочитайте текст и выразите его основное содержание сложными предложениями.

ЖЕҢІС ПАРАДЫ

Қуанышты күн келді. Ол — 1945 жылдың 24 июні. Қызыл алаң адамдарға толған. Адамдар өте көңілді. Колонна-колонна болып біздің жеңімпаз жауынгерлер келеді. Олардың ішінде мен де келемін. Біздің жеңімпаз жауынгерлер неміс фашистерінің туларын Қызыл алаңға лақтырып өтіп жатыр. Бұл — Отанымыздың ең қуанышты, бақытты күні. Мен бұл бақытты, қуанышты күнді мәңгі ұмытпаймын. Менің достарым да, барлық Совет халқы бұл күнді мәңгі есте сақтайды.

Жаңа сөздер:

Новые слова:

атақты — знаменитый
палуан — борец
әйел — женщина
әйелі — его жена

өлке — край
партия қызметкерлері — партийные работники
суретке түсірілген — сфотографировано

2. Тексті оқыңыз.

Прочитайте текст.

ҚАЖЫМҰҚАНЫҢ СЕМЕЙГЕ КЕЛУІ

Атақты палуан Қажымұқан 1900—1945 жылдар арасында Семей өлкесіне бірнеше рет келіп, өнер көрсеткен. Оның Семей өлкесіне соңғы рет келуі — 1945 жылдың күзі еді. Бұл кезде ұлы

Абайдың туғанына 100 жыл толу мерекесі өтіп жатқан болатын. Мұнда еліміздің әр жерінен партия, совет қызметкерлері, атақты ақындар, жазушылар жиналды. Солардың ішінде Қажымұқан палуан және оның әйелі Мінай, баласы Айдархан да болды. Осында Қажымұқан тамаша өнер көрсетті. Халық оған өте риза болды.

(М. Бейсенбаев)

Аударамыз

Переведем

1. Жаңа сөздерді аударыңыз.

Переведите новые слова на русский язык.

Риза, күн бату, он төрт, бір-бірімізге, жуырда, ауыру, кейде, өзгелері, жеңіл, алайда, туу, ертегі, түсіндіру, сұрау, қайта, ескерту жасау, үзбей, теру, шығым, мезгіл, жаяу, шөлдеу, шелек, толтыру, алғыс.

2. Хат үлгісін қазақ тіліне аударыңыз.

Переведите текст письма на казахский язык.

УВАЖАЕМАЯ ЖАМАЛ ОСПАНОВНА!

Я поздравляю Вас с днем рождения, желаю долгих лет жизни, хорошего здоровья.

Я Акыл Қалаев — бывший Ваш студент. Пять лет, проведенных в стенах института и Ваша материнская забота, остались в нашей памяти навсегда. Мы Вам благодарны за глубокие знания, которые Вы дали нам, за добрые наставления. Будьте счастливы. Мы все Вас очень любим.

Ваш Акыл и моя семья.

Сөйлесеміз

Поговорим

Төмендегі үлгі бойынша диалог құрып, рольге бөлініп айтыңыз.

Составьте диалог по данному образцу и разыграйте его по ролям.

1. — Мұғалім саған қандай баға қойды?
- Мұғалім маған жақсы баға қойды.
- Сен қай сабақты жақсы көресің?
- Мен әдебиетті жақсы көремін.
- Сендерге әдебиеттен кім сабақ береді?
- Бізге әдебиеттен Орал ағай сабақ береді.

2. — Сендердің совхоздарыңда қанша ұлттың өкілі тұрады?
- Біздің совхозда көп ұлттың өкілі тұрады.
- Олар қалай тұрады?
- Олар тату тұрады.
- Сендердің көршілерің кім?
- Біздің көршіміз — Мария апай.
- Ол сендердің үйлеріне келіп тұра ма?
- Ол біздің үйге жиі келіп тұрады.

Жазамыз

Напишем

1. Төмендегі сөздерді бірнеше рет оқып, олардың дұрыс жазылуын біліп алыңыз. Соңынан жатқа жазыңыз.

Прочитайте несколько раз следующие слова, запомните их орфографию и напишите их по памяти.

Суыту, риза, күн бату, он төрт, бір-бірімізге, жуырда, ақсақал, лактыру, ауыру, кейде, өзгелері, алайда, туу, ертегі, түсіндіру, қонырау, тулар, өкілдері, тәрбие, жауап, күн бату, он төрт, ер бала, сабақ беру, сұрау, үзбей, түске дейін, түстен кейін, қош айтысу, атақты палуан, әйел, толу, алғыс, өлке, партия қызметкерлері, түсірілген.

2. Диктант жазыңыз.

Напишите диктант.

Кеше біздің үйге қонақ келді. Ол келген адам — әкемнің інісі. Оның аты — Ертай. Ол Отан соғысына қатысқан. Ертай ағам Берлинге дейін барып, жеңіспен қайтты. Ертай ағамның екі ордені бар. Ол келген сайын соғыста көрсеткен ерліктерін айтып береді. Ертай ағам достарының ерліктерін де айтып отырады.

ГРАММАТИКА

Жалғаулықты салалас құрмалас сөйлем

Сложносочиненное предложение с союзами

Жай сөйлем + жалғаулық + жай сөйлем:

Шай ішпедім, сондықтан басым ауырды.

Простое предложение + союз + простое предложение:

Не попил чая, и голова болит.

Голова болит от того, что не пил чая¹.

Соединительные союзы		Соединительные союзы в простом предложении соединяют однородные члены предложений	Соединительные союзы в сложносочиненном предложении времени
және, да (де), та (те), әрі, мен, бен, пен	значение данных союзов соответствует значению союза и	<i>Асқар мен Айжан — Аскар и Айжан; Болат және Бақыт — Булат и Бахит; келді де кетті — пришел и ушел; әрі инженер әрі ғалым — и инженер и ученый; кітап пен дәптер — книга и тетрадь</i>	<i>Мұғалім келді де, сабақ басталды — Пришел учитель, началось занятие; Нұрым келді және онымен бірге інісі де келді — Пришел Нұрым и вместе с ним пришел и брат. Қалада күн суық әрі қар жауып тұр — На улице холодно и снег идет.</i>

тоқтау — остановиться, прекратить

1. Мына сөйлемдерді оқып, мезгіл-дес салалас сөйлем жасаған шылауларды табыңыз.

В следующих предложениях найдите союзы, при помощи которых образованы сложносочиненные предложения времени.

1. Жаңбыр тоқтады да, күн жылынды. 2. Ахмет келді де, жиналыс басталды. 3. Жиналыс жүріп жатыр және сөйлеушілер де көп болды. 4. Клубта эн айтылды әрі би биленді. 5. Совхозда машиналар көп, әрі олардың күтімі де жақсы. 6. Жиналыс бітті де, халық тарай бастады.

¹ При переводе сложных предложений с казахского языка на русский не всегда вид предложения сохраняется.

ағаш отырғызды — посадили деревья
көңіл қою — быть внимательным,
оказать внимание

2. Төмендегі жай сөйлемдерден жалғаулықты мезгілдес салалас сөйлемдер құрастырыңыз.

Из двух простых предложений составьте по образцу союзное сложносочиненное предложение времени.

Үлгі: | Асхана ашылды. Біз тамақ іштік. — *Асхана ашылды да, біз тамақ іштік.*

Жаз шықты. Күн жылынды. Кісілер отырды. Жиналыс басталды. Кеш болды. Мен жаттым. Облыстан хабар келді. Біз жүріп кеттік. Биыл жаңа мектеп ашылды. Оның айналасына ағаш отырғызылды. Мектеп директоры жиналыс ашты. Оны бәріміз көңіл қойып тыңдадық.

3. Мына текстен жалғаулықты мезгілдес салалас құрмаластарды көшіріп жазып, олардың қалай жасалғанын айтыңыз.

Выпишите союзные сложносочиненные предложения времени и объясните их образование.

1. Біз келіп отырдық та, жұмысқа кірістік. 2. Олар клубқа келді де, шахмат ойнай бастады. 3. Жұмысшылар үйді салып болды да, стадион салуға кірісті. 4. Оқушылар класқа келіп отырды да, кітап, дәптерлерін дайындай бастады. 5. Біз көлге келдік те, суға түстік. 6. Поезд келді де, кісілер вагоннан түсе бастады. 7. Мұғалім класқа келді де, сабақ басталды.

4. Төмендегі мезгілдес мәнді шылаулармен бірыңғай мүшелі сөйлемдер құрастырыңыз.

Составьте по образцу простое предложение с однородными членами, употребляя следующие соединительные союзы:

Үлгі: | Мен дәптер және кітап алдым.

Және, да (де), әрі, мен.

Қарсылықты салалас сөйлем

Противительное сложносочиненное предложение

Противительные союзы	Противительные союзы в сложносочиненных предложениях
бірақ, алайда дегенмен, сөйтсе де, сонда да, сөйткенмен — однако, но, все таки	<i>Сабақ бітті, алайда балалар әлі отыр</i> — Урок закончился, но ребята еще сидят. <i>Орынбек жақсы адам, дегенмен кемшілігі де жоқ емес</i> — Орынбек неплохой человек, однако и у него есть свои недостатки.

1. Мына сөйлемдерді оқып, олардан қарсылықты мәнді жалғаулықтарды табыңыз.

Прочитайте следующие сложносочиненные предложения и найдите в них противительные союзы.

1. Күн ашылды, бірақ әлі суық. 2. Біз ерте келдік, сонда да сенімен кездесе алмадық. 3. Ол саған әдейі келді, алайда сені күте алмады. 4. Күн суық, сөйтсе де әлі қар жауған жоқ. 5. Біз келдік, бірақ сен үйде болмадың.

2. Төмендегі жай сөйлемдерден үлгі бойынша жалғаулықты қарсылықты салалас сөйлемдер құрастырыңыз.

Из двух простых предложений составьте по образцу сложносочиненные предложения с противительными союзами.

Үлгі: | Жиналыс бітті. Халық тараған жоқ. — *Жиналыс бітті, алайда халық тараған жоқ.*

Жиналыс бітті. Халық тараған жоқ. Қар жауды. Күн суытқан жоқ. Сабақ бітті. Оқушылар тараған жоқ. Мектеп салынып болды. Сабақ әлі басталған жоқ. Халық жиналды. Жиналыс әлі басталмады. Досым келді. Мен үйде болмадым. Қауын пісті. Оны әлі жинаған жоқпыз. Бүгін қонақтар келеді. Мен қарсы ала алмаймын.

3. Көп нүктенің орнына тиісті сөйлемді жазып, қарсылықты жалғаулықты салаластар жасаңыз.

Вместо многоточия допишите недостающую часть сложносочиненного предложения с противительным союзом.

... алайда басталып қалыпты. ... дегенмен оның кемшілігі де жоқ емес. ... сөйтсе де күн жылы. ... алайда біз шаршаған жоқпыз. ... бірақ ұйқысы қанбады. ... сөйтсе де жауап бердім. ... дегенмен мені жақсы көреді.

мезгілінде — вовремя

4. Көп нүктенің орнына тиісті сөйлемді жазып, қарсылықты салаластарды аяқтаңыз.

Закончите предлагаемые сложносочиненные предложения с противительным союзом.

Жұмысқа мезгілінде келдім, бірақ Қар жауды, алайда Жел өте қатты, сонда да Жұмыс бітті, сөйтсе де Уақыт көп еді, дегенмен Поезд келді, сөйткенмен

бәйге — премия

Себеп-салдар жалғаулықты салалас сөйлем

Сложносочиненное предложение с причинно-следственным значением

Причинно-следственные союзы	Сложносочиненные предложения с причинно-следственными союзами
өйткені, себебі, неге десен — так как; сондықтан, сол себепті, сол үшін — поэтому	Оны биыл аспирантураға қалдырды, өйткені ол институтты өте жақсы бітірді. Биыл көкөніс өте жақсы шықты, себебі жаңбыр көп болды. Сен жұмысты жақсы істейсің, сол үшін саған бәйге берілді.

1. Сөйлем-салдар жалғаулықты салалас сөйлемдерді көшіріп жазыңыз. Жалғаулықтардың астын сызыңыз.

Выпишите сложносочиненные предложения с причинно-следственным значением и подчеркните союзы.

суық — холодный
қызықты — интересный

шөлдеу — жажда, испытывать жажду

Біздер суға түстік. Су өте суық болды, сондықтан да біз тоңып қалдық. Шай іштік, өйткені шөлдеп қалыппыз. Бірталай жүгірдік. Әсет тоқтап қалды, өйткені ол шаршады. Демалыс қызықты өтті. Сол үшін рақмет айттық. Ол Киевтен келген жас жігіт еді. Волейбол ойнамадық, неге десең жаңбыр жауа бастады.

сену — верить
тайғақ — скользкий

аралас — смешанный

2. Төменде көрсетілген жай сөйлемдерден жалғаулықты себеп-салдар салалас сөйлемдер құрастырыңыз.

Из двух простых предложений составьте по образцу сложносочиненные предложения с причинно-следственными союзами.

Үлгі: | Жол бүгін тайғақ. Қар аралас жаңбыр жауған —
Образец: | Жол бүгін тайғақ, өйткені қар аралас жаңбыр жауған.

Жұмыстан кешігіп қалдым. Автобус болмай қалды. Бүгін жақсы жауап бердім. Мұғалім риза болды. Айтқанымды орындадым. Саған сенуге болады. Жол бүгін тайғақ. Кеше қар аралас жаңбыр жауған. Ағам ауылға жылда барады. Онда шешесі тұрады.

3. «Ұлы педагогтер» деген тақырыпта 5 жалғаулықты себеп-салдар салалас сөйлем құрастырыңыз.

На тему «Великие педагоги» составьте пять сложносочиненных предложений с причинно-следственными союзами.

Талғаулықты салалас сөйлем

Разделительное сложносочиненное предложение

Разделительные союзы	Разделительные союзы в сложносочиненном предложении
я, яки, не, немесе, болмаса, әлде -- или	Бүгін біздің үйге Асқар келеді немесе Болат келеді — Сегодня к нам придет Аскар или Булат. Не мен түсінбеймін, не сен түсінбейсің — Или я не понимаю, или ты не понимаешь.

осылар — они, эти
тілек — просьба, пожелание
дау — спор

шаруашылық — хозяйство
шарт — условие

1. Төмендегі салалас сөйлемдерді оқып, олардағы талғаулы жалғаулықтарды көрсетіңіз.

Прочитайте предлагаемые сложносочиненные предложения и укажите в них разделительные союзы.

1. Бұл жерде я сен тұрасың, я мен тұрамын. 2. Не мен түсінбеймін, не осылар түсінбейді. 3. Демалыс күні киноға барады немесе үйде телевизор көреді. 4. Бес колхоздың егіні көп пе, әлде осы бір шаруашылықтың астығы көп пе? 5. Я менің айтқан тілегімді орындайсың, я бүгін мен кетіп қаламын. 6. Бүгін не Ақбота келеді, не шешей келеді. 7. Кешке оны қонаққа шақырады, немесе басқа жұмыстар істеледі. 8. Сенің айтқаның келе ме, әлде оның айтқаны келе ме, айта алмаймын.

2. Талғаулы жалғаулықтар бойынша «Спорт» тақырыбына төрт сөйлем құрастырыңыз.

При помощи предлагаемых разделительных союзов составьте 4 предложения на тему «Спорт».

3. Төмендегі сөйлемдерді аяқтаңыз.

Закончите предлагаемые сложносочиненные предложения.

Бүгін совхозға жұмысқа не сен барасың, не Биыл институтқа әлде мен түсемін, әлде Ертең не әкем келеді, не Театрға сен барасың, я Санаторийге ертең Болат барады немесе Биыл чемпион сен боласың немесе

әзілдеу — шутить
ескерту — предупреждение
жылы — теплый, тепло

жолыға алмау — не встретиться
күн ашық — ясная погода
қатты — сильно//твердый

4. Мына сөйлемдердегі шылаулардың бірыңғай мүшелер ішінде, болмаса жалғаулықты салаластар арасында қолданылғанын анықтаңыз.

В следующих предложениях определите употребление союзов между однородными членами предложения или между частями сложносочиненного предложения.

1. Ағам қағаз және қалам сатып алды. 2. Мен кітап оқимын, әрі сурет саламын. 3. Бірде қар жауады, бірде жаңбыр жауады. 4. Кешке біздің үйге не Асан келеді, не Үсен келеді. 5. Талғат сабақтан кешігіп қалды, сол үшін оған мұғалім ескерту жасады. 6. Қалаға Ораз барады, болмаса Сара барады. 7. Бүгін күн ашық әрі жылы. 8. Мен тез жеттім, алайда оған жолыға алмадым. 9. Ол қатты әзілдеді, өйткені Берік оның досы болатын. 10. Менде кітап та бар, дәптер де көп.

айналасына — вокруг
боран соғу — заметить

орнату — установить

5. Мына сөйлемдерден шылауларды тауып, олар қандай шылау екенін анықтаңыз.

Найдите союзы и определите их вид.

1. Біздер үзілісте әрі ойнаймыз, әрі ән саламыз. 2. Мұғалім біресе тақтаға жазады, біресе кітап оқиды. 3. Қыруар жұмыс істелді, алайда шаршағанымыз жоқ. 4. Батырларға ескерткіш орнат-

ты, әрі айналасына гүл қойды. 5. Жел күшейді, сондықтан біздер үйге тарадық. 6. Боран соқты, алайда атымыз шаршаған жоқ. 7. Мен әкемді жақсы көремін және сыйлаймын. 8. Сен не бүгін кел, не ертең кел.

Оқимыз

Почитаем

1. Текстті оқып, соңындағы сұрақтарға жауап беріңіз.

Прочитайте текст и ответьте на вопросы, данные после него.

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН

(1841—1889)

Ыбырай Алтынсарин — қазақ халқының бірінші педагогі. Ол қазақша, орысша мектептер ашты. Ы. Алтынсарин қазақ тіліндегі бірінші оқулықты жазды. Ол өлеңдер мен әңгімелер жазды. Оның өлеңдері мен әңгімелері көбіне балаларға арналған. Ыбырай Алтынсарин шығармаларын балалар әлі де сүйіп оқиды.

Сұрақтар (вопросы):

1. Ыбырай Алтынсарин кім?
2. Қазақ тіліндегі бірінші оқулықты жазған кім?
3. Ыбырай Алтынсарин тағы не жазды?
4. Ы. Алтынсарин шығармаларын қазір балалар қалай оқиды?

КОММЕНТАРИИ

Ибрай Алтынсарин — казахский педагог, просветитель, писатель, этнограф и фольклорист. Боролся против религиозного мракобесия, пропагандировал русскую демократическую литературу. Автор первых учебников на казахском языке.



жүлдегер — призер

баулу — приучать

айтыс — состязание акынов

2. Текстті оқып, сол бойынша бес сұрақ қойыңыз.

Прочитайте текст и составьте по нему пять вопросов.

Соңғы кезде ақындар айтысы жиі бола бастады. Ол алдымен аудан, облыс орталықтарында болып, кейіннен оның жеңімпаздары Алматыдағы үлкен айтысқа қатынасады. Бұрынғы айтыс жүлдегерлері Манап Көкенов пен Көкен Шәкеев «Халық ақыны» аталды. Қазір де осы өнерге баулитын арнайы «Манап мектебі» бар. Манаптың баласы Әбдікәрім де ақындар айтысына қатынасып жүр.

Аударамыз

Переведем

1. Тексті оқып, оны қазақ тіліне аударыңыз. Соңынан негізгі мазмұнын қазақ тілінде айтып беріңіз.

Прочитайте, переведите текст и выразите его основное содержание на казахском языке.

У меня есть друг. Его зовут Максут. Он очень хорошо рисует. Когда он был маленьким, хотел стать известным художником, а стал школьным учителем. Максут говорит, что ему очень нравится его профессия. А в свободное время он, как и раньше, рисует картины, которые всем нравятся.

2. Жаңа сөздерді аударыңыз.

Переведите новые слова.

Тоқу, тону, жету, мезгілінде, күн, ашылу, ренжу, астық, үзіліс, гүл, боран, бәйге, суық, сену, тайғақ, аралас, осылар, дау, шаруашылық, шарт, ескерту, айналасына, тарау, боран соғу, әліппе, тұнғыш, жазба, әдебиет, әдеби тіл, аударма, байланыстыру, бастауыш, Батыс Европа, жүгіру.

Сөйлесеміз

Поговорим

Төмендегі диалогтердің үлгілерін пайдаланып, өзара әңгімелесіңіз.

Поговорите между собой, используя образцы данных ниже диалогов.

1. — Сен қайда оқисың?
— Мен ҚазГУ-де оқимын.
— М. Әуезовтің аудиториясын көрдің бе?
— Көрдім.
— Оның партасында отырдың ба?
— Бірнеше рет отырдым.
— Оған қандай студенттер отырады екен?
— Оған жақсы оқитын студенттер отырады.
3. — Жұмысқа қашан барасың?
— Жұмысқа сағат тоғызда барамын.
— Жұмыстарыңда гимнастика бола ма?
— Иә, түс мезгілінде болады.

2. — Сен спортты жақсы көресің бе?
— Мен спортпен көп айналысамын.
— Спорттың қай түрін жақсы көресің?
— Жүгіруді жақсы көремін.
— Ерте тұрасың ба?
— Иә, өте ерте тұрамын.
— Сағат нешеде жүгіресің?
— Сағат жетіде жүгіремін.
— Қанша уақыт жүгіресің?
— Жарты сағат жүгіремін.
— Жұмыстан қашан қайтасың?
— Жұмыстан кеш қайтамын.
— Неге кеш қайтасың?
— Қазір жұмыс көп.

Жазамыз

Напишем

1. Мына сөздердің жазылуын біліп алыңыз. Соңынан оларды жатқа жазыңыз.

Прочитайте внимательно следующие слова, запомните их орфографию и напишите по памяти.

Ескерту, үзіліс, гүл, боран, тарау, суық, сену, астық, шөлдеу, мезгілінде, көңіл қою, ағаш отырғызу, тоқтау, жылы.

2. Мына сөздерді жатқа жазып, оларды оқулық бойынша тексеріңіз және аударыңыз.

Напишите по памяти следующие слова, проверьте их написание по книге и переведите.

Тайғақ, аралас, орнату, осылар, боран соғу, шаруашылық, шарт, айналасына, жүгіру, дау, әзілдеу, жолыға алмау, күн ашық, жүлдегер, баулу, айтыс.

3. Диктант жазыңыз.

Напишите диктант.

ЖАЗДА

Биыл жаз өте ыстық емес, жанбыр жиі жауып тұр. Егін де, көкөніс те, жеміс те мол. Атам мен әжем ауылға кетті. Ауылда атамның екі баласы тұрады. Жазда ауылда жұмыс көп. Атам мен әжем балаларына көмектеседі. Атамның үлкен баласы — агроном, кіші баласы — комбайншы. Олардың екеуі де жұмысты өте жақсы істейді. Олар — өз жұмысына берілген адамдар.

Жаттаймыз

Учим наизусть

ҚӨКШЕТАУ

Сөзі мен әні
Сәкен Сейфуллиндікі.
Арқаның кербез сұлу
Қөкшетауы,
Дамылсыз сұлу бетін жауған
жауын.
Жан-жақтан ертелі-кеш
бұлттар келіп,
Жүреді біліп-кетіп есен-сауын.
Сексен көл Қөкшетаудың
саясында,
Әрқайсы алтын кесе аясында.
Ауасы дертке дауа, жұпар иісі,
Қөкірек қанша жұтсаң, —
тоясың ба?

Гора Кокчетау стройна, как
сосна,
Дождями свой лик умывает
она.
Плывут облака над ее головой,
Справляются: здорова она иль
больна.
Озера ее окружили толпою,
И каждая — в чаше лежит
золотой.
Қоль вы не здоровы, езжайте
сюда:
Недуг исцеляет наш воздух
степной.

(Перевод В. Корнилова)

ГРАММАТИКА

Шартты рай

Условное наклонение

Шартты райдың жұрнағы Аффикс условного наклонения	-са, -се	оқы-са, кел-се бар-са, көр-се
--	----------	----------------------------------

Шартты райлы етістіктің жіктелуі

Спряжение глаголов в условном наклонении

Жак Лицо	Жекеше Единственное число	Көпше Множественное число
I	оқы + са + м	оқы + са + қ
II	оқы + са + ң	оқы + саң + дар
	оқы + са + ңыз	оқы + са + ңыздар
III	оқы + са	оқы + са

Запомните!

Глаголы условного наклонения в единственном и во множественном числах в 3-ем лице личного окончания не имеют.

Сабақтас құрмалас сөйлем

Сложноподчиненное предложение

Бағыныцкы сөйлем Придаточное предложение	Басыңкы сөйлем Главное предложение
1. Мен келсем, 2. Мен келген соң,	ол кетіп қалыпты. ол кетіп қалды.

Запомните!

Предикат (сказуемое) придаточного предложения всегда выражен глаголом в незаконченной форме.

1. Сөйлемнен шартты райдағы етістікті тауып, оның жұрнағынан кейін қандай қосымша жалғанғанын айтыңыз.

Найдите в предложениях глагол в условном наклонении, определите аффикс после аффикса условного наклонения.

Мен келсем, сен жоқсың. Сіз шақырсаңыз, мен келемін. Біз көп оқысақ, көп білеміз. Сен ертең келсең, киноға барамыз. Сендер кешікпесендер, біз кешікпейміз. Сіздер келсеңіздер, біз күтіп аламыз.

2. Көп нүктенің орнына жіктік жалғауын жалғаңыз.

Вместо точек допишите аффиксы лица.

Сен айтса..., мен түсінемін. Сен айтпаса..., мен түсінбеймін. Оқыса..., бәрін де білемін, оқымаса..., білмеймін. Ол айт..., келемін, айтпа..., келмеймін. Сен берсе..., аламын, сен бермесе..., алмаймын. Мен берсе..., ол алмайды. Сен алмаса..., мен де алмаймын.

Шартты бағыныңқылы сабақтас сөйлем

Сложноподчиненные предложения с придаточными условными

Бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы Сказуемое придаточного предложения	Мысалдар Примеры
1) -са, -се 2) -ма, -ғанда	<i>Сен айтсаң, біз тыңдаймыз. Сен айтпағанда, біз келмейтін едік.</i>

Жаңа сөздер:

Новые слова:

егін пісті — посевы поспели
мақсатына жету — достигнуть цели (достичь)

жалқаулық — лень, ленность
ерінбеу — не лениться

1. Тексті оқыңыз, одан шартты бағыныңқылы сабақтас сөйлемдерді көшіріп жазыңыз.

Прочитайте и выпишите сложноподчиненные предложения с придаточными условными

Күн ыстық болса, егін тез піседі. Мол астық аламыз. Астықты көп берсек, Отанымыз бай болады. Көп үйлер салынады. Жаңа завод-фабрикалар ашылады. Фабрикалар көбейсе, киім де көбейеді. Елімізде астық үшін күрес басталды. Астық мол болу үшін, көп еңбек ету керек. Ерінбей еңбектенсең, ойлаған мақсатыңа жетесің. Жалқаулық — жақсы емес.

ұйықтау — спать
от — огонь

жылыну — греться, согреваться
тәрбиелеу — воспитывать

2. Сол жақ бағанда бағыныңқы, оң жағында басыңқы сөйлемдер орналасқан. Солардан шартты бағыныңқылы сабақтас сөйлемдер құрастырыңыз.

Из двух простых предложений составьте сложноподчиненные предложения с придаточным условным (в левом столбике даны придаточные предложения, в правом — главные).

Үлгі: | Сен келсең, қуанып қаламын.
Образец: | От жақсам, үй жылынады.

Сен келсең
От жақсам
Көп ұйықтасам
Айтсам
Жақсы тәрбиелесен
Жаман тәрбиелесен
Көп оқысаң
Оқымасаң

Ұй жылынады
Қуанып қаламын
Тындамайды
Іс бітпейді
Бала жақсы өседі
Бала жаман өседі
Білмейсін
Көп білесін

сөндіру — гасить, потушить

шам — лампа

3. Төмендегі әрбір етістіктен шартты бағыныңқылы сабақтас сөйлемдер құрастырыңыз. Сөйлемдер «Менің мамам» деген тақырыптың төңірегінде болсын.

С каждым из следующих глаголов составьте сложноподчиненные предложения с придаточными условными на тему «Моя мама».

Үлгі: | *Мамам ұйықтаса, мен шамды сөндіремін.*
Образец:

Ренжісе, сенсе, жасаса, ұйықтаса, айтса, келсе.

өкіну — раскаяться
қосылу — присоединяться, прибавляться

көңілсіз — невеселый
уақыт — время

4. Мына сөйлемдерді оқып, одан *-ғанда* тұлғалы есімшемен жасалған шартты бағыныңқылы сабақтастарды теріп жазыңыз.

Прочитайте и выпишите сложноподчиненные предложения с придаточными условными, образованными причастием на *-ғанда*.

Сенің айтқаның жақсы болды. Сен айтпағанда, біздер бүгін келмейтін едік. Келгенімізге өкінбейміз. Жақсы демалыс болды. Күн де ашылды. Күн ашылмағанда, біз кездеспейтін едік. Бізге келіп Бақыт та қосылды. Оны көрмегелі қанша уақыт. Сағынып қалыппыз. Ол келмегенде, бізге көңілсіз болар еді. Бәріміз қосылып ән айттық.

қараңғы — темно

құлау — падать

5. Сол жақ бағандағы бағыныңқы сөйлемдерге тұсындағы басыңқыларды мағыналық жағынан үйлестіріп жазыңыз.

К придаточным предложениям в левом столбике подберите подходящие по смыслу главные предложения из правого столбика.

От жақпағанда
Мен бармағанда
Мен сұрамағанда
Шай болмағанда
Қалам болмағанда
Қараңғы болмағанда
Сен көмектеспегенде

Жазатын едік.
Жүретін едік.
Ұй жылынбайтын еді.
Ол бермейтін еді.
Ол құлайтын еді.
Шөлдейтін едік.
Ол келмейтін еді.

6. Мына сөйлемдерден шартты райлы етістіктерді тауып, олардың қай жақта тұрғанын айқындаңыз.

В следующих предложениях найдите глагол в условном наклонении, определите его лицо.

Жаңбыр көп жауса, егін жақсы шығады. Адамдар жұмысты саналы түрде істесе, оның нәтижесі де жақсы болады. Еңбек өнімі көп болса, адамдар жақсы тұрады. Мен келсем, жұмыс тоқтамайды. Сен қосылсаң, жұмысымыз өнімді болады.

келін — сноха

7. Әрбір екі жай сөйлемнен сабақтас құрмалас сөйлем құрастырыңыз.

Из двух простых предложений составьте сложное предложение.

Келінім қазақ болды. Өзім де қазақша біле бастадым. 2. Үлкендер көп жиналды. Көп әңгіме айтылды. 3. Газет-журналға жазылу басталды. Мен көбіне жазылдым. 4. Көп балалы ана болды. Оған орден берілді. 5. Жұртшылық жиналды. Концерт басталды. 6. Тәрбиеші келді. Балалар жиналды. 7. Қорме ашылды. Халық көп жиналды.

Оқимыз

Почитаем

1. Мына тексті оқып, аударыңыз. Текст бойынша бес сұрақ құрастырып, оларға жауап қайтарыңыз.

Прочитайте текст, переведите, составьте по нему 5 вопросов и ответьте на них.

Қонақ үйде екі кісілік бөлмеге орналастым. Екінші адам — орыс азаматы. Екеуіміз тез танысып кеттік. Оның аты — Михаил. Өзі әңгімелесуді жақсы көреді екен. Жасы менен үлкен. Майданда болыпты. Кешке жақын екеуіміз көшеге шықтық, қаламен таныстық. Қала көшелері таза екен. Жаңа салынған үйлер көп екен. Асханаға келіп, қымыз іштік. Бөлмеге оралдық.

тұрғын үй — жилой дом

жаяу — пешком//пеший//пешеход

2. Мына тексті оқып, мазмұнын қазақша айтып беріңіз.

Прочитайте текст и выразите его основную информацию на казахском языке.

ТҰРҒЫН ҮЙ — 91

Тұрғын үй программасы қабылданды. Бәріміз қуандық. Қазір үй көп әрі тез салынуда. Жуырда көршіміз үш бөлмелі үй алды. Біздер оған сыйлық апардық. Үйлері бізге ұнады. Бөлмелері үлкен екен. Бір бөлмесі толған кітап. Үйі жылы екен. Көршіміз де қуанды, біз де қуандық.

жігіт — джигит, молодой человек

3. Мына текстті оқып, оған тақырып қойыңыз. Негізгі мазмұнды үш сөйлеммен жинақтап айтыңыз.

Прочитайте текст и озаглавьте его. Передайте основное содержание тремя предложениями.

Тың игеру басталғанда, көп қыз, жігіттер келді. Олар жұмысқа қуана кірісті. Ерте тұрады, кеш жатады. Совхозымыз жаңа жерге орналасты. Директорымыз жас жігіт. Ленинградтан келген. Өте еңбекқор адам. Ісіне тиянақты. Біз оны сыйлаймыз. Үй салуға кірістік. Тез бітірдік. Егін салдық, шығымы жақсы болды. Астық піскенде, жұмыс көбейді. Астық тез уақытта жиналды. Директорымыз риза болды. Жұмыста бір-бірімізге көмектесіп отырдық. Тыңдағы алғашқы жылдар солай басталған.

Аударамыз

Переведем

1. Мына жаңа сөздерді аударыңыз.

Переведите новые слова.

Қиім, егін пісу, жылыну, ұйықтау, от, өкініш, қосылу, көңілсіз, құлау, шөлдеу, жаяу, қараңғы, нәтиже, келін, жігіт, кірісу, ұстаз, тұрғын үй, қабылданды, жуырда, толған.

2. Төмендегі сөз тіркестерін аударыңыз.

Переведите следующие словосочетания.

Жақсы киім, жаяу келді, егін пісті, тұрғын үй көбейді, үй жылынды, программасы қабылданды, көп ұйықтау, от жағу, өкініш көбейді, жуырда келді, екеуі қосылды, көңілсіз адам, ол құлады, сен шөлдедің, қараңғы түн, жақсы нәтиже, жақсы келін, білімді жігіт, іске кірісу, ұстазды сыйлау.

3. Мына текстті оқып, қазақ тіліне аударыңыз.

Прочитайте и переведите текст на казахский язык.

Вечером Айгуль позвонила по телефону и попросила позвать моего брата. Я ответил ей, что он болен и не может подойти к телефону. На следующий день она позвонила еще раз и спросила: «Как чувствует себя ваш брат?». Я ответила ей, что он чувствует себя лучше. Она попросила, чтобы я передал ему привет.

Сөйлесеміз

Поговорим

ұстаз — учитель
көп балалы — многодетная
әскер қатарында — в рядах Армии

Диалогтерді тыңдап алып, соңынан қайталаңыз.

Прослушайте диалоги, а затем повторите их.

1. — Сен жұмысты кіммен бірге істейсің?
— Мен жұмысты ініммен бірге істеймін.
— Сен ініңмен қалай тұрасың?

— Інің әскер қатарында болып па еді?
— Ауғанстанда азаматтық борышын атқарып келді.
— Қашан келіп еді?
— Былтыр келді.

— Мен ініммен тату тұрамын.

2. — Әлия шығарманы кім жайында жазды?

— Әлия шығарманы өз анасы жайында жазды.

— Ол қандай кісі?

— Ол көп балалы ана.

— Ол кім болып істейді?

— Ол — ұстаз.

1. Төмендегі сөздерді мұқият оқып, жазылуын есте сақтаңыз. Соңынан оларды жатқа жазыңыз.

Прочитайте внимательно предлагаемые слова, запомните их орфографию и напишите по памяти.

Босқа, саналы, қалам, уақыт, өкіну, шам, сөндіру, ұстаз, келін, от, киім, жігіт, көңілсіз, құлау, шөлдеу, ұялу, от.

2. Төмендегі сөздер мен сөз тіркестерін мұғалімнің айтуы бойынша жазып, дұрыстығын оқулық бойынша тексеріңіз.

Напишите следующие слова и словосочетания под диктовку преподавателя и проверьте по учебнику.

Егін пісу, жылыну, ұйықтау, өкініш, мақсатына жету, қосылу, қараңғы, нәтиже, кірісу, тұрғын үй, қабылданды, жуырда, толған, жаяу, жалқаулық.

босқа — зря

ұялу — стесняться

3. Тексті түсініп оқып, қысқаша мазмұндама жазыңыз.

Прочитайте текст, поймите его содержание и напишите краткое изложение.

ӘЛИЯНЫҢ ШЫҒАРМАСЫ

Бір күні класс оқушылары ана туралы шығарма жазды. Әлия көп ойланбай-ақ, өз анасы жайында жазды. Ол өз шығармасын былай бастады:

— Менің анам — көп балалы ана. Ол — ұстаз. Ол көп бала өсіріп, өзі де жұмыстан қалған жоқ. Үйде балаларын тәрбиелесе, мектепте оқушыларды оқытады. Біз оны жақсы көреміз. Оның жұмысы қанша көп болса да, шаршадым деп айтқан емес. Үнемі еңбек үстінде болады. Біз одан қарап босқа жүруге ұяламыз. Сабағымызды жақсы оқуға тырысамыз.

ГРАММАТИКА

Септеулік шылаулар

Послелогии

Менгерілетін септіктер Управляемые падежи	Септеулік шылаулардың түрлері Виды послелогов	Негізгі сөзбен тіркесуі Сочетания послелога со знаменательным словом
Атау септік Именительный падеж	туралы, арқылы, үшін, сияқты (про, через, ради, как)	сен үшін — ради те- бя
Барыс септік Дательный падеж	дейін, шейін, қарай, таман, тарта, (до, к)	үйге дейін — до до- ма
Шығыс септік Исходный падеж	бұрын, кейін, соң, астам, бері, әрі	кешеден бері — со вчерашнего дня
Көмектес септік Творительный падеж	бірге, қатар (вместе: вместе с тем)	сенімен бірге — вместе с тобой, сонымен қатар — вместе с тем

Жаңа сөздер:

Новые слова:

ай — месяц
аяқсыз қалдыру — оставить без по-
следствий
бұл жолы — в этот раз

ұсыныс — предложение
көпшілік — большинство
қолдау — поддерживать

1. Мына сөйлемдерден атау септікті менгеріп тұрған шылауларды өзі тіркескен сөзімен бірге көшіріп жазыңыз.

Из следующих предложений выпишите словосочетания, в которых послелог управляют именительным падежом.

Совхозымызда кеше комсомол жиналысы болды. Жиналыс ай сайын өтіп тұрады. Бұл жолы тәртіп туралы мәселе қаралды. Қабыштың тәртібі бәрімізді ойлантады. Бұл сияқты мәселені аяқсыз қалдыруға болмайды. Алғаш сөз алған Борах болды. Ол Қабыш жайында мәселе қойды, оны тәртіпке шақырды. Мұның ұсынысын көпшілік қолдады. Қабыш үшін бәріміз ұялдық.

2. Сөйлемдегі көп нүктенің орнына тиісті шылауды қойыңыз.

Вместо точек напишите нужные послелоги.

Үлгі: | Осында сен үшін келдім.
Образец:

1. Осында сен ... келдім. 2. Жұмыста Болат ... әңгіме болды. 3. Күн ... ерте тұрамын. 4. Мен Әшім ... жаман ойламаймын. 5. Ол ... ойымыз жақсы. 6. Мен ағам ... тәртіпті боламын.

Жаңа сөздер:

Новые слова:

жоспар — план
өткен жылы — в прошлом году
көңіл бөлу — уделять внимание
саналу — считаться, исчисляться

мақтаныш — гордость
еңбек ардагері — ветеран труда
мақтау — хвалить

3. Тексті оқып, одан барыс септікті меңгерген шылауды сөйлемдерді көшіріп жазыңыз.

Прочитайте и выпишите предложения, в которых есть послелоги, управляющие дательным падежом.

Біз өндірісте жұмыс істейміз. Қазір машина жасау ісіне көп көңіл бөлінуде. Өткен жылы осы туралы бізде онға тарта жаңа ұсыныстар енгізілді. Мұны басқа өндіріс орындары қолдады. Бізге келушілер де көп болды. Біз оларды жылы қарсы алдық. Бізді олармен жаңа ұсыныстарымыз байланыстырды. Бүгін де жаңа адамдар келмекші. Завод жоспарды үнемі артығымен орындайды. Жүзге тарта адам еңбек ардагері атанды. Олар — біздің мақтанышымыз.

аяғы — конец

солтүстік облыстарға — в северные области

4. Көп нүктенің орнына барыс септігін меңгеретін септеулік шылауларды қойып, тексті көшіріп жазыңыз.

Вместо точек вставьте подходящие по смыслу послелоги, которые управляют дательным падежом и переписывайте текст.

Үлгі: | Октябрьге таман Алматыға оралады.
Образец:

Студенттер жылда жаз айында солтүстік облыстарға көмекке барады. Олар онда кейде сентябрьдің аяғына дейін болады. Октябрьге ... Алматыға оралады. Оған ... студенттер қызу жұмыстың ортасында болады. Биыл біздің группадан жұмысқа жиырмаға ... студент қатынасты. Бәрі де көңілді оралды, енді лекцияға ... біраз күн демалмақшы.

5. Барыс септіктегі сөздерге *-дейін*, *-шейін*, *-таман*, *қарай* шылауларын тіркестіріңіз.

К словам в дательном падеже присоедините послелоги *-дейін*, *-шейін*, *таман*, *қарай*.

Үлгі: | комбайнға қарай, ...
Образец:

6. Мына сөйлемдерден шығыс сеп-
тіктері сөздерді менгеріп тұрған сеп-
теулік шылауларды табыңыз.

Прочитайте, найдите в предложениях
последлоги, управляющие словами в
исходном падеже.

1. Ауылға Кәкімнен бұрын жеттім. 2. Жиналыстан соң саған
барамын. 3. Оны кешеден бері көрмедім. 4. Қырманда елуден астам
жұмысшы жұмыс істеуде. 5. Саяжайдан әрі жол жоқ. 6. Түстен ке-
йін жұмыс көбейді.

тәуір болды — лучше стало

7. Көп нүктенің орнына тиісті сеп-
теулік шылауды қойып жазыңыз.

Вместо точек вставьте нужные после-
логи.

Үлгі: | Кинодан ... жолығамыз — Кинодан кейін жо-
Образец: | лығамыз.

Ақсақал бүгін ауырып отыр. Шай ішкен ... басы тәуір болды.
Келініне риза. Бірнеше жылдан ... оны жақсы күтуде. Ақсақал
да оны жақсы көреді. Көбіне немересімен бірге болады. Оның ойы-
ны біткеннен ... екеуі үйге кіреді.

8. Сол жақ бағандағы сөздермен оң
жақтағы шылауларды дұрыс байла-
ныстырып жазыңыз.

Қ словам в левом столбике подбери-
те подходящие последлоги из правого
столбика.

Үлгі: | Жүзден астам, ...
Образец:

жүзден
қаладан
сабақтан
мерекеден
Асқардан

басқа
бұрын
бері, әрі
астам
соң, кейін

ГРАММАТИКА

Қарсылықты бағыныңқылы са-
бақтас сөйлем

Сложноподчиненные предло-
жения с придаточными уступи-
тельными

1) -са да (-се де)

Ол шақырса да, Кәрім келмеді —
Қарим не пришел, хотя его и при-
глашали.

2) -ған + мен (-ген + мен)

Мен бергенмен, ол алмады — Он
не взял, хотя я ему предлагал.

аңшылық — охота
еру, біреуге еріп кетіп қалу — следовать, последовать за кем-нибудь

тыныштық бермеу — не давать покоя
қасқырды соғып алдық — добыли волка

1. Мына тексті оқып, одан *-са да* тұлғалы қарсылықты бағыныңқылы сабақтас сөйлемдерді жазыңыз.

Прочитайте, затем выпишите сложноподчиненные предложения с придаточными уступительными на *-са да*.

Қыста кейде Қарім екеуіміз аңға шығатынбыз. Оның жасы менен үлкен. Ол аңшылықты өте жақсы көреді. Аңшылыққа мені де үйретті. Жұмысым қанша көп болса да, уақыт тауып, Қарімге еріп кетіп қаламын. Бір күні үлкен қасқыр кездесті. Жаз айында малға тыныштық бермеуші еді. Біз қақпан құрсақ та, ол түспей жүретін. Біз қасқырды соғып алдық. Малшылар, совхоз басшылары бізге риза болды, рақмет айтты.

кір — грязь

2. Төмендегі жай сөйлемдерден *-са да* тұлғалы қарсылықты бағыныңқылы сабақтас сөйлемдер құрастырыңыз.

Из двух простых предложений, подходящих по смыслу, составьте сложноподчиненное с придаточным уступительным на *-са да*.

Үлгі: Мен шақырдым, ол келмеді — *Мен шақырсам да, ол келмеді.*

Мен айттым.
«Тамашаға» бардым.
Оқытушы сұрады.
Адамдар көп болды.
Алма көп шықты.
Мен шақырдым.

Үй салынып бітпеді.
Біздер жинай алмадық.
Ол келмеді.
Ол түсінбеді.
Концерттері ұнаған жоқ.
Оқушы жауап бере алмады.

ұрысқанмен — хотя и ругает
ақыл — совет

азайып барады — уменьшается
топ — группа

3. Мына тексті оқып, одан *-ған+мен* тұлғалы қарсылықты бағыныңқылы сабақтастарды көшіріп жазыңыз.

Прочитайте, выпишите сложноподчиненные предложения с придаточными уступительными на *-ған+мен*.

Үлкендерді сыйлау керек. Олар бізге қанша ұрысқанмен, әділ ақылдарын айтады. Қазір үлкен адамдар азайып барады. Жазда ауылға барғанмын, үлкендер тобын көре алмадым. Сәлім ақсақалды іздеп барғанмын, кездестіре алмадым.

ұйқы — сон

дауыс — голос

4. Оң және сол жақ бағандағы жай сөйлемдерден *-ған+мен* тұлғалы қарсылықты бағыныңқылы сөйлемдер құрастырыңыз.

Из двух простых предложений, подходящих по смыслу, составьте одно сложноподчиненное с придаточным противительным на *-ған+мен*.

Жаз шықты.
 Кассаға барды.
 Ұйқысы келмеді.
 Мен шақырмадым.
 Ән салдым.
 Телефон соқтым.
 Декабрь айы болды.

Билет болмады.
 Ерте жатты.
 Күн жылынбады.
 Даусым шықпай қалды.
 Ешкім жауап бермеді.
 Қар түскен жоқ.
 Өзі келді.

сары бала — рыжий мальчик
 бойы биік (бойшаң) — высокого роста

бойы аласа (аласа бойлы) — низкого роста

5. Мына текстті оқып, одан қарсылықты бағыныңқылы сабақтас сөйлемдерді табыңыз. Олардың жасалу жолдарын анықтаңыз.

Прочитайте текст, найдите в нем сложноподчиненные предложения с противительными придаточными и объясните, как они образованы.

Дүйсен — сары бала, бойы биік. Бейсеннің одан жасы үлкен болса да, бойы аласа. Екеуі бірге жүреді. Мен оларға барғанмен, олар мені қарсы ала бермейді. Басқалармен ойнаймын.

Бір күні Дүйсен мен Бейсен екеуі киноға кетіп бара жатты. Бейсен озып кетсе де, Дүйсен оны қуып жетеді. Осылай жүріп олар киноға тез жетті. Кино Дүйсенге ұнағанмен, Бейсенге ұнаған жоқ. Олар үйлеріне қайтты.

Бейсен үйіне тез жетсе де, үйінде ешкім жоқ екен. Апасы жұмысқа кетіп қалыпты. Тамағын ішкен соң, Дүйсеннің үйіне бет алды. Бейсен шақырғанмен, Дүйсен кешке дейін шыға қоймады.

Оқимыз

Почитаем

суару — поливать

1. Мына текстті оқып, мазмұнын төмендегі сұрақтар бойынша баяндап беріңіз.

Прочитайте и раскройте содержание текста, отвечая на вопросы, данные после него.

Біз жазда саяжайда тұрамыз. Алма ағашын суарамыз. Онда су көп. Биыл алманың шығымы жақсы. Мен кейде әңгіме жазамын. Біздің саяжай қаладан алыс емес. Автобус жүріп жатады. Көршіміз де саяжайға келіп тұрады. Олармен бірге араласып кеттік. Біздер оны Ваня ағай деп атаймыз. Бізді шаруашылыққа үйреткен де — осы кісі.

Сұрақтар (вопросы):

1. Сендер жазда қайда тұрасындар?
2. Онда су қандай?
3. Биыл алманың шығымы қалай?
4. Кейде өзің не жазасың?
5. Көршілерің кім?
6. Ол қандай адам?

2. Мына тексті оқып, оған тақырып қойыңыз, қысқаша мазмұнын айтыңыз.

Прочитайте и озаглавьте текст. Расскажите его краткое содержание.

Кеше немеремді паркке апардым. Күн ашық болды. Халық көп жиналған. Ол бәріне қарайды. Парк алаңында оны машинаға отырғыздым. Ол машинамен жүргенде, мен қарап тұрдым. Содан кейін зоопаркке бардық. Онда аңдар көп екен. Немерем шаршады. Отырып демалдық. Біраздан кейін оның үйге қайтқысы келді. Біз үйге кеттік.

Аударамыз

Переведем

1. Жаңа сөздерді аударыңыз.

Переведите новые слова.

Ай, аяқсыз қалдыру, тікесінен, ұсыныс, көпшілік, қолдау, ұялу, өткен жылы, енгізу, саналу, мақтаныш, мақтау, октябрьдің аяғы, түн, тәуір болу, аңшылық, еру, соғып алу, тыныштық бермеу, қақпан құру, кір, ұрысу, ақыл, іздеу, топ, сары бала.

2. Тексті аударыңыз.

Переведите текст.

Зимой каждое воскресенье мы ездим кататься на лыжах. В большом красивом лесу находится спортивная база нашего завода. Здесь вместе с нами катаются на лыжах и отдыхают наши рабочие, мои товарищи, с которыми я работаю. Однажды меня спросили: «Кем хотят стать ваши сыновья?» Я думаю, что важно не только, кем быть, но и каким быть. Конечно, нужно стать хорошим специалистом, но по-моему, самое важное — быть честным, добрым человеком.

Сөйлесеміз

Поговорим

Төмендегі диалогтердің үлгілерін пайдаланып, өзара әңгімелесіңіз.

Поговорите между собой, используя образцы данных ниже диалогов.

1. — Жәмила, сені 1 Май мерекесімен құттықтаймын!
— Рақмет, мен де сені мереке күніңмен құттықтап, саған үлкен бақыт тілеймін!
— Парадқа барасың ба?
— Барамын.
— Мен де парадқа барамын.

- Сенің аулыңда ақсақалдар көп пе?
— Ақсақалдар азайып барады.
— Сенің атаң бар ма?
— Менің атам бар.
— Ол саған не үйретеді?
— Ол маған ертегі үйретеді.

2. — Сен үлкендерді сыйлайсың ба?
— Иә, сыйлаймын.

3. — Сендер қайда жұмыс істейсіңдер?
— Біз заводта жұмыс істейміз.

- Заводтарын не шығарады?
- Біздің завод машина шығарады.
- Норманы қалай орындайсыңдар?
- Норманы артығымен орындаймыз.
- Сендерде үй мәселесі қалай?
- Үй мәселесі жақсарып келеді.
- Өзің үй алдың ба?
- Алайын деп жатырмын.

- 4. — Сендерде қанша ұлттың өкілі жұмыс істейді?
- Бізде бірнеше ұлттың өкілі жұмыс істейді.
- Олар қалай тұрады?
- Олар бір-бірімен тату тұрады.
- Араларында қай ұлттардың өкілдері бар?
- Бізде өзбек, түрік, корей, дүнген, қырғыз ұлтының өкілдері бар.
- Олар орысша біле ме?
- Олар орыс тілінде жақсы сөйлейді.
- Өзің қазақша сөйлей білесің бе?
- Жаңа үйреніп жүрмін.

Жазамыз

Напишем

1. Төмендегі сөздер мен сөз тіркестерін оқып, олардың қалай жазылуын біліп алыңыз.

Прочитайте внимательно слова и словосочетания, запомните их орфографию и напишите по памяти.

Аяқсыз қалдыру, мақтау, тәуір болу, соғып алу, тыныштық бермеу, қақпан құру, іздеу, ұсыныс, еңбек ардагері, аңшылық, ай, енгізу, тәуір болу, еру, сары бала, бойы биік, бойы аласа.

2. Төмендегі жаңа сөздерден сөз тіркесін құрап жазыңыз.

Из следующих новых слов составьте словосочетания и напишите их.

Ү л г і:
О б р а з е ц: | *ақыл айтты, ...*

Ай, көпшілік, қолдау, мақтаныш, қақпан, ақыл, ұйқы, дауыс, аласа, суару, ұрсу, тобын, осында, жоспар, өткен жылы, көңіл бөлу, саналу, бұл жолы, аяғы, кір.

3. Жоғарыдағы 2-жаттығуда құрастырған сөз тіркестері бойынша сөйлем құраңыз.

Из составленных во 2-ом упражнении словосочетаний составьте предложение.

4. «Біздің завод» деген тақырыпта шығарма жазыңыз.

Напишите сочинение «Наш завод».

Бақылау жұмысы

Контрольная работа

1. Екі бағанмен берілген жай сөйлемдерден мағыналық байланыс бойынша салалас құрмалас сөйлемдер жасаңыз.

К предложению, расположенному в левом столбике, подберите подходящее по смыслу предложение из правого столбика и составьте с ними сложносочиненное предложение.

Қар жауды.
Қараңғы түсті.
Қайта құру басталды.
Сабақ бітті.
Жаз болды.

2. Төмендегі жалғаулық шылауларды қатыстырып мезгілдес салалас сөйлемдер құрастырыңыз.

Және, да (де), та (те), әрі, мен (пен, бен).

3. Төмендегі жалғаулықтар бойынша қарсылықты салалас сөйлемдер құрастырыңыз.

Алайда, бірақ, сонда, да, сөйткенмен.

4. Оқы етістігін шартты рай тұлғасына қойып, үш жақта жекеше, көпше түрде жіктеңіз.

5. Сол жақ бағандағы сөйлемдерді бағыныңқылы сөйлем, ал оң жақтағыларды басыңқы сөйлем ретінде пайдаланып, құрмалас сөйлемдер құрастырыңыз.

Шам жағылды.
Күн суытты.
Үзіліс болды.
Жұмыс қызды.
Комбайнға отырдым.

С данными соединительными союзами составьте временные сложносочиненные предложения.

С данными противительными союзами составьте по одному сложносочиненному предложению.

Глагол *оқы* проспрягайте в трех лицах единственного и множественного числа условного наклонения.

К предложению, расположенному в левом столбике, выберите подходящее по смыслу предложение из правого столбика и составьте с ними сложноподчиненное предложение.

Үлгі:
Образец:

Балам келген соң, екеуіміз жұмысқа кірістік.

Балам келді.
Сен айттың.
Сен айтпадың.
Сен ұрыстың.

Мен келемін.
Екеуіміз жұмысқа кірістік.
Мен істемеймін.
Мен келмейтін едім.

6. Ойдан атау септіктегі сөздерді тауып, септеулік шылаумен тіркестіріп жазыңыз.

Подберите и напишите послелоги, употребляя их со словами в именительном падеже.

Үлгі:
Образец:

Ораз сияқты, ...

7. Мына төмендегі сөйлемдерден септеулік шылауларды тауып, олар қай септіктегі сөздерді меңгеріп тұрғанын айқындаңыз.

В предлагаемых предложениях найдите послелоги и определите, в каком падеже стоят управляемые ими слова.

1. Мен үйге дейін келдім, сен мектепке қарай кеттің. 2. Асан Үсеннен бұрын жетті, Үсен Азат сияқты жай жүреді. 3. Сабақтан соң мен саған барамын, сен үшін бәрін де істеймін. 4. Біздің бөлмеде сегізден астам адам отырады, бәріміз сағат бірге таман гимнастика жасаймыз.

МЕН ЛЕНИН ДЕСЕМ...

Ленин!

Бәрі, бәрі сенің арқаң!

Өзің деп атады ылғи

біздің әр таң.

Шырқалған барлық әнді

бастаушы өзің,

Дәулеттің көзі өзіңсің

артқан дарқан.

Осылай мен әрдайым «Ленин»

десем ---

Кетемін қанат қағып

желіп шешен.

Дүниеге ұлы Ленин келмесе

егер,

Мен бұлай шалқымас ем,

төгілмес ем.

(Қ. Ыдырысов)

В стихотворении говорится о том, что все лучшее, что есть у нас, связано с именем Ленина. Оно вдохновляет на труд, у человека как бы вырастают крылья, и песня у него складывается и льется, как горный поток.

Көсемше

Деепричастие

Қосымшалары Аффиксы	Мағынасы Семантика	Мысалдар — Примеры
1) -ып, -іп, -п	Өткен шақ Прошедшее время	<i>оқы + п + ын, оқы + п + сың, оқы + п + ты; көр + іп + ніз, көр + іп + сіздер, көр + іп + ті</i>
2) -а, -е, -й	Осы келер шақ Настоящее время	<i>ұш + а + мын, ұш + а + сың, ұш + а + ды; кел + е + мін, кел + + е + сің, кел + е + ді; же + й + + міз, же + й + сіңдер, же + й + + ді</i>
3) -қалы, -келі	Келер шақ Будущее время	<i>айт + қалы отырмын, айт + қа- лы отырсың, айт + қалы отыр.</i>

Если деепричастие принимает личное окончание, тогда оно выступает в качестве сказуемого простого предложения: *мен оқып-пын, сен оқыпсың, ол оқыпты*. Кроме того, деепричастие в первоначальной неспрягаемой форме выступает как связывающее сказуемое в сложном предложении: *Жаз шығып, жер көгерді* — Наступило лето, луга зазеленели.

1. Мына етістіктерден көсемшелердің қалай жасалғанын байқаңыз.

Обратите внимание на образование деепричастия.

1. Оқы + п, сөйле + п, тында + п, қара + п, бар + ып, көр + іп, айт + ып, бер + іп; 2. Оқу + й = оқи, сөйле + й, тында + й, қара + й, бар + а, көр + е, айт + а, бер + е; 3. Оқы + ғалы, сөйле + гелі, тыңда + ғалы, қара + ғалы, бар + ғалы, көр + гелі, айт + қалы, бер + гелі, кет + келі.

ояну — проснуться
ұйқы қану — выпаться

бет — лицо

2. Текстен жіктелген **-п** тұлғалы көсемшелерді көшіріп жазып, оның қызметін, қай жақта тұрғанын айқындаңыз.

Выпишите спрягаемые деепричастия на **-п**, определите их функцию и лицо.

Таңертең ерте ояныппын. Ұйқым қанып қалыпты. Бетімді жуып, ас ішуге отырдым. Жаңа газеттер келіпті. Соларды оқуға кірістім. Газетте қызық материалдар беріліпті. Сағат тоғыз болды. Бүгін күн жексенбі. Енді үй жұмысына көмектесуім керек. Үй жұмысына көмектесуге қызым да дайын отырыпты. Бәріміз жұмысқа кірісіп кеттік.

кез — время, период
етек алу — распространиться

жаңаша — по-новому
басталу — начаться

3. Мына сөйлемдерден -а тұлғалы көсемшелерді тауып, олардың қолданысын айқындаңыз.

Найдите деепричастия на **-а** и определите их функцию в предложении.

Қайта құру кезінде жұмысқа жаңаша қарай бастадық. Тәртіп күшейді, еңбек өнімі арта бастады. Аз адамның қатысуымен көп жұмыс істейміз. Жаңаша ойлайтын да болдық. Қайта құру қай жерде болса да, кең етек ала бастады. Бұл мәселені өткен жылы партия жиналысында арнайы қарадық. Қайта құру әркімнің өзінен басталу керек.

күнде — каждый день **жолығу** — встретиться **сирек** — редко

4. Төмендегі сөйлемдерден -а тұлғалы көсемшелерді тауып, олардың қай жақта тұрғанын айқындаңыз.

В следующих предложениях найдите деепричастия на **-а** и определите их место.

1. Мен ертең Көкшетауға жүремін, онда Сабыржанға жолығармын деп ойлаймын. Сен қашан жүресің? Абзал бүрсігүні жүреді. 2. Тау жаққа қарай беремін, ол жақтан жел соғады. 3. Сені күнде көремін, сен мені сирек көресің. 4. Мен сурет саламын, сен кітап оқисың. 5. Қаймақ сатып аламын, шайға құямын. 6. Біздер қыста да қымыз ішеміз.

Запомните!

Деепричастия на **-ғалы** не принимают личных окончаний и присоединяются к вспомогательным глаголам.

ауа райы — погода **шөп** — сено **онша емес** — неважно

5. -ғалы тұлғасындағы көсемшелі сөйлемдерді жазып, оның қолданысын айқындаңыз.

Напишите предложения с деепричастиями на **-ғалы** и определите их функцию.

Әшірбек колхоздағы ағасына көмектескелі келді. Бұл — оның жылдағы ісі. Үйіне Әшірбек келгелі, ағасы да көңілді. Екеуі ерте тұрып, шөп жинауға кетеді. Биыл жаз шыққалы, ауа райы онша емес. Олар күннің ашылуын күтті. Олар жұмысқа кіріскелі, біраз күн болды. Әшірбек өз ісіне риза. Ағасы Әшірбектің көмектескеніне қуанады. Енді Әшірбек қалаға жүргелі жатыр, шешесін де көрмегелі көп болды.

6. -ғалы тұлғалы көсемшелерді қатыстырып, төмендегі етістіктерден сөз тіркестерін құраңыз.

При помощи следующих глаголов составьте словосочетания с деепричастиями на **-ғалы**.

Үлгі: | Сөйлегелі отырмын, ...
Образец:

Айт, жаз, бар, кел, сал, отыр, бер, сөйле.

Жаңа сөздер:**Новые слова:**

кішіпейіл — скромный, учтивый
 әрдайым — всегда

арамыздан — из нас
 жиі — часто

7. Төмендегі тексті оқып, одан көсемшелерді теріп жазыңыз.

Прочитайте текст и выпишите из него деепричастия.

Найман деген досым бар. Менің досым — бәрімізге аға. Сөйте тұра ол өзі өте кішіпейіл. Ренжу дегенді білмейді, әрдайым көңілді жүреді. Ол әдебиетті өте көп оқиды, әрбір шығармаға өзіндік пікірі бар. Көп жылдар бойы ұстаздық қызмет атқарды, оның алдынан бірнеше шәкірт тәрбиеленіп шықты.

ГРАММАТИКА

Қимыл-сын бағыныңқылы сабақтас сөйлем

Сложноподчиненные предложения с придаточными образа действия

Бағыныңқы сөйлемнің етістік баяндауышының формасы Форма глагольного сказуемого придаточного предложения	-ып, -іп, -п	Мысалдар — Примеры
		Жанбыр жауып, жер көгерді — Прошел дождь, и земля зазеленела. Балалары келіп, ана куанды — Дети пришли, и мать обрадовалась.

Жаңа сөздер:**Новые слова:**

үйлену тойы — свадебное торжество
 күйеу жігіт — жених
 қалындық — невеста

құда — сват
 құдағи — сватья

1. Мына тексті оқып, қимыл-сын бағыныңқылы сабақтасты табыңыз.

Прочитайте, найдите сложноподчиненные предложения с придаточными образа действия.

ҮЙЛЕНУ ТОЙЫ

Жуырда достарымыздың үйлену тойында болдым. Күйеу жігіт — Борис Иванович, қалындық — өзіміздің Әсия. Тойға халық көп жиналып, талай әндер орындалды. Құдалар мен құдағилар көңілді отырды. Үзілісте би болып, түрлі қызық ойындар ойнап, ән салдық. Той көңілді өтті.

2. Үлгіге карап, екі жай сөйлемнен бір қимыл-сын бағыныңқылы сабақтас сөйлем құрастырыңыз.

Из двух простых предложений составьте по образцу одно сложное предложение с придаточным образа действия.

Үлгі: | Ән салдық. Көңіліміз көтерілді. — Ән салып, көңіліміз көтерілді.

Образец:

Үй алдық. Біз қуандық. Марат хат жазды. Әжесінен алғыс алды. Маржан ән салды. Жұрт риза болды. Медеуге бардық. Көп нәрсені көрдік. Жоспар орындалды. Біз бірінші орынға шықтық. Жұмыс бітті. Қөңілді қайттық.

3. Төмендегі көсемшелерді қатыстырып қимыл-сын бағыныңқылы сабақтас сөйлемдер құрастырыңыз.

Со следующими деепричастиями составьте по одному сложноподчиненному предложению с придаточным образа действия.

Құрып, тез жүріп, салып, барып, жетіп, бітіп.

Оқимыз

Почитаем

ардақты — уважаемый, чтимый

борыш — долг, обязанность

1. Мына тексті оқып, төмендегі сұрақтарға жауап қайтарыңыз және мазмұнын айтып беріңіз.

Прочитайте текст и раскройте его содержание, отвечая на вопросы, которые даны в конце текста.

Жұмыста әділ болу керек. Жұмыстан кеш қалуға болмайды. Бүгін өндіріс мәселесі жайында сөз болды. Бұған жұмысшылар қызу араласты. Әркім өз ұсыныстарын айтты. Николайдың ұсынысы өте пайдалы болды. Бәріміз соны қолдадық. Оның көп айтатын сөзі: «Жұмыста әділ болу — бәріміздің ардақты борышымыз». Бұл сөз бәріміздің есімізде қалды.

Сұрақтар (вопросы):

1. Жұмыста қалай болу керек?
2. Бүгін сендерде не мәселе жайында сөз болды?
3. Кімнің ұсынысы пайдалы болды?
4. Николайдың көп айтатын сөзі қандай?
5. Ол сөз естерінде қалды ма?

жетіспейді — не хватает

жеңілдейді — станет легче

2. Мына тексті оқып, тақырып қойыңыз, қысқаша мазмұнын айтыңыз.

Прочитайте и озаглавьте текст, передайте его краткое содержание.

Біздің совхозда механизаторлар жетіспейді. Осыны байқаған совхоз директоры арнайы курс ашты. Бұл курсқа мен де оқитын болдым. Документтерімді өткіздім. Басқа жас жігіттер де баратын болды. Бұл курсты бітіріп шықсақ, совхозда механизаторлар көп болады. Жұмыс жеңілдейді.

Аударамыз

Переведем

1: Жаңа сөздерді аударыңыз.

Переведите новые слова.

Ояну, ұйқы қану, бет, ас, кез, арнайы, жаңаша, етек алу, басталу, күнде, сирек, шөп, онша емес, ертеде, кішіпейіл, әрдайым, жиі, еске алу, арамыздан, сақтаулы, болашақ, үйлену тойы, күйеу жігіт, қалыңдық, құда, құдағи, ардақты, борыш, ұсыныс, пайдалы.

Я приехал в Минск. Вышел из поезда и пошел на площадь, на которой останавливается троллейбус № 6. Когда я вошел в троллейбус, услышал: «Добрый день, товарищи пассажиры! Сейчас 12 часов, 32 минуты. На конечную остановку мы приедем в 12 часов 55 минут». Мы поехали. На площади Ленина наш водитель сказал: «Посмотрите налево. Вы видите Дом правительства. А недалеко находится здание театра оперы и балета». Какой хороший водитель, все бы так!

Сөйлесеміз

Поговорим

Төмендегі диалогтердің үлгілерін пайдаланып, өзара әңгімелесіңіз.

Поговорите между собой, используя образцы данных ниже диалогов.

жұмыс күші — рабочая сила
атқару — исполнять, выполнять

1. — Сен әскерлік борышыңды атқардың ба?
- Жоқ.
- Қашан атқарасың?
- Жасым толған жоқ.
- Қашан толады?
- Екі жылдан кейін толады.
- Қазір не істеп жүрсің?
- Шопан болып істеймін, әкеме көмектесемін.
- Әкең қашаннан бері шопан болып істейді?
- Ол көп жылдан бері шопан.
- Жасы нешеде?
- Биыл елуден асып барады.

2. — Қайта құру сендерде қалай жүріп жатыр?
- Қайта құруды әркім өзінен бастады.
- Сонда не істейсіндер?
- Жұмысқа саналылықпен қараймыз.
- Бұл мәселені жиналыста арнайы қарадыңдар ма?
- Иә, партия жиналысында арнайы сөз еттік.
- Қандай жаңа ұсыныстар енгіздіңдер?
- Аз жұмыс күшімен көп жұмыс атқаратын болдық.
- Бұл іске аса ма?
- Асады деп сенеміз.

Жазамыз

Напишем

1. Төмендегі сөздердің жазылуына мән беріп оқып, соңынан тақтаға, дәптерлеріңізге жатқа жазыңыз.

Прочитайте внимательно слова, запомните их правописание, а затем напишите их по памяти на доске и в тетради.

Шөп, құда, құдағи, ерту, ояну, қану, кез, аз, есік, арнайы, бас-талу, жаңаша, күнде, сирек.

2. Төмендегі жана сөздерден үлгіге сүйеніп сөз тіркестерін құрастырыңыз.

С новыми словами составьте словосочетания по образцу и напишите их.

Үлгі:
Образец: | *Кішіпейіл адам, ...*

Кішіпейіл, әрдайым, жиі, ақын, болашақ.

3. Екінші жаттығудағы сөз тіркестерімен сөйлем құрастырып жазыңыз.

Составьте предложения со словосочетаниями 2-го упражнения и напишите их.

4. Мына текст бойынша мазмұндама жазыңыз.

По содержанию данного текста напишите изложение.

МЕНІҢ ӘКЕМ

Мен әкемді ешқашан ұмытпаймын. Ол мені тәрбиеледі, өсірді, оқытты. Ол маған әрқашан адалдықты үйрететін. Мен қазір де әкемді үлгі етіп отырамын. Қайда жүрсем де, қайда болсам да, әрқашан әкемді еске аламын. Ол — оқымаған адам, бірақ оқудың жақсы екенін жақсы түсінген. Оқудың керек екенін бізге әрдайым айтып отыратын. Оның Петро дейтін орыс досы болатын. Біздер ол кезде кішкентай балалар едік. Петро біздің үйге жиі келетін. Сонымен араласу арқылы әкем орыс тілін де үйреніп алған еді. Біз орыс сөздерін Петро ағайдан естідік. Біздер оны «дядя Петро» деп атайтынбыз. Петро ағай арқылы мен орыс халқын да жақсы көріп кеттім.

Жаттаймыз

Учим наизусть

Мақал-мәтелдер:

Пословицы и поговорки:

Еңбек қылсаң ерінбей,
Тояды қарның тіленбей.

Кто трудится, тот и сыт.

Жан қиналмай,
Жұмыс бітпес.
Талап қылмай,
Мұратқа жетпес.

Не испытывал трудностей,
дела не закончишь, без
стремления цели не
достигнешь.

Ердің атын еңбек шығарар.

Имя джигита трудом славится.

Еңбек ерлікке жеткізер,
Ерлік елдікке жеткізер.

Труд ведет к подвигу,
подвиг — к признанию.

ГРАММАТИКА

Мезгіл бағыныңқылы сабақтас
сөйлем

Сложноподчиненное предложение
с придаточным времени

Бағыныңқы сөйлемнің баяндауыш формасы Формы сказуемого придаточного предложения	Мысалдар — Примеры
1) -ған + да	<i>Мен келгенде, сен үйде жоқ екенсің</i> — Когда я пришел, тебя не было дома.
2) -ған + ша	<i>Мен барғанша, сен кетпе</i> — Ты не уходи, пока я не приду.
3) -ғанға дейін	<i>Мен келгенге дейін, сен үйде бол</i> — Ты будь дома, пока я не приду.
4) -ғаннан кейін	<i>Мен барғаннан кейін, жұмыс тез бітті</i> — После того, как я пришел, работа была закончена быстро.
5) -ғалы (көсемше)	<i>Мен келгелі, әжем тәуір болды</i> — С тех пор как я прибыл, бабушке лучше.

Жаңа сөздер:

Новые слова:

шағын — небольшой
аттану — отправляться
ер жету — повзрослеть

қиын — трудный//трудно, тяжело
жалқау — лентяй, лодырь
ерте араласу — рано приступить

1. Мына сөйлемдерді оқып, одан мезгіл бағыныңқылы сабақтастарды көшіріп жазыңыз, олардың жасалу жолдарын түсіндіріңіз.

Прочитайте, выпишите сложноподчиненные предложения с придаточными времени и объясните особенность их образования.

Біз шағын қалада туып өстік. Соғыс басталғанда, мен сегіз жастағы бала едім. Ағаларым майданға аттанды. Олардан хат келгенше, шешем көңілсіз жүретін. Жұмыстың көбін атқаратын да осы шешем еді. Ол ауырып қалғанда, маған да қиын болушы еді. Мектепке барғалы, хатты да өзім оқи бастап едім. Біз ерте ер жеттік, жұмысқа ерте араластық. Бүгінде кейбір жалқау жастарды көргенде, солар үшін өзің ұяласың.

ауысу — переходить

бөгет жасау — помешать

Причастие на *-ған* в именительном падеже, только сочетаясь с послелогами *соң, кезде, уақытта, сайын* образует сказуемое придаточного предложения времени.

2. Мына тексті оқып, әуелі *-ған* тұлғалы есімшемен жасалған мезгіл бағынықылы сабақтастарды, содан кейін олардың шылаулармен тіркескен түрін көшіріп жазыңыз.

Прочитайте и выпишите сначала сложноподчиненные предложения с придаточными времени, образованными причастиями на *-ған*, затем сложноподчиненные предложения времени с послелогами.

Ермек келгеннен кейін, олар әңгімелерін қоя қойды. Мәселе басқа жаққа ауысты. Енді Ермек сөйледі. Ермек сөйлегенде, бұл екеуі жақсы тыңдады. Ермек әңгімесін айтып болғаннан кейін, бәрі де орындарынан тұрды. Біз Маралдың келуін күттік.

Енді Марал келгенге дейін, біздер басқа жұмыспен айналыса тұрдық. Ол да келді. Марал келгеннен кейін, жұмысқа кірістік. Біз оны жақсы көреміз. Марал өз жұмысын жақсы істейді, бізге де үнемі көмектесіп отырады.

Жаңа сөздер:

Новые слова:

еске алу — вспоминать
сақтаулы — находиться на хранении
сүйіспеншілік — любовь; любовные отношения

жену — победить
зор — огромный, большой, громадный
сенім — вера, доверие, уверенность

3. Тексті оқып, одан есімше арқылы жасалған мезгіл бағынықылы сабақтастарды табыңыз, олардың жасалу жолдарын түсіндіріңіз.

Прочитайте, найдите сложноподчиненные предложения с придаточными времени, образованные причастиями. Объясните их образование.

АҒАМНЫҢ ХАТТАРЫ

Менің ағамның аты Әлібек еді. Ол Ұлы Отан соғысына қатысып, сонда ерлікпен қаза тапты. Ол майданға аттанғанда, мен мектепте оқитын жас бала едім. Хатты менің атыма жазатын. Соғыс басталғанға дейін, ағам ауылда мұғалім болды. Әскерге жас кетті. Оның хаттарын мен жинап жүрдім. Алматыға оқуға кеткенге дейін, ол хаттар сақтаулы болатын. Ағам әр хатында Отанға деген сүйіспеншілігін, халықтар достығын, біздің еліміздің жеңетіндігін зор сеніммен жазатын. Ағамды еске алғанда, сол хаттар ойға оралады.

4. Төмендегі үлгі бойынша мезгіл бағынықылардың баяндауышына жалғаулықтар қосып жазыңыз.

Предикат (сказуемое) придаточного времени преобразуйте по образцу, присоединяя послелоги.

Үлгі:

Образец:

Жиналыс біткенде, біз үйге қайттық.— *Жиналыс біткен соң, біз үйге қайттық. Жиналыс біткен кезде, біз үйге қайттық.*

Жиналыс біткенде, біз үйге қайттық. Далада қар жауып тұр екен. Мен үйге жете бергенде, немерем қарсы алды. Ол аулада ойнап жүр екен. Үйге кіргенде, шам жағылды. Аз уақыттан кейін Олжабай келді. Олжабай отыра бергенде, Мұрат кірді. Мұратты көргенде, немерем қуанды. Екеуі шахмат ойнауға кірісті.

5. Төмендегі екі бағанда берілген сөйлемдерді мағыналық жағынан байланыстырып, мезгіл бағыныңқылы сабақтас сөйлемдер құрастырыңыз.

К придаточным предложениям в столбике слева подберите подходящие по смыслу главные предложения из столбика справа и составьте сложноподчиненные с придаточным времени.

Үлгі:
Образец:

Қоңырау соғылғаннан кейін, сабақ басталды.

Қоңырау соғылғаннан кейін
Күн батқан соң
Ән айтылған сайын
Күн батқанша
Баласы келген соң
Сағат бір болғанда
Сен келгенше
Мен келген кезде
Күн ашылғанда

Қараңғы түсе бастады.
Ол тындай береді.
Сабақ басталды.
Анасы қуанды.
Шам жағылмайды.
Мен кетпеймін.
Үзіліс басталды.
Біз жолға шықтық.
Сен үйде болатын бол.

6. Көргенге дейін, барғанға дейін, айтқанға дейін, ұйықтағанға дейін, батқанға дейін бағыныңқы сөйлем баяндауыштарын қатыстырып, мезгіл бағыныңқылы сабақтастар құрастырыңыз.

При помощи сказуемых — *көргенге дейін, барғанға дейін, айтқанға дейін, ұйықтағанға дейін, батқанға дейін* — составьте сложноподчиненные предложения с придаточным времени.

Үлгі:
Образец:

Күн батқанға дейін, мен далада жүрдім.

7. Көп нүктенің орнына басыңқыларды жазып, сөйлемдерді аяқтаңыз.

Закончите сложноподчиненные предложения, добавляя к придаточному вместо многоточия главное.

Біз жұмысқа барғанда, ... Ол демалыстан қайтқанша, ... Сен институтқа түскенге дейін, ... Ол командировкадан келгеннен кейін, ... Сіз жұмысқа келгелі, ... Сендер экскурсияға барған уақытта, ... Мен жұмыстан қайтқан соң, ... Сіз келгеннен кейін, ... Жұмыс біткен кезде, ... Сен келген сайын, ...

дән риза — очень довольный

тимейтін болды — не стали трогать, перестали трогать

8. Тексті оқып, -ғалы тұлғасындағы мезгіл бағыныңқылы сабақтастарды көшіріп жазыңыз.

Прочитайте и выпишите сложноподчиненные предложения с придаточным времени на -ғалы.

Биыл қыс ерте түсті. Қыс түскелі, балалар қуанып жүр. Олар енді қармен ойнайтын болады. Далада балалар көп. Араларына

Нұрахмет қосылғалы, бұлар дән риза. Нұрахмет күшті. Ешкімнен қорықпайды. Ол келгелі, басқа балалар бұларға тимейтін болды. Ойындары да қызық өтеді. Біраз ойнағаннан кейін, бұлар үйлеріне тарады. Сабаққа бару керек. Жаңа мұғалім келгелі, бұлар жақсы оқитын болды.

9. *Жауғалы, оқығалы, жазғалы, алғалы, барғалы, салғалы*, баяндауыштарын қатыстырып, мезгіл бағыныңқылы сабақтастар құрастырыңыз.

При помощи сказуемых — *жауғалы, оқығалы, жазғалы, алғалы, барғалы, салғалы* — составьте сложноподчиненные предложения с придаточным времени.

Үлгі:

Образец:

Қар жауғалы, күн суыта бастады.

төмен — низко
іске асыру — претворить в жизнь

бөлім — отдел
жалықпау — не лениться

10. Тексті оқып, мезгіл бағыныңқылы сабақтастарды табыңыз, оларды жазыңыз.

Прочитайте, найдите сложноподчиненные предложения с придаточным времени и выпишите их.

Бізде көп ұлттың өкілі жұмыс істейді. Жаңа басшы келгеннен кейін, жұмыс та жақсы жүре бастады. Жаңа бөлімдер ашылды. Олар ашылғанға дейін, жұмыс өнімі төмен болатын. Өзім істейтін бөлім ашылғаннан бері, біраз адамдар жұмысқа алынды. Бөлімнің жұмыс жайы қайта құру мәселесімен байланыстырыла қаралды. Жас инженер Потаповтың ұсынысы іске асқанша, біраз уақыт өтіп те кетті. Ол бөлімде баяндама жасады. Баяндама жасалғаннан кейін, ол көңілді жүр. Потапов әрқашан жаңаша ойлаудан жалықпайды.

Оқимыз

Почитаем

Одақ — Союз
қоғам қайраткері — общественный деятель
«Оянған өлке» — «Пробужденный край»

бағалы — ценный
«Кездеспей кеткен бір бейне» — «Однажды и на всю жизнь»

1. Тексті оқып, соңындағы сұрақтар бойынша мазмұнын айтыңыз.

Прочитайте, расскажите содержание текста по вопросам, которые даны в конце текста.



Ғабит Махмұтович Мүсірепов — белгілі қазақ совет жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі, Социалистік Еңбек Ері. Оның «Қазақ солдаты», «Оянған өлке» романдары, «Кездеспей кеткен бір бейне», «Ұлпан» повестері республикаға ғана емес, бүкіл Одаққа белгілі. Ғабит Махмұтович — үлкен драматург. Ол «Қыз Жібек», «Ақан сері — Ақтоқты» сияқты драмалық шығармаларды жазған. Бұлар — қазақ совет әдебиетінің бағалы қазыналары.

Сұрақтар (вопросы):

1. Ғабит Махмұтович кім?
2. Оның қандай романдарын білесіз?
3. Ғабит Махмұтовичтің қандай повестерін білесіз?
4. Оның опералық, драмалық шығармалары қандай? Қайсыларын білесіз?
5. Ғ. Мүсіреповтің қандай әңгімелерін оқыдыңыз?

алдымен — сначала

1. Мына жаңа сөздерді аударыңыз
- Прочитайте и переведите текст.

Әр нәрсеге тиянақты болу керек. Бұл әсіресе жұмыста керек. Бүгінгі істейтін жұмысты ертеңге қалдыруға болмайды. Ол — жалқаудың ісі. Тиянақты болсаң, көп жұмыс бітіресің. Басқаларға да үлгі боласың. Үлгі көрсету қандай жақсы! Үлгілі болу үшін алдымен еңбекқор, әділ болу керек. Сонда сенен басқалар үлгі алады. Бұл жайды жастарға үйрету керек. Олар ести берсін, біле берсін. Жастардан біздің күтетініміз де осы.

Аударамыз

Переведем

2. Мына тексті оқып, аударыңыз.
- Переведите следующие новые слова.

Шағын, аттану, ер жету, қиын, жалқау, майдан, ұялу, ауысу, бөгет жасау, ойнап-күлу, өкініш, сақтаулы, сүйіспеншілік, жеңу, зор, сенім, дән риза, тимеу, бөлім. Одақ, «Оянған өлке», «Кездеспей кеткен бір бейне».

2. Тексті аударыңыз.
- Переведите текст.

25 октября 1917 года на II Всероссийском съезде Советов рабочих и солдатских депутатов В. И. Ленин в своем докладе о мире сказал, что Советская республика предлагает мир всем народам, всем странам, которые участвовали в первой мировой войне. В другом своем докладе В. И. Ленин сказал, что всю землю нужно отдать крестьянам — людям, которые работают на ней.

Декреты о мире и о земле были первыми декретами страны Советов.

Сөйлесеміз

Поговорим

Төмендегі диалогтердің үлгілерін пайдаланып, өзара әңгімелесіңіз.

Поговорите между собой, используя образцы данных ниже диалогов.

1. — Жас кезің есіңе түсе ме?
— Иә, кейде жас кезім есіме түседі.
— Соғыс басталғанда, сен неше жастағы бала едің?
2. — Қазақ тілін үйрену жұмысы қалай жүріп жатыр?
— Оқулығымыз бар. Қазақша-орысша сөздіктер де жоқ емес.

- Мен онда сегіз жастағы бала едім.
- Үйдегі жұмысты кім істеуші еді?
- Үйдегі жұмысты көбінесе шешем істеуші еді.
- Ағаларыңның әскерден жазған хатын кім оқушы еді?
- Мен оқитынмын.
- Енді қазір өзің неше жасқа келдің?
- Елуден астым.

- Мынау қандай оқулық?
- Бұл — қазақ тілін үйренуге арналған оқулық. Жақында басылып шықты.
- Сендерде қазақ тілін үйренуге арналған үйірме ұйымдастырылды ма?
- Өткен жылдан бастап ұйымдастырылған.
- Онда кімдер оқиды?
- «Қиrow» заводының жұмысшылары оқиды.
- Қазақ тілін үйреніп келе ме?
- Жеңіл сұрақтарға жауап бере алатын болды.

Жазамыз

Напишем

1. Жаңа сөздерден сөз тіркесін құрап, дәптерге жазыңыз.

С новыми словами составьте словосочетания и напишите их в тетради.

Үлгі: | *жалқау бала, ...*

Жалқау, шағын, жеңу, қаулы, шара, тақырып, бағалы, ауысу, жаттығу, бөлім, аттану, ер жету, қиын, ерте, араласу, зор, сенім, еске алу, жалықпау, алдымен.

2. Мына жаңа сөздерді қатыстырып сөйлем құраңыз.

При помощи следующих словосочетаний составьте предложения.

Ұлы Отан соғысы, аттанды, ойнап-күліп, жүр, хат сақтаулы, сүйіспеншілік өмір, біз жеңдік, зор сенім, жақсы үйірме, оған тие, бөгет жасауға болмайды, сен дән ризасың, Одақ көлемінде, «Оянған өлкені» оқыдым, «Кездеспей кеткен бір бейне», бағалы кітап.

3. Диктант

Диктант

Қазақша жазуды үйреніп келеміз. Қиын сөздер болса, сөздіктен қарап аламыз. Қазақша кітаптар оқимыз. Әр сабақта бірнеше жаңа сөздерді үйреніп жатырмыз. Олардан жеке сөйлем құраймыз. Диалог бойынша сөйлесеміз. Жазу кезінде мұның бәрі пайдалы болады, дұрыс жазуға көмектеседі.

ГРАММАТИКА

Себеп бағыныңқылы сабақтас сөйлем

Сложноподчиненное предложение с придаточным причины

Бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы Сказуемое придаточного предложения	Мысалдар — Примеры
1) -ған + дықтан	<i>Жаңбыр жауғандықтан, жол жүре алмадық</i> — Мы не смогли отправиться в путь, потому что пошел дождь.
2) -ған соң	<i>Жаңбыр жауған соң, жол жүре алмадық</i> — Мы не смогли отправиться в путь, так как пошел дождь.

өзінше — по-своему
әлі — еще

өз бетімен — самостоятельно
сатып әперу — купить

1. Мына сөйлемдерден себеп бағыныңқылы сабақтастарды көшіріп жазыңыз.

Прочитайте и выпишите сложноподчиненные предложения с придаточными причины.

Сентябрь айы жақын қалған соң, балаларды мектепке дайындау жұмысы көбейе түсті. Апасы Нұрланға қағаз, қалам, қарындаштар сатып әперді. Нұрланды көріп Әмір де өзінше мектепке барғысы келеді. Ол әлі жас. Мұны апасы айтса да, ол түсінбейді. Нұрланның жасы алтыға толғандықтан, ол биыл мектепке барады. Әмірдің жасы жетпеген соң, ол мектепке биыл бармайтын болды. Бұған ол ренжіді. Апасы оған кішкене балаларға арналған кітап сатып әперді. Енді өзінің кітабы болғандықтан, Әмір оны үйде өз бетімен оқығысы келді.

2. Сол жақ бағандағы бағыныңқыға оң жақтағы басыңқы сөйлемдерді өзара байланыстырып, себеп бағыныңқылы сабақтас сөйлемдер құрастырыңыз.

К придаточным предложениям, данным слева, подберите подходящие по смыслу главное из правого столбика.

Үлгі:
Образец:

Билет болмаған соң, киноға бара алмадым.

Билет болмаған соң,
Басым ауырғандықтан,
Күн суық болған соң,
Үй қараңғы болған соң,
Кеш жатқандықтан,
Концерт ұнағандықтан,
Қазақша сабақ жүрген соң,

Сабаққа келе алмадым.
Мен тоңып қалдым.
Киноға бара алмадым.
Ұйқым қанбады.
Артистерге риза болдым.
Шам жақтық.
Қазақша сөйлейтін болдық.

Жаңа сөздер:

Новые слова:

қарапайым — простой
атақ — звание
батырлар жыры — песня о богатырях

зерттеуші — исследователь
зерттеу — исследовать
басқару — руководить

3. Текстті оқып, себеп бағыныңқылы сабақтастарды көшіріп жазыңыз. Олардың жасалу жолын түсіндіріп, содан кейін текстті аударыңыз.

Прочитайте текст, найдите и выпишите сложноподчиненные предложения с придаточным причины; объясните способ их образования и переведите на русский язык.

Біз Мәлік Ғабдуллинмен бірге жұмыс істедік. Ол кісі өте қарапайым адам еді. Майданда үлкен ерлік көрсеткендіктен, оған Совет Одағының Батыры атағы берілген. Ол әдебиет зерттеушісі, үлкен ғалым еді. М. Ғабдуллин көп жылдар бойы академияда фольклор бөлімін басқарды. Батырлар жырын Мәлік ағай арнайы зерттегендіктен, көп мәселенің басы ашылды. Жастардың жақсы ұстазы еді. Мәлік ағайды халық өте сыйлайтын.

4. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қосып, бағыныңқы сөйлем баяндауыштарының жасалу жолдарын түсіндіріңіз.

Вместо точек напишите нужные окончания. В придаточном предложении найдите сказуемое и объясните способ его образования.

1. Мен кел..., сен кетіп қалыпсың. 2. Қатты жұмыс істеп шаршаған..., біраз отырып демалдық. 3. Мен оқуға қабылданған..., үйіме қуанып хат жаздым. 4. Қар жауған..., күн жылы. 5. Қонақ үй болмаған..., досымның үйіне кеттім. 6. Кітап оқы..., білімнің көп болады. 7. Әкеммен ақылдасқан..., жұмыс дұрыс орындалды. 8. Ана көп балалы болған..., оған орден берілді.

5. Төмендегі бағыныңқы сөйлем баяндауыштарын қатыстырып, үлгі бойынша себеп бағыныңқылы сабақтас сөйлемдер құрастырыңыз.

Употребляя предлагаемые сказуемые составьте по образцу сложноподчиненные предложения с придаточными причины.

Ү л г і:

О б р а з е ц:

Тың игерілген соң, астық көбейді.

Игерілген соң, ауырғандықтан, суық болғандықтан, жауған соң, түскендіктен, орналасқан соң.

6. Көп нүктенің орнына себеп бағыныңқыларды қосып жазыңыз.

Закончите предложения, присоединяя к главным придаточные причины.

..., мұғалім ренжіді. ..., тоңып қалдым. ..., қолым ауырды. ..., қуанып қалдым. ..., біз шөлдедік. ..., атымыз шаршады. ..., клубка жиналды.

Оқимыз

Почитаем

1. Текстті оқып шығыңыз. Текст соңындағы сұрақтарға жауап бере отырып, оның мазмұнын ашыңыз.

Прочитайте текст, раскройте его содержание, отвечая на вопросы, данные в конце текста.

МЕНИҢ ҚАРЫНДАСТАРЫМ

Қолыма бір тамаша кітап түсті. Кітап батыр апаларымыз Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметова жайында жазылыпты. Оқып шығып, ерліктеріне риза болдым. Менің екі қарындасым бар. Біреуінің аты — Мәншүк, екіншісі — Әлия. Соларға қарап, батыр апаларым өз үйімде жүргендей қуандым. Қуана тұрып:

— Маған да неге бір батырдың атын қоймадыңыз? — дедім әжеме. Әжем күліп:

— Ұл бала еліне өз ерлігімен танылуға тиіс. Екі батыр қыздың атын күн сайын өз үйімнен естіп отырғым келіп, қарындастарыңды Әлия, Мәншүк деп атадым. Әлия екінші класта оқып жүр, еңбекқор, сабақтан бас алмайды. Батыр апасының атына сай болғысы келеді. Мәншүк балабақшада. Ән айтқанда басқалар сияқты қысылмайды. Кіммен болса да әңгімелесе береді. Батыл. Біз оларды осындай қасиеттері үшін жақсы көреміз.

Сұрақтар (вопросы):

1. Сенің қолыңа не түсті?
2. Кітап кімдер жайында жазылыпты?
3. Сенің неше қарындасың бар?
4. Олардың аттары кімдер?
5. Ұл бала еліне қалай танылуы керек?
6. Әлия нешінші класта оқиды?
7. Әлия сабақты қалай оқып жүр?
8. Мәншүк қайда барып жүр?
9. Ол әнді қалай айтады?

еңбек сіңіру — заслужить награды, почетное звание

күріш — рис

2. Текстті оқып, мазмұны бойынша бес сұрақ құрастырыңыз, оларға жауап қайтарыңыз.

Прочитайте текст, составьте по его содержанию пять вопросов и ответьте на них.

ЕСКЕРТКІШ

Екінші класта-оқитын Серікбай әкесімен қалаға келді. Оған қаладағының бәрі қызық көрінді.

— Қазір паркке барамыз,— деді әкесі. Бала паркке жеткенше асықты. Әр түрлі қызықтар көргісі келді. Бұлар үлкен ескерткішті көрді. Серікбай оған көп қарады.

— Бұл ескерткіш,— деді әкесі,— Ыбырай атаңа арналған.

— Ол кім?

— Ол — Ыбырай Жақаев — күріштен мол өнім алған адам, оның халыққа сіңірген еңбегі зор. Ы. Жақаев халықтың адал ұлы болды. Ондай үлгілі адамдарды халық еш уақытта ұмытпайды.

— Жаксы адам болу үшін не істеу керек?

— Ол үшін көп еңбек ету керек.

Аударамыз

Переведем

Жаңа сөздер:

Новые слова:

негізін қалаушылардың бірі — один из основоположников

қазіргі — современный, нынешний

Совет өкіметі — Советская власть

жырлау — воспевать

түбегейлі — основательный, глубокий, значительный

өзгеріс — изменение

әсіресе — особенно

сонымен қатар — наряду с этим

алтын қор — золотой фонд

1. Тексті оқып, аударыңыз.

Прочитайте и переведите текст.

БЕЙМБЕТ МАЙЛИН

(1894—1938)

Беймбет Майлин — один из основоположников казахской советской литературы. Б. Майлину принадлежат стихи и поэмы, рассказы и повести, романы и пьесы.

Майлин родился в Таранском районе нынешней Кустанайской области. В ранних его стихах преобладают картины аульной жизни. В годы Советской власти Б. Майлин пишет о коренных изменениях, которые произошли в степи. Писатель плодотворно учился у классиков русской литературы, особенно у Чехова. Центральное место в творчестве Б. Майлина занимают рассказы. Лучшие из них, например, «Письмо Чапая», «Улбосын», «Школа Ленина» и другие, а также драматургические его произведения вошли в золотой фонд казахской советской литературы.



Сөйлесеміз

Поговорим

Диалогтерді оқып, сонынан қайталаңыз.

Прочитайте диалоги, а затем воспроизведите их.

1. — Сіз қайда жұмыс істейсіз?

— Сіздің институтыңыз алыс па?

— Мен экономика институтында қызмет істеймін.

— Жок, жақын.

- Жұмысқа жаяу баратын шығарсыз?
- Жоқ, автобуспен барамын.
- Спортпен айналысасыз ба?
- Жоқ.
- Телевизор көресіз бе?
- Әрине, күнде көремін.
- Денсаулығыңыз нашар болар?
- Иә, денсаулығым нашар, көп ауырамын.
- Сізге көмектесетін бір-ақ нәрсе бар.
- Ол не?
- Ол — спорт. Спортпен айналыссаңыз, аурудан жазыласыз.
- Жақсы, спортпен айналысып көрейін.

- 2. — Сен кіммен бірге жұмыс істедің?
- Мен Мәлік ағаймен бірге жұмыс істедім.
- Ол кісі қандай адам еді?
- Ол кісі өте қарапайым адам болатын.
- Соғысқа қатысып па еді?
- Иә, қатысқан. Оған ерлігі үшін Совет Одағының Батыры деген атақ берілген болатын.
- Ол қай ғылымды зерттеді?
- Қазақ әдебиетіндегі батырлар жырын зерттеді.
- Ол қайда жұмыс істеп еді?
- Академияның фольклор бөлімін басқарды.
- Жастарға қалай қарады?
- Мәлік ағай жастардың жақсы ұстазы еді.

Жазамыз

Напишем

1. Төмендегі сөздерді оқып, олардың жазылуына көңіл бөліңіз. Соңынан дәптерге жатқа жазыңыз.

Прочитайте внимательно следующие слова, запомните их орфографию и напишите в тетради по памяти.

Өзінше, әлі, жеңіл, өз бетімен, қазіргі, түбегейлі, өзгеріс, өнімді, әсіресе, сүйсіну, жігерлену, сатып әперу.

2. Мына сөздердің әрқайсысынан сөз тіркесін құрап жазыңыз.

Из следующих слов составьте словосочетания и напишите их.

Үлгі: | *Атақ беру, ...*
 Образец: |

Атақ, қарапайым, зерттеуші, зерттелу, мінез, жырлау, басқару, бөбектер, тапқырлық, балабақша, әңгімелесу, батыл, қасиет, қысылмау, нашар, батырлар жыры, күріш.

3. Мына сөз тіркестерінің дұрыс жазылуын есте сақтаңыз.

Запомните написание следующих словосочетаний.

Өзінше білу, қазіргі уақыт, әлі жас, түбегейлі өзгеріс, өнімді жұмыс, күшті жігерлену, бөлім басқару, алтын қор, жақсы зерттелді, халықты жырлау, еңбек сіңіру, негізін қалаушы, Совет өкіметін жырлау, сонымен қатар.

4. «Совет Одағының Батыры» деген тақырыпта шығарма жазыңыз.

Напишите сочинение на тему «Герой Советского Союза».

Жаттаймыз

Учим наизусть

Мақал-мәтелдер

Пословицы и поговорки

Іздеген табады,
Сұраған алады.

Ищущий найдет,
Просящий получит.

Қәсіп болмай, несіп болмас.

Без профессии нет достатка.

Өнер алды — қызыл тіл.

Первое из искусств — слово.

Қолы қимылдағанның — аузы қимылдайды.

Кто работает, тот ест.

ГРАММАТИКА

**Мақсат бағыныңқылы сабақ-
тас сөйлем**

**Сложноподчиненное предложение
с придаточным цели**

Бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы Сказуемое придаточного предложения	Мысалдар — Примеры
1) ... у үшін	<i>Астық мол болу үшін, оған көп күтім керек — Чтобы получить богатый урожай, нужен уход и труд.</i>
2) -мақ болып	<i>Қонақ шақырмақ болып, ас дайындалды. — Был приготовлен ужин с тем, чтобы позвать гостей.</i>

Жаңа сөздер:**Новые слова:**

әзірлік — подготовка
мезгіл — время
шақырту — вызвать (через кого ни-
будь)
үлгерім — успеваемость

жалпы — общий
қысқаша — вкратце
шолу — обзор
жетекші — руководитель

1. Мына мәтінді оқып, одан мақсат бағыныңқылы сабақтастарды табыңыз.

Прочитайте текст и найдите в нем сложноподчиненные предложения с придаточными цели.

Бүгін кешке мектепте ата-аналар жиналысы болады. Жиналыс жақсы өту үшін, оған мұғалімдер ерекше әзірлік жасады. Жоспар жасалып, әсіресе нашар оқитын оқушылардың ата-аналары шақырылатын болды. Сол жиналысқа Әшірбектің әкесі де бармақ болып, арнайы шақырту алды. Оның баласының үлгерімі биыл төмен болып кетті. Зураның шешесі келу үшін, оны шақыруға Омар кетті. Жиналыс болатын мезгіл де жетті. Бүгін жиналысты мектеп директоры өзі ашты. Алдымен мектептің жалпы жұмысымен таныстырмақ болып, қысқаша шолу жасалды. Содан кейін жетінші кластың жетекшісі Вера Павловнаға сөз берілді...

шыдамдылық — терпеливость, **вы-**
держка

мәлімет — сведения, информация

3. Көп нүктенің орнына етістікке мақсат бағыныңқының қосымшаларын қосып жазыңыз.

В глаголах придаточных предложений цели вместо точек допишите нужные окончания.

Үлгі: | Қалаға бармақ болып, әзірлік жасалды.
Образец:

1. Қалаға бар... , әзірлік жасалды. 2. Сабақты жақсы оқы... , көп шыдамдылық керек. Лекция тыңда... , халық көп жиналды. 4. Класс үлгерімін көрсет... , біраз мәлімет келтірілді. 5. Басқаларға үлгі болу... , жақсы істейтін жұмысшылардың аты аталды. 6. Жиналыс уақытында баста... , адамдар тез жиналды. 7. Қазақ тілі оқыл... , үйірмелер ашылды. 8. Атасы немересін көр... , баласы арнайы шақыртылды.

тәрбие — воспитание

4. Сол жақ бағандағы бағыныңқыларға оң жақтағы басыңқыларды байланыстырып, мақсат бағыныңқылы сабақтас сөйлемдер құрастырыңыз.

К придаточным предложениям, данным слева, подберите подходящее по смыслу главное из правого столбика.

Үлгі: | Ақсақалдар риза болу үшін, оларды сыйлай білу
Образец: | керек.

Жұмыс біту үшін,
Ойын басталмақ болып,
Бала жақсы болу үшін,
Шай ішілмек болып,
Ақсақалдар риза болу үшін,

Балалар жиналды.
Көп істеу керек.
Жақсы тәрбие керек.
Оларды сыйлай білу керек.
Үстел дайындалды.

Жаңа сөздер:

Новые слова:

таныстыру — познакомить
тізім — список
кітапханашы — библиотекарь
оқушылар конференциясы —
читательская конференция

кездесу — встреча
өткізу — проводить
кездесу кеші — вечер встречи
күні бұрын — заранее
ілу — повесить

5. Тексті оқып, мақсат бағыныңқылы сабақтастарды көшіріп жазыңыз. Содан кейін тексті аударыңыз.

Прочитайте и переведите текст на русский язык. Выпишите сложноподчиненные предложения с придаточным цели.

Біздің совхоздың кітапханасында кітап көп. Жаңа кітаптармен таныстырмақшы болып, олардың тізімі күні бұрын ілініп қойылды. Бір күні кітапханаға Аман ақсақал келді. Тізімді тегіс оқыды. Содан кейін Ғабит Мүсіреповтің соңғы романын оқымақ болып, кітапханашы Зұлқияға бір айға жаздырып алды. Кітапханада оқушылар конференциясы жиі өтіп тұрады. Тағы да ақындармен кездесу өткізу үшін, Зұлқия күні бұрын жоспар жасады. Кездесу кешін совхоз жұмысшылары қолдады. Сондай кеш тағы да өткізілмек болып, Зұлқия ұйымдастыру жұмысына кірісіп кетті.

6. Төмендегі үлгі бойынша бағыныңқы сөйлем баяндауыштарын қатыстырып, мақсат бағыныңқылы сабақтас сөйлемдер құрастырыңыз.

Из предлагаемых сказуемых придаточных предложений причины составьте по образцу сложноподчиненные предложения.

Үлгі: *Соңғы хабарды естімек болып, телевизор қойылды.*
Образец:

Естімек болып, алмақ болып, оқу үшін, көрмек болып, білу үшін, бермек болып, жүрмек болып, бару үшін, жақсы болу үшін.

7. Төмендегі үлгі бойынша басынқы сөйлемдерге ойдан мақсат бағыныңқылы сөйлемдер қосып жазыңыз.

Пользуясь образцом, допишите предложения, присоединяя к предлагаемым главным придаточные цели.

Үлгі: *Үйірме жақсы жұмыс істеу үшін, әр сабақ қызу өтуі керек.*
Образец:

..., әр сабақ қызық өтуі керек. ..., алаңға шықты. ..., ерте жатып қалды. ..., радионы тыңдады. ..., кітапханашы жоспар жасады. ..., клуб тазаланды. ..., ас әкелінді.

кеңес беру — советовать

Оқимыз

Почитаем

1. Тексті оқып, оның негізгі мазмұнын үш-төрт сөйлеммен жинақтап айтып беріңіз.

Прочитайте текст и выразите его основное содержание тремя-четырьмя предложениями.

Кітапханашы маған кітап берді. Ол кітапта халықтар достығы жайында жазылыпты. Маған қатты ұнады. Әсіресе Алексей атайдың қазақ баласын тәрбиелеп өсіруі — үлгі боларлық іс. Шығарманың мазмұны соғыстан кейінгі жайды баяндайды. Біздің елде Алексей атай сияқты жақсы адамдар өте көп. Оның баласы қазір өзі ата болған шығар. Бұл кітапты басқалардың да оқуына кеңес бердім. Олар да Алексей атайдан үлгі алсын. Кітап оқу ақылына ақыл қосады. Кітаппен дос болған қандай жақсы!

«Білім» қоғамы — общество «Знание»

сәтті өтті — прошло удачно

2. Тексті оқып шығыңыз да, соңындағы сұрақтарға жауап бере отырып, оның мазмұнын ашыңыз.

Прочитайте текст и раскройте его содержание, отвечая на вопросы, данные после текста.

Ғалымдар халық арасында лекция оқып тұрады. Жуырда мен жұмыс істейтін мекеменің бір топ ғалымдары Қызылордаға барып қайтты. Біздің топты Әмен ағай басқарды. Біздерді аэропорттан «Білім» қоғамының өкілдері қарсы алды. Қонақ үйге алып келді.

Мен бір кісілік бөлмеге орналастым. Ертеңінде әркім әр жерге жүріп кетті. Қызықты кездесу, әңгімелесулер сәтті өтті. Қазақ тілі, әдеби тіл жайында көптеген лекциялар оқылды. Халық көп жиналды. Сұраулар да көп болды. Қайтарымызда облыстың «Білім» қоғамында бас қостық. Олар да бізге риза болды.

Сұраулар (вопросы):

1. Ғалымдар халық арасында лекция оқи ма?
2. Қызылордаға қашан барып қайттыңдар?
3. Өзің болған топты кім басқарды?
4. Сендерді кімдер қарсы алды?
5. Өзің неше кісілік бөлмеге орналастың?
6. Не жайында лекция оқыдыңдар?
7. Халықпен кездесу қалай өтті?
8. Қайтарда қайда жиналдығыңдар?

Аударамыз

Переведем

Жана сөздер:

Новые слова:

шығыстанушы — востоковед
абайтану — абаеведение
драмалық шығармалар — драматические произведения
шымылдық — занавес

паш етті — прославил
суреткер — художник
дүние жүзіне — на весь мир
тарихшы — историк
сыншы — критик

1. Тексті оқып, аударыңыз.

Прочитайте и переведите текст.

МУХТАР АУЭЗОВ

Мухтар Ауэзов — классик казахской советской литературы, ученый-литературовед, педагог и востоковед. Он заложил основы абаеведения. Ему принадлежит много замечательных рассказов и повестей, драматические произведения. Его пьеса «Енлик-Кебек» положила начало казахской драматургии. Этой пьесой открыт занавес национального драматического театра.

Четырехтомная эпопея «Путь Абая» прославила имя писателя на весь мир. За этот роман Мухтар Ауэзов был удостоен Ленинской премии и Государственной премии СССР. Великий писатель был и фольклористом, и историком, и критиком, читал лекции в Казахском государственном университете имени С. М. Кирова.

Сөйлесеміз

Поговорим

Диалогтерді оқып, реплика бойынша қайталаңыз.

Прочитайте диалоги, а затем повторите их по репликам.

1. — Сен «Маралдыға» неге келдің?
— Оқу үшін келдім.

- Оқу үшін не керек?
— Оқу үшін шыдамдылық, көп еңбек керек.

- Мұрат, сен не үшін келдің?
- Мен әнші болу үшін келдім.
- Қалай, әнді сүйесің бе?
- Сүймесем, келмейтін едім ғой.
- Өзің ән шығарасың ба?
- Аздап шығарамын.
- 2. — Совхоздарында кітапхана бар ма?
- Бар. Онда кітап та көп.
- Жаңа түскен кітаптарды қалай білесіңдер?

- Жаңа кітаптардың тізімі ілініп қойылады.
- Халық көп келе ме?
- Иә, халық көп келеді.
- Кітапханада оқушылар конференциясы өте ме?
- Оқушылар конференциясын жиі ұйымдастырып тұрамыз.
- Жазушылармен кездесу кеші өткізіле ме?
- Кездесу кешін де өткізіп тұрамыз.

Жазамыз

Напишем

1. Төмендегі жаңа сөз тіркестерін бір-неше рет оқып, олардың дұрыс жазылуын біліп алыңыз. Содан кейін оларды жатқа жазыңыз.

Прочитайте несколько раз словосочетания с новыми словами, запомните их правописание и напишите их по памяти.

Ыстық ықылас, оқырмандар конференциясы, күні бұрын, соңғы хабар, абайтану бөлімі, драмалық шығармалар, дүние жүзіне, Лениндік сыйлықтың лауреаты, «Білім» қоғамы, киімді ілу, сәтті өткен жиналыс, сыншы ісі, шығыстану мәселесі, суреткер адам, тарихшы ғалым.

2. Мына жаңа сөздерден сөз тіркестерін құрап жазыңыз.

Из следующих слов составьте словосочетания и напишите их.

Әзірлік, үлгерім, жалпы шолу, жетекші, мәлімет, тәрбие, таныстыру, тізім, өткізу, суреткер, тарихшы, сыншы, паш ету, шыдамдылық, кітапханашы, кездесу.

3. Диктант.

Диктант.

Мен әдеби шығарманы көп оқимын. Кітапты көп оқысаң, білімің де көп болады. Кітапты жай оқымау керек, көңіл қойып оқу керек. Маған әсіресе Сәбит Мұқановтың шығармалары қатты ұнайды. Бұл жазушы халық өмірін жақсы біледі. Шығармаларының тілі — қарапайым халықтық тіл. Жазушы халық тарихын көп біледі. Сол себепті оның шығармалары халық арасына кең тараған.

ГРАММАТИКА

Төл сөз. Автор сөзі

Прямая речь. Слова автора

В. И. Ленин былай деген болатын: «Оқы, оқы және оқы».
В. И. Ленин завещал: «Учится, учиться и учиться».

Запомните!

Прямая речь в казахском языке в большинстве случаев вводится глаголом де.

Төл сөздердің орын тәртібі

Место расположения прямой речи

Сөйлемнің басында: В начале предложения:	Сөйлемнің ортасында: В середине предложения:	Сөйлемнің аяғында: В конце предложения:
«Россия кең байтақ, шегінуге жол жоқ, артымызда Москва!»— деген Қлочкинның сөзі бұйрықтай естілді.— «Велика Россия, отступать некуда, позади Москва!»— прозвучали слова Клочкина, как приказ.	Қлочкинның мына сөзі: «Россия кең байтақ, шегінуге жол жоқ, артымызда Москва!»— бұйрықтай естілді.— Слова Клочкина: «Велика Россия, отступать некуда, позади Москва!»— прозвучали как приказ.	Қлочкинның мына сөзі бұйрықтай естілді:—«Россия кең байтақ, шегінуге жол жоқ, артымызда Москва!»— Прозвучали слова Клочкина, как приказ: «Велика Россия, отступать некуда, позади Москва!»

жамандық — зло; все отрицательное

оңайлық — несложность, нетрудность

1. Төмендегі тексті оқып, сөздерді байланыстырып тұрған автор сөзіндегі етістіктерді табыңыз.

Прочитайте текст с прямой речью; найдите в словах автора глагол, который вводит прямую речь.

Қазір ойлап қарасам, әке-шешемнің көптеген үлгілі сөздері есімде қалыпты. Әкем үнемі айтып отырушы еді: «Оқындар, адам боласындар. Еңбек ету керек. Үлкен адамды сыйлау керек. Біреуге жамандық ойламаңдар». Мен енді осы сөздерді өз балаларыма айтатын болдым. Шешемнің де айтқан сөздері есімде: ол кісі көбінесе нан туралы айтушы еді. Ол былай дейтін: «Нанды қадірлей білу керек. Нан жерде жатпасын. Нан оңайлықпен келмейді. Ол көп еңбекпен келеді».

2. Төмендегі әрбір сөйлемнен автор сөзі мен төл сөзді тауып, тыныс белгілерін қойып жазыңыз.

При списывании в каждом предложении найдите прямую речь и слова автора; расставьте правильно знаки препинания.

1. Бізге бір күні оқытушы жаңа хабар айтты. Енді қазақ тілін үйренетін боламыз. Оқимыз, үйренеміз, бұл бізге өте қажет деп қуандық біздер. 2. Орыс тілі — достықтың тілі, орыс тілін білсең, көп халықпен араласа аласың деп үйретеді бізге мұғалім. 3. Серкебайдың айтуы дұрыс. Телевизорды көп көруге болмайды. 4. Паркке барып демалып қайтыңдар деді әкесі. 5. Әкем айтатын жақсымен жолдас бол, жамандарға ерме. 6. Ерте тұрсаң, көп жұмыс бітеді деп тәрбиелейді бізді ата-анамыз.

талап — 1) стремление инициатива;
2) требование

өмір талабы — требование жизни

3. Үлгі бойынша екі бағандағы автор сөзі мен төл сөздерді өзара байланыстырып, сөйлемдер құрап жазыңыз. Тыныс белгілерін қойыңыз.

К предложениям слева подберите подходящие предложения справа и составьте по образцу фразу со словами автора и прямой речью, правильно расставляя знаки препинания.

Үлгі:
Образец: | Баяндамашы былай деді: «Қайта құру — өмір талабы».

Баяндамашы былай деді
Оқу үшін көп еңбек керек
В. И. Ленин айтқан
Нанды қадірлеу керек
Тәртіп керек, үлгілі бол

дейтін шешем
Оқы, оқы және оқы
дейтін әкесі
Қайта құру — өмір талабы
деп үйрететін мұғалім

салауаттылық — трезвость
дүниедегі — в жизни (в мире)

өріс алу — развиваться, распространяться

4. Төмендегі сөйлемдерді үлгі бойынша төл сөз ретінде пайдаланып, оған автор сөзін қосып, ойды аяқтаңыз.

Предлагаемые предложения используйте по образцу как прямую речь и закончите фразу, добавляя слова автора.

Үлгі:
Образец: | «Күн ашылса, жол жүреміз», — деді ағасы.

1. Күн ашылса, жол жүреміз. 2. Телевизорды көп көруге болмайды. 3. Ерте жатсаң, ұйқың канады. 4. Салауаттылық кеңінен өріс алды. Өмір — еңбекпен қызық. 5. Денсаулық — зор байлық. 6. Екі тіл — қос қанатың. 7. Адам қарапайым болу керек. 8. Шыдамдылық — жақсы қасиет. 9. Дүниедегі ең қымбат қазына — ол нан. 10. Әр іске ақыл керек. 11. М. Әуезов — шығыстанушы.

5. Үлгі бойынша төмендегі сөйлемдерді автор сөзі ретінде пайдаланып, оған төл сөздерді қосып, ойды аяқтаңыз.

Предлагаемые предложения используйте по образцу как слова автора и закончите фразу, добавляя прямую речь.

Үлгі:
Образец: | *Халық айтады: «С. Мұқанов — қарапайым жазушы».*

1. Халық айтады. 2. Шешем айтушы еді. 3. Ұстазым үлгі ететін. 4. Әкем айтатын. 5. Қласс жетекшісі былай деді. 6. Мектеп директоры айтатын. 7. Баяндамашы былай деді. 8. Аңшы айтады.

жастан — с детства, с молодости

6. Көрсетілген үлгі бойынша төмендегі сөйлемдерде төл сөздер сөйлемнің басында, ортасында және аяғында келсін.

Пользуясь таблицей — образцом, трансформируйте данные предложения так, чтобы в каждой фразе прямая речь была в начале, в середине и в конце предложения.

Үлгі:
Образец: | *«Нанды қадірлей біл», — деп, шешем үнемі айтушы еді. Шешем: «Нанды қадірлей біл», — деп, үнемі айтушы еді. Шешем үнемі айтушы еді: «Нанды қадірлей біл».*

Менің әкем: «Баланы жастан тәрбиелеу керек», — дейтін. «Адал еңбек ет, еңбек мақсатыңа жеткізеді», — деуші еді ұстазымыз. Ағамның сөзі есімде қалыпты: «Жалқау болма, еріншектік артқа тартады». Бастығымыз: «Жұмысты сапалы істеу керек» — деп үйрететін.

Жаңа сөздер:

Новые слова:

мінездеме — характеристика
бекітілді — утвердили

көптен — с давних пор
қабілет — способность
бір ауыздан — единогласно

7. Текстен төл сөз бен автор сөзі бар сөйлемдерді көшіріп жазып, олардың тыныс белгілерін қойыңыз.

Выпишите предложения с прямой речью и словами автора; расставьте правильно знаки препинания.

Жуырда партия жиналысында Майқан Сағатовтың мінездемесі бекітілді. Коммунистердің көпшілігі — ол кісінің шәкірттері. Бірінші болып сөзді Болат алды. Ол былай деді. Біздер Майқан Дарханович Сағатовты көптен білеміз. Ол — өте еңбекқор адам, жұмысына өте ұқыпты, дер кезінде орындайды. Тәртібі де жақсы, жастарға үнемі үлгі болады. Тағы да бірнеше адам сөйледі. Ең соңында сөз алған Әбен болды. Ол былай деді. Мен де Болаттың сөзін қолдаймын. Бұл кісі — өте кішіпейіл, адал еңбектің адамы, бірақ қоғам жұмысына аз араласады, оны Майқан Дархановичке ескертуіміз керек. Әр коммунист қоғам жұмысынан сырт қалмау керек.

Запомните!

В художественных произведениях при передаче разговора двух или нескольких лиц кавычки обычно не употребляются, но в этих случаях прямая речь, как и при диалогах, всегда пишется с красной строки и перед ней ставится тире.

құрылышы — строитель

8. Мына текстті оқып, ондағы төл сөздер мен автор сөздерін көрсетіңіз.

Прочитайте и укажите, где прямая речь и речь автора.

Совхоз директоры жиналысты ашып, өзі сөйлеп кетті:

— Енді көпшіліктерің құрылышы мамандығын алуларың керек.

Олжас тұрып:

— Ол неге керек?— деп сұрады.

— «Тұрғын үй — 91» программасын орындауымыз керек,— деді директор.— Бізде құрылысшылар өте аз. Жастарды құрылысшы мамандығына дайындауымыз керек. Совхозға көп үй салуымыз керек.

— Ол мамандыққа алдымен мені жазыңыз,— деді Әскербек орнынан тұрып.

— Тағы кімдер жазылады?— деп сұрады директор.

Жұмысшылар құрылысшы мамандығына көптеп жазыла бастады.

Оқимыз

Почитаем

1. Текстті оқып, оның қысқаша мазмұнын үш-төрт сөйлеммен жинақтап айтып беріңіз.

Прочитайте текст, изложите его основное содержание тремя-четырьмя фразами.

Совхоз жұмысшылары құрылысшы мамандығын алуға кірісе бастады. Совхозда тұрғын үй жетіспейтін, енді өздері үй сала бастады. Биылдың өзінде оннан аса жаңа үй салынды. Мен де жаңа үйге кірдім. Қыста үйіміз жылы болды. Біздің үйіміз совхоз клубынан алыс емес. Енді киноға да жиі баратын болдық. Мектебіміз де жақын. Әсіресе немереме жақсы болды. Күндіз өзі барады, кешке жақын өзім қарсы аламын. Жаңа үйге немерем де қуанып жүр.

Жаңа сөздер:

Новые слова:

психологиялық — психологический
педагогикалық — педагогический
көзқарас — взгляды
оқу-ағарту — просвещение

философиялық — философский
ой-пікір — взгляды
дипломатиялық қызмет — дипломатическая работа
басшы қызмет — руководящая работа

2. Тексті оқып, мазмұны бойынша диалог құрастырыңыз.

Прочитайте текст и составьте по нему диалог.

ТӨЛЕГЕН ТӘЖІБАЕВ

(1910—1964)

Төлеген Тәжібаев — қазақ совет ғалымы, қоғам қайраткері. Педагогика ғылымының докторы, профессор. Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі. Оның ғылыми еңбектері педагогика, психология ғылымдарына қатысты. Ол Қ. Д. Ушинскийдің психологиялық көзқарасы, Қазақстандағы педагогикалық ой-пікірдің, оқу-ағарту ісінің дамуы, Абай Құнанбаевтың философиялық, психологиялық және педагогикалық көзқарастары жайында еңбектер жазды. Әр түрлі басшы қызметтерде болды. 1950 жылдары Қазақтың С. М. Киров атындағы мемлекеттік университетінің ректоры болды. Өмірінің соңғы жылдары дипломатиялық қызметте болды.

Аударамыз

Переведем

Жаңа сөздер:

Новые слова:

көп қырлы — многогранный
даңқ — слова
поэтикалық тіл — поэтический язык

оралым — оборот
теңеу — сравнение
өлең құрылысы — стихосложение

1. Тексті оқып, аударыңыз.

Прочитайте и переведите текст.

ИЛЬЯС ДЖАНСУГУРОВ

(1894—1938)

Ильяс Джансугуров — один из основоположников казахской советской литературы. Он родился в Аксуйском районе Талды-Курганской области.

Творчество И. Джансугурова многогранно. Он написал стихи, поэмы, очерки, рассказы, роман «Товарищи». Им написан также учебник по литературе для школ, полностью переведен роман А. С. Пушкина «Евгений Онегин».

И. Джансугуров известен и как сатирик.

Самые известные произведения написаны И. Джансугуровым в жанре поэзии. Это поэмы «Күй», «Степь», «Кулагер», принесшие ему славу великого певца казахской степи.

Своеобразен и поэтический язык И. Джансугурова. Поэт создает новые обороты, сравнения и метафоры, вносит ряд новшеств в казахское стихосложение.



Сөйлесеміз

Поговорим

Төмендегі диалогтердің үлгілерін пайдаланып, өзара әңгімелесіңіз.

Поговорите между собой, используя образцы данных ниже диалогов.

1. — Сендер қандай тақырыпты өттіңдер?
— «Төл сөз бен автор сөзі» тақырыбын өттік.
— Қалай, қиын ба екен?
— Жеңіл болған жоқ. Төл сөз бен автор сөзінің орны ауысып отырады екен.
— Енді қалай, үйрендіңдер ме?
— Әр түрлі жаттығу жұмыстары көмегін тигізді.
2. — Сен Алматыда қай жылдан бері тұрасың?
— 1970 жылдан бері тұрамын.
— Алматы қалай, бұрынғыша ма?
— Алматы қазір әдемі болып кетті.
— Қанша халық тұрады?
— Миллионнан асты.
— Құрылыс қалай жүріп жатыр?
— Көптеген жаңа құрылыстар салынды.
Олар көп қой: жаңа театр үйлері, жаңа алаң, кинотеатрлар, кітапхана, цирк, Неке сарайы...

Жазамыз

Напишем

1. Мына сөздердің жазылуын біліп алыңыз. Соңынан оларды жатқа жазыңыз.

Прочитайте слова, запомните их орфографию и напишите по памяти.

Оңайлық, талап, салауаттылық, дүниедегі, жастан, көптен, қабілет, терең, даңқ, өмір талабы, құрылысшы, психологиялық, педагогикалық, философиялық, ой-пікірі, көзқарасы.

2. Төмендегі сөздерден сөз тіркестерін құрастырып жазыңыз.

При помощи следующих слов составьте и напишите словосочетания.

Үлгі:
Образец: | *жақсы мамандық, ...*

Қадірлеу, қарапайым, өлең құрылысы, мінездеме, бекіту, өріс алу, теңеу, оралым, жамандық, көп қырлы, поэтикалық тіл, бір ауыздан.

3. Төмендегі текст бойынша мазмұндама жазыңыз.

Напишите изложение по содержанию следующего текста.

Алматы — үлкен қала. Біз Алматыда тұрамыз. Осында оқыдым. Оқу бітіргеннен кейін әркім әр жаққа жұмыс істеуге кетті. Мен де Ақтөбе облысында біраз жыл жұмыс істеп келдім. Мамандығым — дәрігер. Адамдардың денсаулығын сақтау — бізге зор мақтаныш. Бұл жұмыс әрқашан да өте тиянақты болуды керек етеді. Жақсы дәрігер адамды өлімнен сақтап қалады.

1. Тексті оқып, жазыңыз. Көсемшелердің астын сызыңыз.

Прочитайте текст и при списывании найдите деепричастия, подчеркните их.

Диплом жұмысын жазатын уақыт та келіп жетті. Қарап отырмыз. Оразға тақырып берілгелі көп уақыт болған. Енді біраз күннен кейін екеуіміз де диплом жұмысын жазуға кірісеміз.

2. Мына сөйлемдерді оқып, бағыныңқылы сабақтастарды ажыратыңыз.

Прочитайте и определите виды сложноподчиненных предложений.

1. Күләш баласымен келіп, бізді қуантып кетті. 2. Москваға барған сайын, В. И. Ленин атындағы кітапханаға барамын. 3. Күн ашық болған соң, астық тез пісті. 4. Әңгіме қызықты болып, Әмір көңілденді. 5. Мен келгелі, жұмыс өнімі артты. 6. Қазақ тілін үйрене бастағалы, достарым көбейді. 7. Атасын көрген соң, немересі қуанды. 8. Совхозға үй салу үшін, құрылысшылар жинала бастады. 9. Спортпен айналысқандықтан, оның денсаулығы мықты. 10. Жұмысшыларға концерт бермек болып, заводқа әншілер келді.

3. Төмендегі есімше баяндауыштарды қатыстырып мезгіл бағыныңқылы сабақтас сөйлемдер құрастырыңыз.

Используя в роли сказуемого предлагаемые причастия, составьте по образцу сложноподчиненные предложения с придаточными времени.

Үлгі: | *Нұрым келгеннен кейін, шаруашылық ілгері басты.*
Образец:

Келгеннен кейін, барғанға дейін, оқығанда, күрескенше, айтқанға дейін, жатқанда, бергенше, ойнағаннан кейін, білгенге дейін, алғанда.

4. Төмендегі жай сөйлемдерден құрмалас сөйлем жасаңыз.

Из предлагаемых простых предложений составьте сложносочиненные предложения.

1. Кітапханашы маған керек кітаптарды әкеп берді. Мен ол кітаптарды оқуға кірістім. 2. Оқытушы лекция оқып тұр. Біз жазып отырмыз. 3. Оралбек әскерде болды. Оның денсаулығы күшті. 4. Биыл жоспарды ерте орындадық. Бізге сыйлық берді. 5. Шекарашы жауды өткізбейді. Біз бейбіт өмір сүреміз.

5. Төл сөз бен автор сөзін сақтай отырып, тексті орыс тіліне аударыңыз.

Переведите текст на русский язык, сохраняя прямую и авторскую речи.

Қазақ драма театрында жаңа спектакльдер жиі болады. Балаларым қазақша үйренсін деп, оларды театрға алып барамын. Олар спектакль көруді жақсы көреді. «Маған артистердің рольдерді орындау шеберлігі ұнайды»,— деп қуанады немерем. Мен одан: «Әсіресе кімнің шеберлігі ұнайды»,— деп сұраймын. Сонда ол маған Ыдырыс Ноғайбаевтың атын атайды.

ДАРИҒА СОЛ ҚЫЗ

Сөзі мен әні Қ. Аманжоловтікі
Өңімде ме еді,

түсімде ме еді,

Көріп ем ғой бір

армандай қызды...

Бір нәзік сәуле

күлімдеп еді,

Сұрапыл соғыс

соқты да бұзды.

Сапырды дауыл,

тебіренді теңіз,

Тулады толқын,

шайқалды шың, құз.

Қып-қызыл өрттің

ішінде жүрміз.

Қайда екен, қайда,

Дариға, сол қыз?!

Слова и музыка К. Аманжолова.

Во сне иль наяву

Увидел я девушку, как мечту,

Как тонкий луч показалась

она,

Но война жестокая нас

развела.

Грянула буря, бушует море,

Қолышутся волны, размывая

утесы.

Находясь в самом пекле

грозной войны,

Мечтаю о тебе, красавица,

где же ты?

(Подстрочный перевод)

Қайталаймыз

Повторим

1. Мына сөйлемдерді оқып, олардан жуан және жіңішке дауысты дыбыстарды айырып атаңыз.

Произнося, найдите широкие и узкие гласные звуки.

1. Әкем кітап оқып отыр. 2. Ағам мектепке кетті. 3. Ініме қазақша кітап сатып алдым. 4. Қағаздың қалай жасалатынын білемін. 5. Сабақтан кешігуге болмайды. 6. Қазақ тілін жақсы үйреніп алдық. 7. Әр іске уақыт табу керек. 8. Әр нәрсеге босқа ренжіме.

2. Тексті оқып шығып, ең алдымен негізгі, содан кейін туынды түбір зат есімдерді теріп жазыңыз.

Прочитайте текст. Выпишите сначала непроизводные существительные, а затем — производные.

Кітап қалай шығатынын білу үшін кітап фабрикасына бардық. Біз онда қағаз кесетін, әріп теретін машиналар орналасқан цехтарды көрдік. Үшінші цехта кітап жасалады екен. Мұнда кітаптың әр беті жасалып, түптеледі. Бұл жұмыстардың көбі бұрын қол күшімен істелсе, қазір бәрі де техникамен атқарылады екен.

3. Мына тексті оқып, одан туынды түбір зат есімдерді теріп жазыңыз, олардың қосымшаларын көрсетіңіз (*жұмыс-шы-лар-ы*).

Прочитайте, выпишите производные существительные и укажите аффиксы (*жұмыс-шы-лар-ы*).

Кітапхана біздің үйге жақын. Мен кітапханаға жиі барамын. Біздің совхоздың жұмысшылары да кітапханаға жиі барады. Әсіресе, дәрігер Халида кітапханаға өте жиі барады. Кітапханашы Балжан оны үлгі етіп айтып жүреді. Көп оқитындар — оқушылар. Біздің кітапхана еш уақытта бос болмайды. Балжан кітапты өте жақсы көреді. Одан біздің ауылдың адамдары үлгі алады. Ол кітапханада кештер ұйымдастырады.

4. Сөйлемдерден зат есімдерді теріп жазып, үлгі бойынша оның құрамындағы қосымшаларға талдау жасаңыз.

Выпишите существительные по образцу, определите в их составе аффиксы.

Үлгі:

Образец:

апамды: *апа* — негізгі түбір (корень), *-м* — 1-жақтағы тәуелділік жалғауы (притяжательный аффикс 1-лица), *-ды* — табыс септігінің жалғауы (окончание винительного падежа).

Ауылда Нағима апамыз тұрады. Оны көрмегелі біраз уақыт болды. Оның екі баласы бар. Біреуі мектепке барады, екіншісі балабақшада. Мен апамды жақсы көремін. Жақында апама барайын деп жүрмін. Демалыс алмақшымын. Қазір жұмыс көп. Со-

ны айтып хат жаздым. Ауылға барғанда, біраз демалып қаламын. Ауылдағы достарыммен кездесіп, әңгіме айтамыз. Ауылға баратын күнді асыға күтіп жүрмін.

5. Мына сөйлемдерді оқып, сын есімдерді табыңыз және олар сын есімнің қай түріне жататынын айтыңыз.

Прочитайте, найдите прилагательные и укажите их виды.

1. Совхозда жаңа үйлер салынды. 2. Оның бойы менен биік. 3. Көп балалы ананы бәрі де қадірлейді. 4. Біздің ауылда өнерлі адамдар көп. 5. Ақ көйлекті қыз есімнен шықпады. 6. Оның үстіндегі көк көйлегі өзіне ұнайды. 7. Алма әлі піскен жоқ, көгірек. 8. Балам бойшаң болып өсті. 9. Азаматтық борышты әрдайым атқарып отыруымыз керек.

6. Дара, күрделі сан есімдерге мысал келтіріңіз.

Приведите примеры простых и составных числительных.

7. Төмендегі сөйлемдерден есімдіктерді теріп жазып, олар есімдіктің қай түрі екенін айқындаңыз. Сан есімдерді де табыңыз.

Выпишите из текста местоимения и определите вид каждого из них. Также найдите и числительные.

Біздің балабақшада түрлі ұлттың балалары тәрбиеленеді. Олар тату-тәтті, бір адамның баласындай көңілді ойнайды, бірге ән салады. Бәрінің білетін тақпақтары бар. Тақпақ айт десек, олар әрқашан қысылмай айтып береді. Менің өз балам балабақшаға барғанына биыл екінші жыл болды. Көпшілігімен тез-ақ танысып кетті. Енді бір жылдан кейін дайындық класына барады. Қазір оқи алады. Ол таңертең балабақшаға барғанша, достарын сағынып отырады. «Балабақша — достықтың үйі» — деп ойлаймын мен.

8. Мына тексті оқып, одан негізгі, туынды және күрделі етістіктерді тауып, әрқайсысын бөлек-бөлек көшіріп жазыңыз.

Из текста выпишите глаголы в три столбика: непроизводные, производные и сложные.

Менде сен берген кітап әлі тұр. Оны жақында оқуға кірістім. Жұмыстан кейін оқып жүрмін. Әр беті өмірдегі оқиғаларды сөз етеді. Қайта құру біздің жұмысымызға ене бастағанына қуанамыз. Мұны қазір күнделікті өз өмірімізден де көріп жүрміз. Қайта құру бұл кітапта жақсы жазылған. Оны оқып білу жұмысымызға да пайдалы екен, сондықтан бұл кітапты сен де оқы.

азық-түлік программасы — продовольственная программа

9. Тексті оқып, одан үстеу сөздерді теріп жазыңыз. Олардың мағыналық түрін айқындаңыз.

При чтении в тексте найдите наречия, выпишите и определите их разряд по значению.

Қазір азық-түлік программасы жақсы орындалып жатыр. Әр жерде кооператив дүкендері ашылып, азық-түлікті керек кезінде ала қоясын. Кейде жұмыстан қайтқанда дүкенге кірсең, керегіңді табасың. Дүкенде азық-түлік үнемі болып тұрады. Азық-түлік мол болса, еш нәрсеге алаң болмайсын.

10. Төмендегі тексті көсемше мен есімшелерді тауып, олардың жасалу жолдарын айтыңыз.

При чтении текста найдите причастия и деепричастия, объясните способы их образования.

Біздің семьямыз онша үлкен емес. Көпшілігіміз жұмыс істейміз. Кішкентайымыз биыл мектепке барады. Бұрын біраз уақыт әжесінде болған. Әжесінен көп ертегі үйреніпті. Үйде әрқайсымыздың атқаратын жұмыстарымыз бар. Бір-бірімізге көмектесіп отырамыз. Демалыс күндері семьямызбен тауға шаңғы тебеміз. Бұл біздің денсаулығымызды күшейтеді. Шаңғы тебу кішкентайымызға да ұнапты.

Оқимыз

Почитаем

1. Мына тексті оқып, аударыңыз.

Прочитайте и переведите текст на русский язык.

Ән тындағанды жақсы көремін. Жақсы ән тындасаң, жақсы демаласың, көңілді боласың. Жақсы ән кейде ойыңа ой қосады. Қазақ әндерін жақсы орындайтын әншілер аз емес. Олардың бәрі қазақ әндерін біркелкі орындай бермейді. Маған әсіресе Зейнеп Қойшыбаева мен Нұрғали Нүсіпжановтардың орындаулары қатты ұнайды. Олар әннің табиғатын жақсы түсінеді, сөздерін де дұрыс айтады. Сондықтан да олардың орындауы жүрегіме жақын тұрады. Мен көбінесе солар айтатын әндерді жаттап аламын.

2. Тексті оқыңыз да, соңындағы сұрақтарға жауап бере отырып, оның мазмұнын ашыңыз.

Прочитайте текст и расскажите его содержание, отвечая на вопросы, данные в конце.

Табиғатты сүйе білуіміз керек. Оның біздерге беретін пайдасы көп. Табиғат — асыл қазына. Оны үнемі қорғауымыз керек. Табиғатта бәрі де бар: өзен, көл, орман, әр түрлі мәдени ескерткіштер — мұның бәрі табиғаттағы зор байлық. Бұларды қорғай білу — біріміздің азаматтық борышымыз. Қазір елімізде Арал теңізін сақтап қалу үшін қызу жұмыстар істеліп жатыр. Бұған арнайы есеп ашылды. Біз де өз үлесімізді қостық. Арал теңізін қалпына келтіру — байлығымызды сақтап қалу.

Қазақстанда мәдени ескерткіштер де көп. Оларды да ұқыптылықпен сақтау үшін құрылыс жұмыстары үнемі жүргізілуі керек. Табиғатты қорғау — мемлекеттік іс.

Сұрақтар (вопросы):

1. Табиғаттың біздерге беретін пайдасы қандай?
2. Табиғат қандай қазына?
3. Табиғатта нелер бар?
4. Табиғатты қорғай білу қандай борыш?

5. Арал теңізі жөнінде не істеліп жатыр?
6. Оған арнайы не ашылды?
7. Сендер оған не қостындар?
8. Қазақстанда қандай мәдени ескерткіштер бар?
9. Оларды ұқыптылықпен сақтау үшін не істелу керек?
10. Табиғатты қорғау қандай іс?

Аударамыз

Тексті оқып, аударыңыз.

Переведем

Прочитайте текст и переведите его на казахский язык.

Казахский язык принадлежит народу, населяющему огромную территорию — от берегов Волги до западных районов Монголии. Еще до Октябрьской революции русские ученые-тюркологи И. И. Ильминский, В. В. Радлов, П. М. Мелиоранский, М. Терентьев и другие проявляли большой интерес к изучению казахского языка. Огромный вклад в формирование и развитие казахского литературного языка внесли Абай Кунанбаев и Ибрай Алтынсарин. После Октябрьской революции в республике развитию казахского языка придавалось первостепенное значение. Выдающиеся казахские ученые, такие как А. Байтурсунов, Х. Жубанов, И. Сауранбаев, С. А. Аманжолов, Г. Г. Мусабаев, С. К. Кенесбаев, М. Б. Балакаев, А. И. Искаков и др. явились основателями современного казахского языкознания. Нынешнее поколение ученых-языковедов совершенствует казахское языкознание в лучших традициях своих предшественников.

Сөйлесеміз

Диалогтерді тыңдап алып, соңынан қайталаңыз.

1. — Сендерде азық-түлік программасы қалай орындалып жатыр?
- Қазіргі барысы жаман емес.
- Дүкеннен іздегендерің табыла ма?
- Дүкенде болып тұрады, дүкенде болмай қалса, кооперативтен аламыз.
- Сендерде кооператив дүкендері көп пе?
- Кооператив дүкендері көптеп ашылып жатыр.
- Онда бәрі де бола ма?
- Керегімізді табамыз.

Поговорим

Прослушайте диалоги, а затем повторите их.

2. — Сен әнді жақсы көресің бе?
- Мен әнді өте жақсы көремін.
- Қазақ әндерін орындаушылардан кімдерді ұнатасың?
- Маған Зейнеп Қойшыбаева мен Нұрғали Нүсіпжановтардың ән орындаулары ұнайды.
- Несімен ұнайды?
- Бұлар әннің табиғатын жақсы түсініп айтады.
- Өзің кімдер орындайтын әндерді айтасың?
- Мен Н. Нүсіпжанов орындайтын әндерді айтамын.

1. Төмендегі сөздерді үлгі бойынша
буынға бөліп жазыңыз.

При списывании разбейте по образ-
цу каждое слово на слоги.

Үлгі:
Образец: | қа-ла-ға, ...

Қалаға, даланы, көңілді, дүйсенбі, бостандық, бейсенбі, көмек-тесеміз, мемлекеттік, көпшілік, шыдамдылық, үлгерім, тазалық таныстыру, мақтаныш, мәлімет, мінездеме, қалыңдық, ескерту, жаңалық.

2. Көп нүктенің орнына тиісті жал-ғауларды жалғаныз.

Вместо точек допишите нужные окон-чания.

1. Ертең қала... жүреміз. 2. Мектеп... сабақ жүріп жатыр. 3. Шаңғы тебу үшін тау... барамыз. 4. Немерем дүкен... нан әкелді. 5. Кеше апа... сөйлестім. 6. Қарындас... хат келді. 7. Балалар екі-екі... ойнады. 8. Үлкен адам... сәлем беру керек. 9. Біздер үлкен-дер... сыйлаймыз. 10. Мектеп... биыл баратындар... тізімі алынды.

3. Төмендегі етістіктерді үлгі бойын-ша көсемшеге айналдырыңыз.

Пользуясь образцом, трансформируй-те глагол в деепричастие.

Үлгі:
Образец: | жаз: жазып, жаза, жазғалы.

Жаз, бар, кел, айт, көр, бер, оқы, көтер.

4. 3-жаттығудағы көсемшелерді қа-тыстырып, үлгі бойынша жай сөй-лемдер құрастырыңыз.

Употребляя деепричастия 3-го упраж-нения, составьте простые предложе-ния по образцу.

Үлгі:
Образец: | Баласы әкесіне хат жазып отыр.

5. Төмендегі етістіктерді үлгі бойын-ша оның есімше түріне айналдыры-ңыз.

Пользуясь образцом, трансформируй-те глагол в причастие.

Үлгі:
Образец: | жаз: жазған, жазатын, жазар.

6. 5-жаттығудағы есімшелерді қа-тыстырып, үлгі бойынша жай сөй-лемдер құрастырыңыз.

Употребляя причастия 5-го упражне-ния, составьте простые предложения по образцу.

Үлгі:
Образец: | Баласы әкесіне хатты жиі жазатын.

7. «Табиғатты қорғау» деген тақы-рыпта шығарма жазыңыз.

Напишите сочинение на тему »Бере-гите природу».

Қайталаймыз

Повторим

1. Төмендегі сұрауларға жауап беріңіз:

- 1) Сөйлемдер жасалу құрылысына қарай қалай жіктеледі?
- 2) Жай сөйлемдер айтылу мақсатына қарай қалай бөлінеді?
- 3) Құрмалас сөйлемнің түрлерін атаңыз.

2. Төмендегі текстен хабарлы, сұраулы сөйлемдерді табыңыз.

Ответьте на следующие вопросы:

- 1) Как делятся предложения по структуре?
- 2) Как делятся предложения по цели высказывания?
- 3) Назовите виды сложного предложения.

Найдите в тексте повествовательные и вопросительные предложения.

Автовокзалда халық көп. Әркім әр жаққа жүріп жатады. Ойламаған жерден бір танысымды көрдім.

— Сен қайда барасың?— деп сұрады одан.

— Мен Орал қаласына барамын,— деп жауап берді ол.

— Онда кімге барасың?

— Онда туысым тұрады.

Жолаушылар осылай автовокзалдан күн сайын әр жаққа кетіп жатады.

3. Төмендегі сөйлемдерден бұйрықты, лепті сөйлемдерді теріп жазыңыз.

Выпишите побудительные, восклицательные предложения.

1. Әсия сурет салып отор. 2. Сен қалаға бар, ол осында қалсын. 3. Мен ағамның сөзін тыңдаймын. 4. Бүгін күн қандай тамаша. 5. Кешке сіз мектепке келіңіз. 6. Мына машинаның әдемісін-ай. 7. Радиодан соңғы хабарды естіп отырмын. 8. Сен осы жерде отыр, ол кетпесін. 9. Ауылда болу қандай рақат.

4. Мына тексті оқып, әрбір жай сөйлем айтылу мақсатына қарай қандай сөйлем екенін айқындаңыз.

Прочитайте и определите виды простого предложения по цели высказывания и эмоциональной окраске.

Таңертең немеремді ертіп далаға шықтым. Далада балалар көп екен. Немеремнің бірге ойнайтын досы Әскер де далада екен. Немеремді Әскердің қасына апарып былай дедім:

— Сен Әскермен бірге ойна. Басқа жаққа кетіп қалма.

— Ал өзің қайда барасың?— деп сұрады немерем.

— Мен қазір келемін.

Дала бүгін қандай жақсы!— дейді Әскер. Екеуі қызу ойынға кірісті. Қардан адам жасады. Екеуінің беттері қызарды.

— Ойындарың тамаша болды!— дедім мен екеуінің жанына келіп.— Сен, Әскер, ойнай бер, біздер үйге кеттік.— Бұған немерем ренжіп қалды.

5. Төмендегі тірек сөздер бойынша үлгіні пайдаланып мекендік қатынастағы сөз тіркестерін құраңыз.

Пользуясь опорными словами, составьте по образцу объектные словосочетания.

Үлгі: |
Образец: | *Үлкенді сыйлайды, ...*

Оқы, сыйла, жаз, қор, ал, бер, әкел, қай, сақта, же, пісір, төк.

6. Көрсетілген тірек сөздер бойынша үлгіні пайдаланып мекендік қатынастағы сөз тіркестерін құраңыз.

Пользуясь опорными словами, составьте по образцу словосочетания, указывающие место.

Үлгі: |
Образец: | *Алматыға барамын, ...*

Бар, кел, жет, апар, үш, түр, сөйлес, кет, бол, өс.

7. Берілген тірек сөздер бойынша үлгіге қарап мезгілдік қатынастағы сөз тіркестерін құрастырыңыз.

Пользуясь опорными словами, составьте по образцу временные словосочетания.

Үлгі: |
Образец: | *Кеш қайтты, ...*

Қайт, бар, оқы, дайындал, кел, қай, апар, көмектес, көрсет, қуан, құшақта, орында.

8. Төмендегі тірек сөздер бойынша үлгіге қарап анықтауыштық қатынастағы сөз тіркестерін құрастырыңыз.

Пользуясь опорными словами, составьте по образцу определительные словосочетания.

Үлгі: |
Образец: | *жақсы оқушы, ...*

Оқушы, жер, мектеп, алма, ана, байлық, ғалым, денсаулық, күтім, қаймақ, орман.

Оқимыз

Почитаем

1. Мына мәтінді оқып, соңындағы сұрақтар бойынша мазмұнын айтып беріңіз.

Прочитайте текст, раскройте его содержание, отвечая на вопросы данные в конце.

Біз қазақ тілінің грамматикасы мен фонетикасынан мәлімет алдық. Көптеген сөз, сөз тіркестері және сөйлемдер құрауды үй-

рендік. Енді өз ойымызды басқаға қазақша жеткізе алатын болдық. Бұдан кейін қазақша сөйлесуімізге болады. Біздің қазақ достарымыз көп, жұмыста бірге істейтін қазақ жолдастарымыз да бар. Біз олармен енді қазақша сөйлесеміз. Қызметте қазақша сөйлесуді керек ететін жағдайлар болып тұрады. Кейде бізге ақсақалдар да келеді, олар өз ойын орысша жақсы жеткізе алмайды. Енді біз олармен қазақша сөйлесеміз. Ақсақалдар оған өте риза болады.

Сұрақтар (вопросы):

1. Сіздер қазақ тілінен қандай мәлімет алдыңыздар?
2. Сіз көп сөз үйрендіңіз бе?
3. Сөз тіркесі мен сөйлем құрауды үйрендіңіз бе?
4. Қазір өз ойыңызды қазақша жеткізе аласыз ба?
5. Сіздің қазақ достарыңыз, жолдастарыңыз бар ма?
6. Қазақ достарыңызбен енді қазақша сөйлесесіз бе?
7. Арнайы келген, кездескен қазақ ақсақалдарымен енді қазақша сөйлесесіз бе?
8. Сіздің қазақша сөйлескеніңізге қазақ ақсақалдары қалай қарайды?

2. Төмендегі тексті оқып, аударыңыз.

Прочитайте и переведите текст.

Біз жазда демалысқа шығамыз. Әркім әр жаққа: біреулері курортқа, енді біреулері туыстарына барады. Кейбірі ауылға барғанды жақсы көреді. Мен де ауылға барғанды жақсы көремін. Ауылда жақсы демаласың, туыстарыңды көресің. Ақсақалдардың жақсы әңгімелерін естисің. Біз олардың ақылды сөздерінен үлгі аламыз, есте сақтаймыз. Ауылға барғанда, кешегі жас балалардың үлкен жігіт болып қалғанын көріп, қатты қуанасың. Кейде тіпті кейбірін танымай қаласың. Олардың біразы қазір ел басқарып жүр, үлкен азамат. Бәрі оқыған, еліне қадірлі. Қолдарынан көп іс келеді. Ауылдастардың жақсы ісін көргенде, көңілің көтеріліп, қуанасың.

3. Төмендегі тексті оқып, оның негізгі мазмұнын бірнеше сөйлеммен жинақтап беріңіз.

Прочитайте текст и выразите его основное содержание несколькими предложениями.

Қазақ тілін үйрендік, енді оны ұмытып қалмауымыз керек. Ол үшін жұмыс арасында, үйде, көшеде жүргенде қазақша жиі сөйлейтін болайық. Сонда үйренгенімізді ұмытпайтын боламыз. Қазақша кітап, газет, журналдар оқуымыз керек. Мұның бәрі қазақша сөз байлығымыздың көп болуына жәрдем етеді. Сөз байлығымыз көп болған сайын, жақсы сөйлейтін боламыз. Жақсы сөйлей білу мәдениетіміздің жоғары екенін көрсетеді. Мәдениеті жоғары адамдар көп тілді білуі қажет.

4. Тексті оқып, мазмұнын айтыңыз.

Прочитайте текст и расскажите его содержание.

Оқу жылы да бітіп келеді. Біз қазір қайталау сабағын — қыркыншы сабақты өтіп отырымыз. Көп жаңа сөздер үйреніп, сөз байлығымыз өсті. Енді біраз қазақша сөйлей алатын болдық. Қазақ

достарымды көргенде, олар менімен қазақша сөйлеседі. Мен де қазақша жауап беремін. Кейде тіпті өзіміз де бір-бірімізбен қазақша сөйлесеміз. Бұдан сөйлеу мәдениетіміз жақсарып, қазақша үйренуіміз жеңілдейді. Мен қазақша үйренген соң, ақсақалдар менімен көп әңгімелесетін болды. Мен өзім де олармен қазақша амандасамын. Ақсақалдар маған риза болып қалады. Бұған мен де қуанамын. Жазда ауылға барғанда, қазақ достарыммен қазақша сөйлестім. Тіпті қазақша ән айтып бердім. Олар маған өте риза болды.

Аударамыз

Переведем

Тексті қазақ тіліне аударыңыз.

Переведите на казахский язык.

- Санжар, кем ты хочешь стать?
- Я хочу стать металлургом.
- Почему ты хочешь выбрать эту профессию?
- Дело в том, что мой отец — металлург. Когда я учился в шестом классе, я первый раз пошел с ним на завод. Я хорошо помню этот день. Отец показал мне завод. Рассказал как делают металл, познакомил меня со своими товарищами. Потом я много раз приходил на завод. После школы я хочу поступить в институт и стать инженером — металлургом.

Сөйлесеміз

Поговорим

Төмендегі диалогтердің үлгілерін пайдаланып, өзара әңгімелесіңіз.

Поговорите между собой, используя образцы данных ниже диалогов.

1. — Азат, жазғы сессия басталды ма?
- Қазір зачет тапсырып жатқан шығарсындар?
- Дайындықтарың қалай?
- Кітапханада дайындаласындар ма?
- Қазір кітапханада адам көп пе?
- Онда емтиханды жақсы тапсырады екенсіңдер, солай ма?

- Басталды.
- Зачет тапсырып болып қалдық. Ертең емтихан басталады.
- Студенттер емтиханға жақсы дайындалып жатыр.
- Әрине кітапханада дайындаламыз.
- Қазір барлық студенттер кітапханада деуге болады.
- Дайындығымыз жақсы, емтиханды жақсы тапсырамыз деп ойлаймын.

2. — Райхан, демалысқа қашан шығасың?
- Мен демалысқа июль айында шығамын.
- Қайда демаласың?
- Туристік путевкамен Югославияға барамын.
- Югославияда неше күн боласындар?
- Югославияда 20 күн боламыз.
- Югославияны 20 күн аралайсындар ма?
- Жоқ, елді аралау алты күн, 14 күн Адриатика теңізінде демаламыз.
- Онда жақсы екен, саған сәт сапар тілеймін!
- Рәкмет.
3. — Қазақ тілін үйрену сабағы бітті ме?
- Осы сабақ — ең соңғы сабақ.
- Қазақ тілін қалай үйрендіңіздер?
- Қазақ тілін біраз үйрендік.
- Мұғалімдеріңіз қалай оқытты?
- Қазақша сөйлей білесіңдер ме?
- Ойымызды түсіндіре аламыз.
- Онда мұғалімдеріңізге ризасыздар ғой?
- Әрине, ризамыз, көп рақмет айтамыз.
4. — Оля, сен бұдан кейін қазақ тілін үйренуді жалғастырасың ба?
- Әрине.
- Қалай жалғастырасың?
- Кітап, газет, журнал оқимын.
- Таныс емес сөздер кездескенде, не істейсің?
- Ондай жағдайда түрлі сөздіктерді пайдаланамын. Әрине, осы қазақша оқуымызды әрі қарай жалғастыратын көмекші құралдар болса, қазақ тілін әрі қарай тереңірек үйренуіміз жеңілірек болар еді.
- Ондай көмекші құралдар шығатын болар деп сенеміз.

Жазамыз

1. Тексті оқып, негізгі мазмұнын жинақтап үш сөйлеммен жазыңыз.

Менің мамандық таңдауыма мұғалімінің әсері күшті болды. Мұғаліміміз — Салтанат Хамитовна класқа келгенде, бәріміз өте

Напишем

Прочитайте текст, выразите основное содержание тремя предложениями и напишите их.

қуанатынбыз. Салтанат Хамитовна класқа келіп, бәрімізге бір қарап шығады. Ол бізге бір қарағанда-ақ әр оқушыны түсіне қоятын. Салтанат Хамитовна жаңа сабақты түсіндіріп тұрғанда, бір бала қозғалмайды, класта тыныштық орнайды. Тек оқытушымыздың әдемі даусы ғана естілетін. Салтанат Хамитовна маған жақсы үлгі болды да, мен институтқа оқуға түстім.

2. Тексті бірнеше рет оқып мазмұндама жазыңыз.

Прочитайте текст несколько раз и напишите изложение.

Біздің совхозда облыс артистері жиі концерт қояды. Олардың тобында әншілер де, бишілер де бар. Артистер келгенде, біз қатты қуанамыз. Қлубқа халық көп жиналады. Концертті бастаушы адам залға шыққан кезде, жиналған халық қол соға бастайды. Концерт осылай басталып кетеді. Әндер айтылып жатады, билер биленіп жатады. Біз көңілденіп қарап отырмыз. Арасында әзіл айтылады. Біз күліп көңіліміз көтеріледі. Концерт біткенше, жұртшылық жақсы тындап отырады. Халық артистерге риза болып, алғыстарын айтады.

ҚАЗАҚША-ОРЫСША СӨЗДІК

Пословицы и поговорки (ПП) в словаре обозначены прямоугольником (□), а фразеологизмы (ФЕ) — ромбом (◆).

Перед ромбом (◆), прямоугольником (□) точка с запятой не ставятся; ромб ◆ и прямоугольник □ ставятся перед примерами ФЕ или ПП один раз, независимо от их количества в словарном составе.

Перевод казахских ПП и ФЕ осуществляется буквальным и вольным литературным переводом, образно передающим содержание оригинала.

А

АБАИТАНУ абаеведение.

АБЫРОЙ 1) честь; совесть; **абырой сақтау** сохранить честь, совесть; 2) авторитет; **абыройдан айрылмау** не терять авторитет.

АҒА старший брат; **аға жұмыстан келді** старший брат пришел с работы.

АҒАЙ дядя; **ағай қалада тұрады** дядя живет в городе.

АҒАЙЫНДЫҚ родство; **ағайындық көмек** родственная помощь.

АҒАРУ побелить **қар жауып, жер ағарды** после снега все побелело.

АҒАШ дерево; **жеміс ағашы** плодородное дерево; **алма ағашы** яблоня; **ағаш үй** деревянный дом.

АҒА-ІНІ братья; **аға-іні кездесті** братья встретились.

АДАЛДЫҚ честность, **адалдық — жақсы қасиет** честность — хорошее достоинство.

АДАМ человек ◆ **адам сияқты** по-человечески; **адам деген — ардақты ат** человек — это звучит гордо.

АДАМЗАТ человечество; **бүкіл адамзат** все человечество.

АЖЫРАТУ разлучать; **достарды ешкім ажырата алмайды** друзей никто не сможет разлучить.

АЗ мало; **ол аз сөйледі** он говорил мало.

АЗАМАТ гражданин; **ол азамат болды** он стал гражданином.

АЗАМАТТЫҚ гражданский; **азаматтық борыш** гражданский долг.

АЗДЫРУ довести до состояния истощения; **малды аздырмау керек** нельзя доводить скот до истощения.

АЗЫҚ продовольствие; **азық-түлік программасы** продовольственная программа.

АЙ 1) луна ◆ **жарық ай** светлая луна; **ай тұтылу** затмение луны; 2) месяц (*30 дней*); **өткен ай** прошедший месяц; **бір ай, бір күн** месяц и один день.

АЙДАЛА простор; безлюдная степь.

АЙҚАЙЛАУ кричать; **бала айқайлады** мальчик кричал.

АЙНАЛАСЫ вокруг; **Сәкен айналасына қарады** Сакен посмотрел вокруг.

АЙНАЛЫСУ заниматься чем-либо, приниматься за что-нибудь; **ол шаруашылықпен айналысып кетті** он занялся хозяйством; **ол малмен айналысты** он занялся скотоводством.

АЙТҚЫЗУ принудить, заставить говорить; **өлең айтқызды** заставил спеть песню.

АЙТУ сказать, говорить, рассказывать; **айтқан сөз** сказанное слово; **ол өз пікірін айтты** он сказал свое мнение.

АЙТЫЛУ страд.; **от айту**; **ол туралы айтылды** об этом говорилось.

АЙТЫС I состязание в импровизации; **халық ақындарының айтысы** состязание народных акынов.

АЙТЫС II прения, дискуссия; **айтыс сөз** прения.

АҚ белый; **ақ көйлек** белое платье; **ақ құс** белая птица.

АҚСАҚАЛ почтенный, старейшина; **ақсақал, келіңіз, отырыңыз** проходите, почтенный, садитесь.

АҚТАУ 1) оправдать; **айыбын ақтады** оправдал свою вину; 2) белить; **балалар класты ақтады** ребята побелили класс.

АҚША деньги, монета; **он сом** ақша денгиги в десять рублей.
АҚЫ плата; **еңбекақы** заработная плата.
АҚЫЛ ум; разум; **ақылды бала** умный мальчик □ **ақыл** — дос, ашу — жау ум — друг, гнев — враг.
АҚЫЛДАСУ посоветоваться; **біз ақылдастық** мы посоветовались.
АҚЫН поэт; **ақын өлең оқыды** поэт читал стихи.
АЛАЙДА однако; **алайда жаңбыр жауды** однако пошел дождь.
АЛАҚАЙ возглас, выражающий восторг, радость; **алақай, әжем келді** вот здорово, бабушка пришла.
АЛАҢ площадь; **Қызыл алаң** Красная площадь.
АЛАСА низко, низкий; **үйдің төбесі аласа** потолок дома низкий.
АЛҒА вперед; **колонна алға кетті** колонна пошла вперед.
АЛҒАШҚЫ первоначальный; **алғашқы вариант** первоначальный вариант.
АЛҒЫР способный; **алғыр бала** способный ребенок.
АЛҒЫС благодарность; **оқушыға алғыс жариялады** ученику объявили благодарность.
АЛДА впереди; **ол алда келеді** он идет впереди.
АЛДЫМЕН сначала; **алдымен институтқа барамын** сначала пойду в институт.
АЛМА яблоко; **алма бағы** яблоневый сад; **алма ағашы** яблоня; **алма иісі** аңқыды распространяется аромат яблок.
АЛМҰРТ груша; **адамдар күзде алмұрт жейді** осенью люди едят груши.
АЛПЫС шестьдесят; **бақта алпыс ағаш** в саду шестьдесят деревьев.
АЛТАУ шестеро; **біз семьяда алтауымыз** нас в семье шестеро.
АЛТЫ шесть; **алты сабақ** шесть уроков.
АЛТЫН золото; **алтын қор** золотой фонд; **алтын күн** золотое солнце.
АЛТЫНШЫ шестой; **алтыншы қатар** шестой ряд.
АЛУ брать; **біз кітап алдық** мы взяли книгу.
АЛЫП великан; **Сарыарканың алыбы** великан Сарыарки.
АЛЫС дальний, далекий//далеко; **алыс жол** дальний путь.
АМАН здоровый, благополучный, невредимый; **аман ба?** (или **аманбысың?**) здравствуйте; **аман бол** будь здоров.
АМАН-ЕСЕН аман-есенсің бе? ты жив и здоров?
АМАНДАСУ здороваться; **балалар амандасты** дети поздоровались.
АНА мать; **менің анам** моя мать □ **ананың ойы** балада, **баланың ойы** далада думы матери о детях, думы детей об играх.
АНАЙЫ 1) простой; 2) грам. **сен** (ты)— **анайы** түр простая форма (обращения); **Сіз** (Вы)— **сыпайы** түр вежливая форма (обращения); 3) грубый; **анайы** сөз грубое слово.
АНДА-САНДА иногда, время от времени; **анда-санда жаңбыр жауады** время от времени идет дождь.
АНЫҚТАУЫШ грам. определение; **сын есімнен болған анықтауыш** определение, выраженное прилагательным.
АҢ зверь; **аңға шықты** пошли на охоту.
АҢҚУ распространяться (о запахе); **алма иісі аңқыды** вьет ароматом яблок.
АҢШЫ охотник; **аңшы аңға шықты** охотник вышел на охоту.
АҢШЫЛЫҚ охота; **қысқы аңшылық** зимняя охота.
АПАЙ старшая сестра; **апай келді** пришла старшая сестра.
АПАРУ отвести, отвезти; **үйге отын апарды** отвезли домой дрова.
АР честь ♦ **арынды жастан сақта** береги честь с молодю.
АРАЛАС смешанный; **аралас мектеп** смешанная школа.
АРАСЫ между; **ауыл арасы** между сел.
АРҒЫ дальний, противоположный; **Ертістің арғы жағы** противоположный берег Иртыша.
АРДАГЕР уважаемый, ветеран; **ауыл ардагері** уважаемый человек аула.
АРДАҚТАУ оказывать почести; **ардагерлерді ардақтаймыз** оказываем почести ветеранам.
АРДАҚТЫ уважаемый, чтимый; **ардақты адам** уважаемый человек.
АРЗАН дешевый//дешево; **арзан мата** дешевый материал.
АРҚА 1) спина; 2) задняя сторона; **арқасы ауырады** спина болит; **арқамыз тау** позади горы.
АРҚАН 1) веревка; 2) трос, канат; **арқан тарт** тяни веревку.

АРҚЫЛЫ керез; орыс тілі арқылы керез русский язык.
АРЛЫ совестливый, стыдливый; арлы адам совестливый человек □ арлы арна қараса, арсыз жемдім дейді честного совесть удерживает, а бессовестный себя победителем объявляет.
АРМАН заветная мечта, цель; халық арманы мечта народа; орындалған арман исполненная мечта.
АРНАЙЫ специальный, арнайы комиссия специальная комиссия.
АРНАУ посвящать; жазушылар Жеңіс күніне кітап арнады писатели посвятили книги Дню победы.
АРТҚА назад; ол артқа қарай жүрді он пошел назад.
АРТТА позади; ол артта келеді он идет позади.
АРТЫҚ 1) лишний; артық жүк лишний груз; 2) лучший/лучше; сенен артық жан тумас (*Абай*) лучше тебя никого нет.
АРУ I. ослабевать, уставать, истощаться; күн санап арып сала берді ослабевала с каждым днем.
АРУ II. фольк. красивая; миловидная; ару қыз красивая девушка.
АС еда □ **ас** — адамның арқауы еда человеку силу даст.
АСА свыше, очень; жүзден аса свыше ста; аса биікте очень высоко.
АСПАЗ повар; аспаз тамақ пісірді повар приготовил пищу.
АСПАН небо; көк аспан синее небо; аспанмен тілдескен возвышается до неба.
АССАЛАУМАҒАЛАЙҚУМ здравствуйте (*восточное приветствие*).
АСПАПТЫ инструментальный; аспапты оркестр инструментальный оркестр.
АСТАНА столица; мен астанада тұрамын я живу в столице.
АСТЫ низ; столдың астында под столом.
АСТЫҚ зерно, урожай; жаңа астық новый урожай.
АСУ перевалить; біз шарбақтан асып түстік мы перевалили через забор.
АСЫҒУ торопиться, спешить; студент асығып келеді студент торопится.
АСЫЛ драгоценный; асыл тас драгоценный камень.
АТ I лошадь, конь; атқа қонды сел на коня □ **ат** — адамның қанаты конь — крылья человека.
АТ II имя; сенің атың — Серік твое имя Серик.
АТА дедушка; ата демалып отыр дедушка отдыхает.
АТАҚ звание; құрметті атақ почетное звание.
АТАҚТЫ знаменитый; атақты жазушы знаменитый писатель.
АТАУ I называть по имени, упоминать; менің атымды атады называли мое имя.
АТАУ II г р а м. атау септік именительный падеж.
АТҚАРУ исполнять, выполнять; міндет атқару исполнять обязанности.
АТТАНУ отправляться; майданға аттанды отправился на фронт.
АТТАУ перешагивать; арықтан аттады перешагнул через арык; табалдырықтан аттады перешагнул через порог.
АТУ стрелять; мылтық атты выстрелил из ружья.
АУА воздух; таза ауа чистый воздух.
АУА РАЙЫ погода; ауа райы жақсы погода хорошая.
АУДАН район; алыс аудан отдаленный район.
АУДАНДЫҚ районный; аудандық мекеме районное учреждение.
АУДАРМА перевод, переводный; аударма әдебиет переводная литература.
